

Б. Ш. Әбдіманапов, А. У. Әбліғазиев

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ

Жалпы білім беретін мектептің 5-сынып оқушыларына
арналған оқулық

5

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамура» 2017

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 20/28 я 72
Ә 14

*Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
бекіткен негізгі орта білім беру деңгейінің 5-б-сыныптарына
арналған «Жаратылыстану» пәннің жаңартылған мазмұндагы
Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.*

*Сарапшы: С. Е. Нұркенова, тренер, «Өрлеу» Біліктілікті арттыру үлттых
орталығы» АҚ-ның филиалы ШҚО-ы бойынша педагогикалық
қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты*

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:



СҮРЕТ АРҚЫЛЫ БЕРІЛГЕН
ТАПСЫРМАЛАР



ТОПТЫҚ ЖҰМЫС



ЖАЗБА ЖҰМЫСТАРЫ



ЖОБА ҚОРҒАУ



САРАМАНДЫҚ ЖҰМЫС



ӨЗІНДІК ЖҰМЫС



КҮРДЕЛІ ТАПСЫРМАЛАР



ҒЫЛЫМ ТАРИХЫНАН ҮЗІНДІ



ҰФЫМДАР, ТЕРМИН СӨЗДЕР



ЕСІНДЕ САҚТА



ҚЫЗЫҚТЫ

Әбдіманапов Б. Ш.

Ә 14 Жаратылыстану: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған
окулық/Б.Ш. Әбдіманапов, А.У. Әбілғазиев. – Алматы: Атамұра, 2017. –
208 бет.

ISBN 978-601-306-733-9

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 20/28 я 72

ISBN 978-601-306-733-9

© Әбдіманапов Б.Ш., Әбілғазиев А.У., 2017
© Атамұра, 2017

ҚҰРМЕТТІ ЖАС ДОСТАР!

Бұл оқулық айналамызыңды қоршаған табиғаттың тылсым тіршілігін, ондағы болып жатқан қызықты да қупиясы мол құбылыстарды тереңірек оқып-үйренсем деген өздерің сияқты алғыр балаларға және оқу барысында табиғи ортадағы құбылыстарға бақылау жасап, тәжірибе жүргізу арқылы терең білім алсам, көп білсем деген оқушыларға арналған.

Мектепте жаратылыстану ғылымының – физика, химия, биология, география, астрономия сияқты жеке салалары да оқытылады. Біздің пәніміз табиғатты танып білудің көп қырларын ашуға көмектеседі. Жаратылыстану ғылымдарының арасындағы физикалық, химиялық және биологиялық құбылыстар мен өзара терең байланыстарды жаратылыстану пәні арқылы түсінетін және сезінетін боламыз.

Оқулықты тыңғылышты оқып-үйренгендерінді сабак барысында және құнделікті өмірде де өз қажеттеріце жарататын болындар.

Оқу барысында табиғатта болатын өзгерістер мен олардың арасындағы байланысты ұғынып, жаратылыстанудың заңдылықтарымен танысадын боласындар. Берілген материалдарды игеру, біріншіден, өздеріце байланысты, яғни құнделікті берілген тапсырмаларды оқып, зерттеп, бақылау жасап, уақытында орындалап отыру қажет.

Тұжырымдар мен нұсқаулар, міндettі түрде түсініп оқуды қажет ететіндіктен, көлденең сзызықпен көрсетілген.

Сурақтар мен тапсырмалар, тәжірибе және сарамандық жұмыстар шартты белгілермен көрсетілген.

Жаңа түсініктер мен терминдер жаттығуға оңай болсын деп арнайы шрифтпен (курсив) жазылған. Олардың біразы оқулықтың аяғында «Жас табиғаттанушы» атты сөздікте түсіндірілген.

Оқытылатын тақырыптарға арналған қосымша материалдарды жаттап алу шарт емес, олар жалпы дүниетанымынды кеңейтуге негізделген.

Оқулықтың соңында интернет-ресурстары берілген. Ол қажетті деген қосымша материалдарды тез табуға көмектеседі.

Біз сендердің «Жаратылыстану» пәні арқылы дүниетанымда-рынды дамытып, жетілдіре түсулеріце тілекtespіz!

I БӨЛІМ. ҒЫЛЫМ ӘЛЕМІ



- ★ Ғылымның рөлі
- ★ Зерттеу жұмыстары
- ★ Зерттеуді жоспарлау
- ★ Деректерді жинау және жазу
- ★ Деректерді сараптау
- ★ Қорытынды және талқылау

§ 1. ҚОРШАҒАН ДҮНИЕНІ ТАНЫП БІЛУДЕГІ ФЫЛЫМНЫҢ РӨЛІ



Жаратылыштану пәні нені үйретеді?
Жаратылыштышылар деп кімдерді айтады?

Қоршаған дүниені оқып-үйренудің жаратылыштану фылымында алатын орны.

Табиғатты оқып-үйрену деген не?
Табиғатты оқып-үйрену не үшін қажет?

Фылым
Наука
Science

Жаратылыштану
Естествознание
Natural

Фалым
Ученый
Scientist

Әркениет
Цивилизация
Civilization

Бұгінгі күні адамдардың өмірін фылымсыз және оның жетістіктерінсіз кез алдымызға елестету мүмкін емес. Адамзаттың әркениетті дамуының алғышарттының бірі – ол рухани және материалдық дамуды жүзеге асыру. Адамзат өзінің даму тарихында фылыммен жүйелі айналысадының нәтижесінде әркениеттің қазіргі даму деңгейіне жетті.



Фылым – адамдардың айнала қоршаған дүние туралы жаңа деректерді анықтауына және оған дейінгі жинақталған білімді ары қарай тереңдете зерттеуіне бағытталған жұмысы. Фылымның басты мақсаттарының бірі – айналамызыдағы **табиғи құбылыстар мен үдерістерді анықтау**, жазу, түсіндіру. Барлық фылым шартты түрде 2 топқа бөлінеді. **Жаратылыштану** (табигат туралы) және **қоғамдық** (қоғам туралы) фылымдар.

Табиғатты зерттеп білу деген не? Табиғатты зерттеп білу – бізді қоршаған ортаны: өсімдіктер, жануарлар, климат, ауа, су, топырақ т.б. даму заңдылықтарын менгеру. Адам да табиғаттың бір белігі екені өздеріце белгілі.

Адамдар ғасырлар бойы табиғатты танып білу үшін ұдайы зерттеулер жүргізіп, жаңалықтар ашумен болды. Алған білімдерін сараптай отырып, табиғатпен үйлесімде өмір сүруге бейімделді.

Жаратылыстану ұғымы *жаратылыс* (табиғат) және *тану* (білу) деген екі сөздің жиынтығы.

Заманауи жаратылыстану *физика, химия, география, астрономия, биология* ғылымдарының жиынтығынан құралған (1-сурет). Жаратылыстану сабакында табиғат туралы көбірек білім алсаң, жоғары сыныптарда сабак жеңіл және қызықты өтеді.



1-сурет. Жаратылыстану ғылымдары



Жаратылыстану ұғымы 3000 жыл бұрын пайда болған. Ол кезеңдерде физика, биология, география ғылымдары болмagan. Тенізде жүзу мен сауда-саттықтың дамуы нәтижесінде *география* және айналасын бағдарлау қажеттілігінен *астрономия* ғылымының дамуына серпіліс берді. Техниканың дамуы *физика, химия* ғылымдарының еркендеуіне әсер етті.

Ежелгі адамдардың білімі. Адамдар ежелден тірі табиғатты танып білуге тырысқан. Алғашқы адамдар аң аулаумен және терімшілікпен айналысқан. Бұдан 20 мың жыл бұрын табиғатпен етене өмір сүрген алғашқы адамдар өздерінің айналасындағы жануарлардың тіршілігі жайлы көп нәрсені білген. Оны жартастарға салынған жануарлардың суреттерінен байқауға болады (2-сурет).

Аристарх Самосский дүниенің ортасында Күн орналасқан деп білді. Никеядан шыққан Гиппарх Күннің және Айдың қозғалысы туралы маңызды есептерді шығарып, Айдың орбитасын сипаттап, 1000 жүлдyzдан тұратын «Жұлдыздар каталогын» құрастырды.



2-сурет. Ежелгі адамдардың жартастарға салған суреттері

 Жартастарға салынған таңбалы тас суреттері туралы мәліметтер іздестіріндер. Суреттен ненің бейнесін көріп отырысыңдар? Сол заманғы адамдардың өмірінде ол қандай рөл атқарды?

Ежелгі дәуір ғалымдары. Ежелгі дәуірдің өзінде ғалымдар бірнеше ғылыммен қатар айналысты. Олардың түсініктері жанжақты болғандықтан, ондай ғалымдарды **энциклопедияшы-ғалымдар** дейді.

Александрлық астроном, географ және философ **Эратосфен Жер белдеуі** шеңберінің ұзындығын есептеп шығарды. Әйгілі грек астрономы, географ, математик және философ **Клавдий Птолемей** планетарлық геоорталық жүйесін жасады («Птолемей жүйесі»).



Ш. Ұәлиханов – қазақтың ұлы ғалымы, ориенталист (шығыстанушы), тарихшы, этнограф, географ. Шоқан Жетісу, ыстықкөл аймағының фаунасы мен флорасын зерттеді. ыстықкөлдің картасын жасауға қатысты.

Герард Меркатор бірінші болып Жер шарын тегіс картага түсіру жасады.

Галилео Галилей 32 есе үлкейтіп көрсететін телескопты ойлап шығарып, Юпитердің 4 серігі барын дәлелдеді. Құн бетіндегі дақтарды, Сатурнның сақинасын ашты.

Исаак Ньютона бүкіләлемдік тартылыш заңын ашты, механика және оптиканы зерттеді.

Карл Линней өсімдіктер мен жануарларды түрге және топқа бөлудің классификациясын жасады.

Михаил Васильевич Ломоносов физика және химия салаларында тың жаңаңылтытар ашты.

Чарлз Дарвин адам маймыл тәрізділерден жарапған деген гипотезаны ұсынды.

Жаратылыстану ғылымдарының дамуына Батыс және Шығыс оқымыстылары көп еңбек сіздірді. Олардың жүлдізды аспанды бақылаушы және ірі обсерваторияның негізін қалаушы ретінде даңқы шықты.



3-сурет. Әл-Фараби.



4-сурет. Әл-Бируни.

Атақты ойшыл-ғалым Әбу Насыр әл-Фараби (870–950) бірнеше тілді менгерген, философ және энциклопедияшы-ғалым болды. Қазақстандағы Отыrap (Фараб) қаласында дүниеге келген ғұлама, өзінің «Фылымдарды жіктеу» деген еңбегінде математиканың салалары – арифметика, геометрия және оптика, математикалық астрономия, музика туралы көзқарасын жазып қалдырыды. Алғашқылардың бірі болып жұлдыздарды зерттеп, ең ірі обсерваторияны салып, өлшеу құрал-жабдықтарын ойладып шығарды.

Әл-Бируни (973 – шамамен 1050) – ұлы оқымысты-энциклопедияшы. Астрономия, география, физика, математика, геологиядан 150-ге жуық еңбек жазған. Бирунидің конструкторлық шеберлігіне диаметрі 5 метрлік астрономиялық құрал-саймандары дәлел. Бируни – Күн мен жұлдыздарды жалын шашқан шар десе, планеталар мен Айды Күн сәулесін шағылыстыратын қою-қошқыл деңелер деген. Бируни Құсқолы галактикасын жүлдемдердің шогыры деп есептеп, метеорит жаңбырларына алғаш рет сипаттама берді. Оның өз заманындағы оқымыстылардан бір ерекшелігі – Жердің Күнді айналатындығы туралы өз ойын білдіруі.

Поляк оқымыстысы Николай Коперник (1473–1543) адамдардың гарыш туралы түсінігіне үлкен өзгерістер алып келді. 1543 жылы «Аспан денелерінің айналымы» деген еңбегінде Жер және басқа планеталар Күнді айналады деп жаңа теорияны түпкілікті қалыптастыруды (5-сурет).



Н. Коперник ескерткішінің қа-быргасындағы «Ол – Күнді тоқтатып Жерді айналдырушы» деген жазуды қалай түсіндіцер? Ойла-нып, жауап беріңдер.




5-сурет. Николай Коперниктің Варшавадағы ескерткіші

Сұрақтар мен тапсырмалар

- «Фылым», «жаратылыстану» үгымдарының мағынасын түсіндіріңдер.
- Ежелгі заманда және орта гасырдағы ғылым қалай дамыды? Қазіргі кездегі жаратылыстану ғылымдары қандай зерттеу жұмыстарымен айналысада? Ойланып, жауап беріңдер.
- Ежелгі дәуір және Шығыс галымдарының ғылымды дамытудагы рөлі. Олар бізге қандай құнды деректер қалдырып кетті?
- Ежелгі заман және орта гасырдагы галымдар мен ғылыми жетістіктер туралы эссе жазындар.



§ 2. ТАБИГАТТЫ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ӨЛШЕМ ЖҮРГІЗУ



Әдіс Метод Method	Жоба План Plan	Ізденис Исследование Research	Ереже Правила Rule	Табиғат Природа Nature
-------------------------	----------------------	-------------------------------------	--------------------------	------------------------------

Табиғатты оқып-үйренудің негізгі әдісі – табиғатта болатын құбылыстар мен үдерістерді мұқият бақылау. Бақылаудың нәтижесінде біз есімдіктер мен жануарлардың тіршілігі, жыл маусымдарына байланысты ауа райының өзгерісі туралы білімімізді толықтырамыз.

Зертханада әртүрлі тәжірибелер (лат. *experimentum*) жүргізіледі. Тәжірибе жасау барысында адам табиғи құбылыстырды жасанды жолмен туындалады. Мысалы, заттың қызыуы барысында зерттеу нысанының өзгерістерін бақылайды. Ежелгі заман адамына есептеу өнерімен қоса, өлшеуді де біртіндең үйрену қажет болды. Қазіргі кездегі бақылау әдістері түрлі арнайы құралдар арқылы жүргізіледі (6-сурет).



Телескоп



Желбагар




Термометр



Микроскоп



Гигрометр



Метеоспутник

Бұлттылықты
өлшемдердің күралы

Метеозонд

б-сурет. Табиғатқа бақылау жасайтын құрал-жабдықтар



Оқулық мәтінін және басқа ақпарат көздерін пайдаланып, суреттегі құралдар арқылы нені бақылауга болатындығына жауап іздеңдер.

Сенің бойыңның ұзындығы қанша? Салмағың қанша? Сағат неше? Көшпедегі температурานың көрсеткіші қандай?

Күн сайын біз әртүрлі өлшем бірліктерін пайдаланамыз. Өлшеу аспаптары арқылы өлшемдерді анықтаймыз (7а, ә-суреттер).



a)



Таразы



Сызғыштар

Электрондық
рулетка

Рулетка



Өлшем цилиндрі

7, а-сурет. Өлшеу аспаптары

a)



Секундомер



Термометрлер



7, ә-сүрет. Өлшеу аспаптары

1. Таразының көмегімен сөмкеңнің салмағын өлшеп көр. Ишіндегі заттарын қоса өлшегендегі және рұқсат етілген салмақтың сөйкестігін анықта?

2. Өз қолыңың тамыр согуын байқап көр. Бір минутта қанша рет согатынын есепте. Жаңындағы достарыңың нәтижесімен салыстырыңдар.

3. Өлшегіш лента арқылы бір-біріңнің бойларынды және қолдарыңың ұзындықтарын өлшендер. Бұл өлшем арқылы қандай заңдылықты анықтауга болады?

Өлшем бірлігінің пайда болуы. Сендер бір затты өлшегенде кез келген тұрақты өлшем бірлігінің біреуімен салыстырасыңдар. Мысалы, метр. Мұндай өлшемді өлшем бірлігі деп атайды.

Алғашқы өлшем бірлігі дene мүшелеңінің ұзындығымен есептелінді. Ежелі египеттіктер ұзындық өлшем бірлігіне шынтақтың, алақан мен саусақтың (саусақтың ені және қалындығы) ұзындықтарын пайдаланған.



Қазақ дәстүрінде де қашықтықты, ұзындықты, биіктікті өлшейтін шамалардың түрлері көп. Олардың бірнешеуімен танысыңдар.

Қарыс – бас бармақ пен ортан саусақ аралығымен өлшенетін ұзындық өлшемі (шамамен 19–20 см) бірлігі.

Сүйем – бас бармақ пен сүқ саусақ аралығымен өлшенетін халық өлшем (бір сүйем 4 елі – бармақ пен саусақты керіп, оған төрт саусаққа қырынан қатар қойып өлшеу). Ол кере созылған бас бармақ пен сүқ саусақ ұштарының арасына тең (17–18 см).

Елі – саусақтың көлденең ені. Ұзындықты, қалындықты білдіретін сүқ саусақтың еніне тең ұзындық бірлігі (2 см).

Қадам – адамның бір адымына тең ұзындық (60 – 70 см) бірлігі.

Батпан – Ресейдің шет аймақтарында (негізінен азиялық бөлігінде) пайдаланылған салмақ бірлігі. Көне орыс жазбаларында ол 10 фунтқа тең делінеді. Ал көне түрік сөздігінде батпан 180-нен 300 кг аралығындағы салмақ өлшемі.


Табан – Ресейде 17–20 ғасырларда қолданылып келген ағылшын футы (*foot – табан*) байыргы қазақ өлшемі «табанга» жықтау келеді.

Бармақ елі – қалыңдығы бармақтың еліндегі (мөлшер). Сондай-ак, ағылшының дюйм (*голландша – үлкен саусак*) өлшемі қазақ халқының байыргы «бармақ» өлшеміне («Бармақ елі қазы») сәйкес келеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Табиғатқа бақылау жүргізудің ережесін сақтау керек дегенді қалай түсіндідер?
2. Тәжірибе не үшін жүргізіледі?
3. Жергілікті жердегі бір нысанның (өзенге, көлге) географиялық жағдайна сипаттама жазылдар: 1. Көлдің немесе өзеннің атауы. 2. Географиялық жағдайы. 3. Ағынды немесе ағынсыз. 4. Жануарлар дүниесі. 5. Шаруашылықта пайдаланылуы (кеме қатынасында, балық аулауда, өнеркәсіpte, егіншілікте т.б.). 6. Экологиялық жағдайы.

§ 3. БАҚЫЛАУДЫ ӨҢДЕУ ЖӘНЕ САРАПТАУ



Сараптау
Анализ
Analysis

Салыстыру
Сравнение
Compare

Болжау
Прогноз
Forecast

Климат
Климат
Climate

Табиғи ортаны бақылау нәтижесіндегі деректерден қандай да бір пайдалы ғылыми нәтиже алу үшін **өндейді және сараптайтын**.

Бақылау нәтижесін өндеп, сараптама жасау үшін мақсаты – бақылау барысындағы фактілер мен құбылыстарды жалпылама түсіндіру. Ол үшін жеке бақылау нәтижелері жинақталып, салыстырмалы түрде қорытынды жасалады. Алғашында, жеке бақылау мәліметтері (аяу температурасы мен ылғалдылық,

бұлттылық, желдің жылдамдығы, Ай фазаларының өзгеруі т.б.) нәтижелері өндөледі. Екінші кезеңде жеке бақылау нәтижелері біріктіріліп, салыстырылады және қорытындыланады.

Бақылау нәтижелерін өңдеуді аяқтағаннан кейін жазбаша есеп беру керек. Есепке жұмыстың мақсаты мен міндеті, бақылау құралы және әдісі, бақылаушылар және бақылау нәтижелерінің деректері енгізілуі қажет.

Бақылау нәтижесіндегі ақпарат мына түрде беріледі:

- Мәтін ретінде, құбылысты немесе үдерісті сипаттау немесе бір факт туралы жазу;
- Кесте ретінде сандық нәтижелер енгізіледі;
- График/диаграмма ретінде геометриялық пішіндер арқылы құбылыстың дамуы және қасиеті белгіленеді.

1-кесте

Астана қаласының ауа райы

	Ауа райының сипаты, атмосфералық құбылыс	Ауа температуrasesы, °C	Атм. қысым., мм рт. бағанасы	Жел, м/с	Ауаның ылғалдылығы, %	Сезілуі, °C
6:00	Ашық	+14	728	с 3	73	+14
12:00	Бұлтты	+22	720	с 4	38	+21
15:00	Қю бұлтты	+23	712	с 4	33	+22
21:00	Ашық	+20	725	с 3	41	+20


1. 1-кестеге қараң, Астана қаласының метеорологиялық көрсеткіштерінің өзгеру барысына мән беріңдер. Қалай және неге ауа температурасы өзгереді? Аспан қандай болып түр?

2. Астана қаласының ауа ылғалдылығы қалай төмендейді? Не себепті 12 және 15 сағат аралығында Астананың ауа ылғалдылығы ең төмен нәтиже көрсетеді? Ол неге байланысты?

Сұрақтар мен тапсырмалар.

- Бақылаудың деректерін сараптау дегеніміз не?
- Қажетті деректерді жинау ережесін атап беріңдер.
- Ауа райын болжау не үшін қажет?

II БӨЛІМ. ҒАЛАМ. ЖЕР. АДАМ



- ★ Мегаәлем, макроәлем, микроәлем
- ★ Жер туралы жалпы деректер
- ★ Жердің қабаттары және құрамдас бөліктері
- ★ Жердегі тіршілік
- ★ Жер бетін суреттеудің әдістері
- ★ Материктер мен мұхиттар
- ★ Халықтар географиясы

§ 4. ЖҰЛДЫЗДЫ АСПАН



СЕНДЕР ВАСЕТИН:

СЕНДЕР ТИРЕНСІДЕР:

КУСТАРИНЕ
ТҮСІРІНДЕР:

Астрономияғылымы нені зерттейді?
Мегаәлем, макроәлем, микроәлем, әлем кеңістігі,
галактика, жұлдыз дегеніміз не?

Жұлдыздар мен шоқжұлдыздарды бір-бірінен
ажыраты білу.

Аспан және көкжиек деп нені атایмыз?
Фарышты және Жердің айналасын оқып-үйрену не үшін
қажет?

Бұқіл әлем (ғалам)
Вселенная
Universe

Галактика
Галактика
Galaxy

Жұлдыз
Звезда
Star

Ашық, бұлтсыз түнде құрал-жабдықты пайдаланбай, аспан әлемінде жарқырап тұрган сансыз жұлдыздарды көруге болады. Жұлдызды аспанның негізін қызып, балқып тұрган газды шарлар – жұлдыздар құрайды. Бұл – әртүрлі пішіндегі, бір-біrine үқсамайтын аспан денелері. Арасында кішкентай және өте үлкен алып жұлдыздар бар. Жұлдыздар біздің Күн сияқты жарық және қызып, балқып тұрады. Арасында Күннен де үлкен жұлдыздар кездеседі.



Фарыштық денелердің дамуын және құрылышын астрономияғылымы зерттейді (грек. *astro* – жұлдыз және *nomos* – зан).

Мындаған жылдар бұрын адамдар жарық жұлдыздарды ойша топтастырған. Шоқжұлдыздардың орналасу реттілігінің сыртқы пішіні белгілі бір нәрсеге үқастығын ескеріп, оларға жануарлардың, азыз-әңгімелеге арқау болған басты кейіпкерлердің аттарын берген. Соның нәтижесінде, бізге таныс Темірқазық, Ақбозат, Көкбозат, Таразы, Айдахар, Жолбарыс, Жетіқарақшы және Үркөр, Торпақ, Пегас сияқты шоқжұлдыздар т.б. пайда болды. Қазіргі кезде астрономдардың есептеуі бойынша 88 шоқжұлдыз бар.



Жұлдыз – бірнеше мың градус температурага дейін қызып, балқып тұрган, Жерден өте алыста орналасқан газды шар.

Шоқжұлдыздар – жұлдызды аспанның бір бөлігінде топтасып орналасқан жұлдыздардың жиынтығы. Сыртқы пішіндеріне байланысты әртүрлі азыз кейіпкерлерінің, жануарлардың немесе заттардың аттары берілген. Атап өтетін болсақ, Жетікарақшы, Үркөр, Айдаңар, Сілеусін, Керік, Цефей, Кассиопея және зодиактың 12 шоқжұлдызы (Қой, Сиыр және т.б.).

Зодиактың белгілері (грек тіл. – «жануарлардың шеңбері») он екі зодиак шоқжұлдыздарының атынан құралған. Туган айыңа қарап өз белгінді жұлдызномадан анықтауға болады (8-сурет).



8-сурет. Зодиак жұлдыздарының белгілері

Дәптерлеріңе зодиактың 12 шоқжұлдызының жазып алындар. Осыған қарап, өздеріңің шоқжұлдыздарынды табындар. Сенің жұлдызың інені білдіреді? Өзіңің шоқжұлдызының суретін дәптеріңе сал.

Ашық, айсыз түнгі аспанда сансыз көп жұлдыздар жарқырап көрініп тұрады. Олардың көрінетінін, көрінбейтінін жинақтаған адамдар **бүкіл әлем** немесе **галам** деп атайды (9-сурет). Бүкіл әлемнің үлкендігі сондай, оны біздің қолданып жүрген өлшем бірлігімен есептеп, шегарасын анықтау мүмкін емес. Бұндай шексіз арақашықтықты **жарық жыл өлишемімен** есептейді.



Бүкіл әлем (Фалам) – уақыты мен кеңістігі ақыл өлшеміне симайтын шексіз, бізді қоршап тұрған материалды дүние. Жерге жақын (жер атмосферасынан тысқары орналасқан кеңістік), планета, жұлдыз, галактика аралық, жеке аспан денелері бар (жұлдыздар, планета, астероидтар, газ және шаңтозаңдар) кеңістік.

Жарық жылы – жарықтың бір жылда кесіп өтетін арақашықтығы.



9-сурет. Фарыш кеңістігі – көптеген галактиканың жиынтығы.

Біздің әлеміміз сансыз көп жұлдыздар мен планеталардан және шаң-тозаң мен газдан тұрады.

Аспандағы көптеген жұлдыздардың жиынтығы – **галактиканы** құрайды.

Біздің галактикамызды **Құсқолы** деп атайды.

Галактиканың құрамында миллиондаған жұлдыз бар. Әрбір жұлдызың Күн сияқты өзінің жүйесі бар.



Планета, шоқұлдыз және галактика ғарыштық масштабтағы өте үлкен әлем – **Мегаәлемді** қалыптастырыады. **Макроәлем** – нысандар әлемі, өлшемі жағынан микроәлем нысандарынан анағұрлым үлкен. Макроәлем нысандарына жануарларды, өсімдіктерді және адамды жатқызуға болады. «Микро» сөзі өте ұсақ заттарға айттылады. **Микроәлемге** – **молекула**, атом және ұсақ **бөлшектер** жатады. Бұл нысандар өте ұсақ болғандықтан жай көзге көрінбейді.



Не себепті біздің галактикамыз Құсқолы деп аталады?



Сұрақтар мен тапсырмалар.



- Сөздікті пайдаланып, тәмендегі жұлдыздардың қазақша атауын табыңдар: Полярная звезда, Большая и Малая Медведица, Венера, Красная планета.
- Ежелгі керуеншілерге бағытты анықтауда жұлдыздардың қандай көмегі болды?
- Бүгінгі күнгі ғарышкерлік туралы жазылған әдебиеттерден ғалам, галактика туралы қандай жаңалықтар оқыдыңдар?

§ 5. КҮН ЖӘНЕ КҮН ЖҮЙЕСІ



Өсімдіктердің, жануарлардың және адам өміріндегі Күннің рөлі.

Күн жүйесінің құрамына не кіреді?

Күн жүйесіндегі планеталарды салыстыру.

Күн жүйесі қай галактикада орналасқан?
Жұлдыз дегеніміз не?

Планета
Планета
Planet

Орбита
Orbita
Orbit


Күн – жер бетіндегі жарық пен энергияның көзі. Сондықтан да адам және оны қоршаган табигат күн жарығының әсерінен тіршілік етуде. Егер Күн болмаса, жер бетінде жарық болмас еді, себебі Жердің жарық бөліп шығару қабілеті жоқ. Күн сөүлесінің қуаты болмаса адамдар мен жануарлар, өсімдіктер өмір сүре алмаған болар еді.



Күн – табигаттағы ерекше жаратылған сансыз көп жұлдыздардың бірі, жерге ең жақын орналасқан жұлдызы.

Күн – балқыған ыстық газды, жарқырап тұрған өте үлкен шар. Күн жүйесіндегі ең үлкен **аспан денесі**. Галактика шеңберінде күннің өлшемі орташа деп есептеледі. Күннен де үлкен жұлдыздар бар, алайда, олар өте қашық орналасқандықтан жарқырап тұрған нүкте сияқты көрінеді. Күн мен Жердің орташа арақашықтығы 150 млн шақырым.

 Күн бетіндегі температура – өте жоғары. Оның бетіндегі **қою дақтарда** температура біршама төмендеу. Күннің ішінде үдайы ядролық реакция жүргендіктен өте көп энергия бөлініп шығады (10-сурет).



10-сурет. Күннен жарқылдың бөлініп шыгуы



- Сөздіктен «Күннің жарқылы» үгымын табыңдар?
- Бастан күн мен ыстық өтпеу үшін не істейу керек?



Күнге еш уақытта тұра қарауга болмайды, себебі күшті жарық көзге зиянын тигізеді.

Күн жарқырап шуагын шашып, жылу береді. Өсімдіктер күзде және қыста өсуін уақытша тоқтатып, көктемде күн жылынғанда қайтадан өсе бастайды.



Күннің жарығы мен жылуы – өсімдіктерге қажетті негізгі энергия көзі. Күн қуатының нәтижесінде өсімдіктер атмосфераны оттегімен байтып, адамдар мен жануарлардың өмір сүруіне мүмкіншілік жасайды. Тасқомір, мұнай және шымтезек – түрлі өзгерткен өсімдік қалдықтары. Оларды жағу арқылы адам Күннің сақталған қуат қоймасынан қажетті жылу алады. Осы энергия арқылы үйлерімізді жылтытамыз, көлік, зауыт, фабрика және электрстансыларының жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі.




11-сурет. Күн батареялары – үйдің энергия көзі



Күн батареяларынан алынған энергия – жасыл энергия деп аталады (11-сурет). Не үшін олай аталатынын ойланындар. Кемір және газ жаққаннан гөрі оның тиімділігі неде? Салыстырындар.

Күн жүйесі Күннен және оны айнала қозғалып жүрген планеталардан тұрады. Күн жүйесіне сегіз планета кіреді: Меркурий, Шолпан, Жер, Марс, Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун (12-сурет). Бұлардан басқа бұл жүйеге планетаның серіктегі, астероидтар, кометалар және метеорлар да жатады.



12-сурет. Күн жүйесінің планеталары



Күн жүйесі планеталарының орналасуын дәптерлеріңе сыйып алып, жанына аттарын жазындар. Сөздіктен «планета» сөзінің мағынасын жазып алындар.

Күн жүйесінің орталығы – Күн. Планеталардың өзде-рінен жарық шығару қасиеті жоқ. Күннен түскен сәулені шағылыштырады. Сондықтан олар аспанда жұлдыздар сияқты жарқырап көрінеді.



Планеталар ерекше жол – *орбита* арқылы Күнді айнала қозғалады. *Орбита* дегеніміз – аспан денелерінің гарыш кеңістігінде қозғалатын жолы. Күн айналасындағы планеталары және аспан денелерімен қосылып – *Күн жүйесін құрайды*.


Күнді өзінің серіктерімен бірге планеталар және мындаған *кіші планеталар* немесе *астероидтар* айналып жүреді. Олар үлкен тас кесектерден немесе металл араласқан тас қорытпалардан тұрады.

Келесі аспан денелері – *кометалар*. Олар тастандардан, шаңтозаң араласқан алып мұздардан тұрады. Олардың орбитасы шар тәрізді емес, салыстырмалы түрде сопақша болып келеді. Сондықтан да уақытының көп бөлігі Күннен өте алыста айналады.

Күнге жақындаған түскенде оның ядросы Күн сәулемесінің әсерінен қызып, біртінде ери бастайды. Сол кезде олардың құйрығы пайда болады. Сондықтан да оны кейде *құйрықты жұлдызы* немесе *метеорлар* деп атайды. Олардың атмосферадан жанбай өтіп, жерге жеткендерін *метеориттер* деп атайды (13-сурет).



Ушып бара жатқан комета.



Метеориттің құлауы.



Метеорит кратері.

13-сурет. Метеориттің кометадан айырмашылығы Жерге құлауында



Жерге құлаган метеорит туралы материал табындар. Метеориттердің құлауынан адамдарға қандай қауіп төнеді?



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Күннің адам, өсімдік, жануар өміріндегі рөлін бағалаңдар?
2. Егер Жер Күнге жақындаста не болар еді?
3. Планета мен жүлдемдердің қандай айырмашылығы бар?
4. Жер бетінде алып динозаврлардың мекендерінің білесіндер. Салыстырмалы түрде қысқа мерзімде жойылып кетті. Олардың жойылуына не себеп болды?
5. Топқа бөлініп, әр планета туралы қызықты деректер және олеңдер жинаңдар.

§ 6. ЖЕР – БІЗДІҢ ПЛАНЕТАМЫЗ. ПІШІНІ, ӨЛШЕМІ ЖӘНЕ ҚОЗҒАЛЫСЫ



Біздің планетамыздың сыртқы бейнесі, оның өлшемдері. Жер қалай қозғалады? Глобус, экватор, жартышар дегеніміз не?

Картада және глобуста экватордың, параллельдің және меридианның ұзындығын өлшеу. Жердің полюстерін табу. Жердің жартышарларын ажырату.

Жер планетасы қандай галактикада орналасқан?

Экватор
Экватор
Equator

Параллель
Параллель
Parallel

Меридиан
Меридиан
Meridian

Жер – Күн жүйесіндегі үшінші планета. Шамамен 4,5–4,6 млрд жыл бұрын пайда болған.

Сендер Жердің шар тәрізді екенін білесіндер (14-сурет). Бірақ біздің планетамыз дәл шар сияқты емес, бүйірлері аздаپ шығыңқы болып келеді. Жердің экватор тұсындағы радиусы полюс тұсындағыдан гөрі ұзын. Жердің экваторлық радиусы 6378 км, ал полярлық радиусы 6357 км деп есептеледі. Олардың айырмашылығы 21 км. Жер бетінің жалпы ауданы 510,2 млн км², оның 71%-ын су, қалған 29%-ын құрлық алып жатыр.



14-сурет. Фарыштан қарагандагы Жердің көрінісі, күн мен тұн



14-суреттен Жердің жартысында жарық болса, екінші жартысында тұн екендігін көрдіңдер. Себебін түсіндіріңдер. Бұл құбылыс қалай аталады?

Экватор – Жердің айналу осіне перпендикуляр әрі екі полюстен де бірдей қашықтықта орналасқан, планетамыздың қаң ортасынан өтетін шартты сызық. Экватор (лат. *теңестіргіш*) Жер шарын екі жартышарға бөледі. Экватордың жоғарғы бөлігін *солтүстік жартышар*, төменгі бөлігін *оңтүстік жартышар* деп атайды. Экватордың ұзындығы 40 000 шақырым (км).



Жердің сыртқы қабатының ұзындығын ежелгі грек оқымыстысы Эратосфен сол кездің өзінде-ақ нақты өлшеген. Оның өлшеудің үйнешеңдіктерінде 39 690 шақырым болған. Өздерін ойладаңдар, ол кезде жер өлшектің мамандардың өзі ұзындықты қадаммен (адыммен) өлшеген.

Біздің планетамыз – фарыштық кеңістікте Күнді өз орбита-сымен айнала қозғалып жүрген шар тәріздес дене. Күнді айнала қозғалғанда, Жер белгілі бір уақытта өзінің осінен де тоқтаусыз ұдайы айналымға түседі. Жердің өз осін айналуға кеткен уақыт 24 сағатқа тең. Сол себепті 24 сағатты 1 *таулік* деп есептейміз. Жер өз осін айналуының нәтижесінде күн мен тұн ауысады. Жер бетіне Күн сәүлесінен түсетін жарық пен жылудың тәуліктік өзгерісі адамдардың, жануарлардың, өсімдіктердің тіршілік жағдайына үлкен әсер етеді. Біздің планетамыз Күнді айна-лу кезінде Жер бедері жылу мен жарықты біркелкі қабылда-майды. Себебі, Жер осінің көлбеу орналасуының әсерінен Күн сәүлесінің тіке немесе қиғаш түсуіне байланысты жыл маусым-дары қалыптасады. Солтүстік жартышарда қыс, көктем, жаз, күз болса, оңтүстік жартышарда керісінше – жаз, күз, қыс, көктем болады.



Солтүстік жартышарда қашан жаз және қыс айлары болады? Солтүстік жартышарда қыс мезгілі болғанда, Оңтүстік жартышарда жаз болуы неге байланысты? Жер планетасы Күнді толық неше күнде айналып өтеді?



Жердің Күнді белгілі бір уақытта толық айналып шығуын жыл деп атайды.



Өзің тұратын жерді глобуста белгіле. Глобусты бір жағынан жарық түсетін жерге орналастырып, өзің тұратын жерде таңтертең, тал тұс, күннің батуы және түн ортасы болатындағы етіп сағат тіліне қарсы баюу жылжыт. Осы арқылы күн мен түннің ауысуын билетін боласың.

Ай – Жердің серігі

Жердің жалғыз серігі бар. Ол – Ай. Ай – аспан денелері арасындағы Жерге ең жақыны. Ай – адам аяғы тиғен жалғыз аспан денесі.

Айдың түнде жарық болып көрінетін себебі, ол Күн сәулесін қабылдай алмайды, тек қана жарық сәулені шағылыстыратын қабілеті бар. Сондықтан Ай түнде бізге жарық болып көрінеді (15-сурет).



15-сурет. Ай – Жердің ең әдемі серіктерінің бірі



Сұрақтар мен тапсырмалар

- Ежелгі адамдар Жердің пішінін көз алдына қалай елестеткен?
- Жердегі тәуліктің және маусымның ауысуы неге байланысты болады?
- Экватор маңында жыл маусымдары жоқ. Жыл бойы жаз маусымы. Неге?
- Жердің полюстері не себепті сұзық?

§ 7. БІЗДІҚ ПЛАНЕТАМЫЗ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?



Жер планетасының пайда болуы.

Жер қалай шар тәрізді пішінге ие болды?

Алып динозаврлар мен ұшатын қанатты кесірткелер қай заманда өмір сүрді?

Біздің планетамыздың даму ерекшелігін пайымдау.

Жердің даму тарихындағы ерекше оқиғаларды табу және бағалай білу.

Фарыштық қеңістік деп нені түсінеміз?

Эра
Эра
Era

Кезең
Период
Period

Эволюция
Эволюция
Evolution


Қазіргі Күн және Жер орналасқан фарыштық қеңістікке төрт миллиард жылдан астам уақытқа көріп саяхат жасайтын болсақ, гарышкерлер көріп жүрген Күн жүйесіне үқсамайтын суретті байқар едік! Ол кезде Жер енді қалыптаса бастаған болатын.

Бүгінгі таңда бәрімізге белгілі болғандай, Жер планетасының пішіні шар тәріздес. Жердің пішіні осы күнге дейін осылай болды ма? Біздің тіршілік етіп жатқан планетамыз қайdan және қалай пайда болды?

Қазіргі көзқарас бойынша, Жер Күнді айналып жүрген басқа планеталармен бірге өте ұлken газ тозаң араласқан бұлттардың сыйықтарынан пайда болған.

Арасындағы салмағы ауыр және тығыз бұлттар тартылыс күшінің әсерінен бір-бірімен араласып, ортасына жиналған. Содан қалың қабат түзілген. Осылай Күн жүйесіндегі планеталар және Жер пайда болған. Планеталар осы күнге дейін Күнді белгілі бір қашықтықта және жазықтықта, алғашқы қалыптасқан кезіндегідей айналуда. Жер өз осін айналуының нәтижесінде біртінде шар тәрізді пішіні қалыптасты (16-сурет).

Жердің даму кезеңдерін, уақытын білу үшін *геохронологиялық кестенің* көмегіне жүгінеміз.



16-сурет. Күн жүйесіндегі планеталардың пайда болу кезеңдері



17-сурет. Газды-шанды бұлттылықтан қазіргі Жерге дейін



Суретке қараپ (16, 17-суреттер) Жердің пайда болу үдерісін жазыңдар. Қорытынды шыгарыңдар



Геохронологиялық кесте – Жердің даму тарихындағы әралардың және дәуірлердің ретімен аузынын және олардың ұзақтығын көрсететін кесте. Мұны мындаған немесе миллиондаған жылдарға созылған ерекше күнтізбе десек те болады.

Геологиялық эра – геологиялық тарихтың өтпелі уақыты.



Интернет көздерінен геохронологиялық кестені тауып, дәптерлеріңе жазыңдар. Геологиялық әралардың ұзақтығын санап, астына жазып қойыңдар. Ең ұзаққа созылған қай эра? Әралардың аттарын сәйкес түстерімен бояндар (архей және протерозой – қызыл, палеозой – көк, мезозой – жасыл, кайназой – сары).

Архей эрасы (грек. *ежелгі*) – Жер дамуының алғашқы кезеңі болды. Ол жанартауы гүрілдеп, буы бүркыраған және сұрапыл дауыл желдер соғып тұрған шар тәріздес дене болатын. Жерге үдайы метеориттер құлап түсіп жатты (18-сурет).



18-сурет. Архей эрасындағы Жер планетасы

18-суретке қарап, архей эрасында Жердегі үдерістер қандай күйде болғанын айтыңдар. Мәтінге қосар пікірің бар ма?

Архей эрасы уақыт өте келе *протерозой* эрасына ауысты (грек. *алгашы*).

Жер біртіндеп сабасына түсіп, жанартаулардың атқылауы баяулады. Шөгінді жыныстар түзілді. Кейінірек жер қыртысының жылжына байланысты кейбір тұсы жоғары көтеріліп, әртүрлі биіктіктері таулар қалыптасты (19-сурет).



19-сурет. Протерозой эрасындағы Жер планетасы

19-суретке қараң отырып, протерозой эрасында Жердегі үдерістер біршама тыныш күйге өткендігін дәлелдендер.

Материктер көтерілгенінен кейін палеозой әрасы (грек. *ежелгі өмір*) басталды. Бұл кезең жердің қалыптасуына үлкен өзгерістер әкелді. Таулардың көтерілуімен бірге теңіз суларының құрлықты басуы да қатар жүрді. Ирі құрлық ішіндегі теңіздер пайда болды. Климат өзгерістерге үшырап, біртінде сұйта бастады. Климаттың бұлай өзгеруі тіршіліктің пайда болуына мүмкіншілік туғызыды.

Мезозой әрасы (грек. *орта немесе аралық өмір*) палеозой әрасының орнын басты. Бұл – жануарлар мен өсімдіктердің қаулаш дамуына себепші болған алтын әра. Жер үстінде алып рептилиялар (қанатты кесірткелер) мен динозаврлар мекен етті. Алғашқы құстар, сұтқоректілер және гүлді өсімдіктер пайда болды (20-сурет).




20-сурет. Мезозой әрасындағы тіршілік



Мезозой әрасының жасыл эра болғандығын дәлелдендер. Бұл әрадагы өсімдіктер мен жануарлардың қарқынды дамуына өсер еткен факторды анықтаңдар. Мезозойдың қай кезеңін динозаврлар дөүірі деп атайды?

Уақыт өте мезозой әрасының орнына *кайназой* (жаңа өмір) әрасы келді. Құрлық біршама көтеріліп, алып динозаврлар мен өсімдіктер жойылып кетті. Олардың орнына қатаң климатқа бейімделген, жылықанды, қалың түкті, жүндес жануарлар кеңінен тарады. Кайназойдың соңына қарай адамдар пайда болды.



21-сурет. Ежелгі және қазіргі адамдар

 21-суретке әңгіме құрастырылған және одан қорытынды шығарылғандар.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- Ежелгі грек ғалымдарының арасынан Жердің шар төрізді екендігі жөнінде жорамал жасаған қай ғалым?
- Жердің даму тарихындағы маңызды және қызықты оқигаларды атап беріңдер.
- Топтарға бөлініцдер. Әр топ дәүірлердің біреуі жайлы баяндама дайындасын. Қосымша әдебиеттер пайдаланыңдар.

§ 8. ЖЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАБЫҚТАРЫ



Географиялық қабық деген не?

Географиялық қабық қандай сфералардан құралған?

Географиялық қабық құрамын анықтау және ажырату.

Географиялық қабықтың қасиетін сипаттау.


Қайінты табиги құбылыстар кезіндегі жүріп-тұру ережесін сактау.

Жердің пішіні мен өлшемі.

Жер қабығы
Земная кора
The earth's

Жер сілкінісі
Землетрясение
crustEarthquake

Біздің планетамыз ортасындағы ядросынан бастап, атмосфераның жоғарғы бөлігіне дейін бірнеше қабаттардан тұрады. Литосфераның жоғарғы қабаты (жер қыртысы), жер бетіндегі барлық сулар – гидросфера, жерден 20 шақырым биіктікке дейінгі атмосфераның төменгі қабатын және биосфераның бүкіл тірі ағзалардың тіршілік ететін аймағын қосып, *географиялық қабық* дейміз (22-сурет). Географиялық қабықтың нақты шегарасы жоқ. Фалымдар әртүрлі өлшемдердің болжамын ұсынуда. Жалпы қалындығы шамамен 55 км-ге жуық.



22-сурет. Географиялық қабықтың құрамы мен шегарасы



Сөздіктен дәптерлеріңде тропосфера, стратосфера, озон қабаты деген үғымдардың мағынасын жазып алыңдар. Адамдар осының қай қабатында тіршілік етуде? Адамдар басқа қабаттарда өмір сүруі мүмкін бе?



Қызықты материал. Жердің жасы шамамен 4,5–4,6 млрд жыл. Мilliардтаған жылдарды көз алдыңа елестетудің өзі қын. Америкалық океанолог П. Вейль арбір жылды өте жұқа бір парақ қағаз деп есептедер деп көнес береді. 1000 парақ қағаздың (1000 жыл) қалындығы 1 см болады екен. Осындаған етіп қазіргі күнге дейінгі Жердің даму тарихының жылдарын қабаттап жинастын болсақ, оның биіктігі 45 км мұнараға айналар еді.

Жердің ішкі құрылымы жайлы біз аз маглұмат білеміз. Жердің терең қойнауын зерттеу гарыштагы Ай мен Шолпанға ұшып барудан да қын. Теледидардан жанартаулардың атқылауын көріп, біз қатты, сұық қара жер қыртысының астында ыстық лава бар екендігін білеміз.



Геофизика – Жер шарының қатты, сұйық және газ тәрізді қабықтарында болатын физикалық үдерісті зерттейтін кешенді ғылым.



23-сурет. Жердің ішкі құрылышы


Жердің ішкі құрылымы жер қыртысы, мантия және ядро деген қабаттардан тұрады (23-сурет). Солардың арасында ең жүқасы жердің үстіңгі қабығы – жер қыртысы. Ол арқылы өзендер ағып, ормандар өсіп, таулар көтеріліп, елді мекендер салынуда.

 Терең қазылған үңғымалар туралы қосымша материал дайындаңдар. Олар не үшін қазылған? Жердің ішкі құрылышын зерттеуші ғалымдардың алдында қандай міндеттер тұр?

 Ядро сыртқы және ішкі болып екіге болінеді (24-сурет). Сыртқы ядро қоймалжың сұйық күйінде болса, ішкі ядро өте қатты болып келеді. Ондағы температура 3000°C-қа дейін жетеді. Жер өзінің құрылымына қарай тастардан емес, металдардан (темір, никель, кремний, алюминий, магний, кальций және т. б.) құралған.

Мантия (латын тілінен аударғанда «жамылғы» деген мағынаны білдіреді). Шамамен 2900 шақырым тереңдікке дейін барады. Мантия жартылай балқыған күйде ішкі ядроның сыртын қаптап тұр. Температура ядроға қарай біртіндеп көтеріліп, соган сай қысым да арта түседі.

Мантияның жоғарғы қабатынан тұратын Жердің үстіңгі қатты қабатын литосфера (грек тіл. литос – тас) деп атайдыз. Оның қалындығын салыстырмалы түрде жұмыртқаның қабығына балауға болады.



24-сурет. Жердің ішкі құрылышының кесіндісі




24-суретке зер салындар. Жер қыртысының қабаттарын салыстырып сипаттаңдар (қалай және қай жағында орналасқан, олардың курамы, температурасы). Сөздіктен тау, жазық және мұхит астындағы жер қыртысының қалыңдығын анықтаңдар.


Жер қыртысы – қозғалмалы құрылым. Жер қыртысының ажырауынан немесе ығысуынан, жер бетінің тербелісін туындағы, одан *жер сілкінісі* пайда болады (25, 26-суреттер). Мұндай жағдайлар дүниежүзінің көптеген жерлерінде кездеседі.



Жағалау аудандарында суасты жер сілкіністерінің нәтижесінде алып толқындар – цунами пайда болады. Олар мұхит бетінде үлкен жылдамдықпен таралады. Жағалауға жақындаған сайын есे түскен толқынның биіктігі 20–30 метрге дейін жетеді. Жағаға соқсан толқын құрлықтың ішкі жақтарына дейін еніп, орасан зор апат әкеледі.



25-сурет. Жер сілкінісі



26-сурет. Жер сілкінісінен кейінгі жарықтар

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Географиялық қабықтар арасындағы өзара өрекеттесуге мысал келтіріңдер.
2. Жер сілкінісі, су тасқындары және дауыл болған кезде өздерінді қалай ұстауларың керек? Қауіпті құбылыс болған жағдайда өз іс-кимылдарың туралы жаднама құрастырындар.



Қазақстан жерінде болатын жер сілкінісі, су тасқындары және дауылдан кейінгі апартты жағдайлар туралы материалдар жинақтаңдар.

§ 9. ЖЕРДЕГІ ТІРШІЛІКТІҢ ПАЙДА БОЛУЫ



Біздің планетамызда тіршілік қалай пайда болды?

Жердегі тіршілікке қандай жағдай керек?

Жердегі тіршіліктің негізгі даму кезеңдерін ажырату жолдары.

Жердегі тіршіліктің пайда болуына және дамуына сараптама беру.

Тірі ағзалардың өлі деңеден қандай айырмашылығы бар?

Биология ғылымындағы маңызды сұрақтардың бірі – тіршіліктің қалай және қашан пайда болғандығы.


Осыдан шамамен 4,5–4,6 миллиард жыл бұрын Жер планетасы пайда болған кезде, тіршіліктең негізі болып есептелінетін әртүрлі микробты тіршілігі бар тыныш күйге етті (27-сурет). Жер бетінде ядроны толық қалыптаспаған, қазіргі бактерияларға үқсас алғашқы тіршілік иелері прокариоттар осы элементтердің өсерінен пайда болуы мүмкін. *Прокариоттар* оттегімен тыныс алмайтын анаэробты жәндіктер.



27-сурет. Жердегі тіршіліктің пайда болуы



Жердегі тіршіліктің пайда болуындағы судың рөлі қандай? Жауаптарыңды түсіндіріңдер.



28-сурет. Жердегі тіршіліктің

Прокариоттардан ядросы қалыптасқан біржасушалы әуқариоттар пайда болды. Жер бетінде олардың 25–30 түрі бар. Ең қарапайымы – амеба. Уақыт өте эволюциялық даму жолымен суға, құрлыққа, топыраққа бейімделген тірі ағзалар түзіле бастады.

Дамудың эволюциялық жолымен әртүрлі ортага (су, құрлық, топырақ арасына) бейімделген тірі ағзалар пайда болды (28-сурет).



28-суреттегі өсімдіктер мен жануарлар дамуын талқылаңдар.




Біздің планетамызда тіршілік ету үшін:

- оттегі
- сұйық күйіндегі су
- көмірқышқыл газы
- құн саулесі
- минералды тұздар
- белгілі бір температура қажет



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жердегі тіршіліктің пайда болуы туралы кеңінен тараган теорияларды оқып, ата-аналарыңмен бірге және сыннып ішінде талқылаңдар.
 2. Жердің пайда болуы туралы әртүрлі гипотезаларға кішігірім хабарлама дайындаңдар.
 3. Қазақстан аумағында табылған ежелгі жануарлардың қаңқалары туралы материал дайындаңдар. Олар өмір сүрген кездегі қоршаган ортаның жағдайы қандай болған?
-
- «Қаздың қайтуы» деген табиги ескерткіш туралы материалды тауып, сынныбыңмен білгендеріңді бөлісіңдер.



негізгі кезеңдері

§ 10. КАРТАДАН – ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРДІҚ ПЛАНЫНА ДЕЙІН

**СЕНДЕР БЫЛДИТИ
ВОЛАСЫНДАР:**

Картада жер беті қалай бейнеленеді?
Картада және глобуста меридиандар мен параллельдер қалай жүргізіледі?

**СЕҢДЕР
ҮКРЕНЕСТЕР:**

Карталарды масштабы, қамту аумағы, қолдану сипаты және мазмұнына қарай ажырату.
Карта бойынша солтүстік, оңтүстік, батыс және шығыс бағыттарды анықтау.
Жергілікті жердіқ планын құру.

**ЕСТЕРІНЕ
ТУСІРІНДЕР:**

Картаның жіктелуі.

Жергілікті жердіқ планы
План местности
Map

Масштаб
Масштаб
Scale

Параллель
Параллель
Parallel



Картография – географиялық карталарды құрастыру ғылымы. Дүние жүзінің әртүрлі мұражайларында тасқа қашап, сазбалышыққа, мамонттар мен морждардың сүйегіне, фарфор, шыны, пергамент пен папирусқа түсірілген карталар сақтаулы түр.

Алғаш рет масштабты пайдаланып, карта жасаған ежелгі грек галымы **Анахтимандр** болған. Картаның ортасына Грекия және сол кезеңде белгілі болған Еуропа мен Азияның белгілі бір бөлігі және оларды қоршап жатқан мұхиттар бейнеленген.



29-сурет. Дүниежүзі картасы, Х. Колумб саяхатының алдында шыққан

Бізге белгілі алғашқы карталардың бірі – II гасырданғы Птолемей картасы. Бұл картада Америка, Австралия құрлықтарының және Тынық мұхиттың атаулары болған жоқ, бірақ бірінші рет Еділ өзені түсіріліп, оған Ра деген атау берілген.

Америка құрлығы түсірілген бірінші картаны 1507 ж. Мартин Вальдземюллер жасады. Ал Герард Меркатор 1595 жылы бірінші рет Еуропа елдеріне сипаттама берілген атласты шыгарды.



Географиялық карталар – жер бетінің жазықтыққа кішірейтіліп түсірілген бейнесі (29-сурет).

Адамзат тарихындағы ең алғашқы карта – план. Планды ежелгі теңізшілер де қолданған. Экспедицияны үйымдастырап алдында зерттеушілер баратын ауданы туралы қолжетімді картографиялық материалдарды жинақтаған. Аяқталғаннан кейін жиналған материалдарды қағазға түсірген. Осылай **жергілікті жердің планы** жасалды. Бұл түпнұсқа жаңа карталарды жасауға негіз болды.



Жергілікті жердің планы – жер бетінің ірі масштабты бөлігін шартты белгілермен бейнелеу.

План құру масштаб анықтаудан басталады.



Масштаб – пландағы нысандар неше есе кішірейтілгенін көрсететін бөлшек сан.

Жергілікті жердің планын сыйзу үшін біршама толық көрінетін қолайлы нүктені тауып алуымыз керек (қыратты жер, төбе немесе ашық алаңқай болуы мүмкін). Осыдан кейін болашақ планның масштабын анықтап алу керек. Жергілікті жерді планға түсіру үшін көзмөлшермен айналаны нысаналау (полярлық), айналып шығу (бағытты) әдістері қолданылады (30-сурет).



Жергілікті жерді планға түсірудің әдістерімен танысындар. Айырмашылықтарын табындар. Жергілікті жердің түсірілімінің әдісін таңдау неге байланысты?



Жергілікті жердегі бағытты нысаналау.

30-сурет. Жергілікті жерді планга түсірудің әдістері

Айналаны нысаналау (полярлық әдіс) әдісімен танысамыз. Алдымен солтүстік бағытты тауып алуымыз керек. Оған тақташа – планшет және тұсбағдар керек.

Картага түсіру үшін қағазды үстіне қыстырып қоятын тақташаны – *планшет* дейміз.

Солтүстік бағыт анықталғаннан кейін қағазға өзің тұрган нүкте белгіленеді. Осы нүктеден айналамызда көзге көрінетін нысандарды белгілең аламыз. Олар: уй, жеке ағаш, электр бағаналары және т.б. Енді осы белгіленген нысандардың азимутын тұсбағдар (компас) арқылы анықтаймыз.



Азимут – (араб. *ас-сумут* – жол) бақылаушы тұрган нүкте меридианының солтүстікten белгіленген бағыт арасындағы бұрыштың көрсеткіші.


Азимут тұсбағдар арқылы солтүстік меридианнан бастап 0 және 360° градус аралығында есептелінеді (31-сурет). Азимут түсінігі топографияда, картографияда, туризмде, авиацияда, косманавтикада, навигацияда, астрономияда және басқа салаларда қолданылады.



Картадағы цlesкінің нысандары деп жергілікті жердегі барлық заттарды айтады. Жергілікті жердің планын жасау үшін ағаш, ғимарат, жол, қоршау, өзен, бағана және т.б. нысандарды шартты белгілермен картага түсіреміз.



Жергілікті жерді полярлық нысаналау.



Оңтүстік бағыттардың азимуты қанша болады? 45° және 270° қандай бағыттарды көрсетеді?

31-сурет. Тұсбағдар – нысандардың азимутын табуға ариалган аспап

31-суретті пайдаланып, электр желісінің және жол қылышының азимутын анықтаңдар. Зауыттың қай бағытта орналасқанын табыңдар. Шығыс және

шығыс және зауыттың азимутын табыңдар.



Заманауи картографиялық план жасау үшін арнайы техника қолданылады (тікұшақ, ұшақ, дрон, спутник).

Ұшақпен түсірілген Жер бетінің суретін – *аэрофотосурет* деп атайды.

Сұрақтар мен тапсырмалар.



1. Қазақстанның физикалық картасынан еліміздің шеткі нүктелерін тауып (С–О–Б–Ш), арақашықтықтарын өлшемдер. Өлшемінді сыныптастырыңың өлшеген нәтижесімен салыстыры.
2. Дүниежүзінің кескін картасына экватор, меридиан және параллель сызықтарын түсіріңдер. Картадан Қазақстанның орналасқан жерін тауып, шегарасын белгілеңдер. Астана қаласының орналасқан жерін анықтап жазыңдар.

§ 11. ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

СЕНДЕР ВЛЕДТИН БОЛАСЫНДАР: СЕНДЕР ҮЙРЕНЕСІНДЕР: ЕСТЕРНЕ ТҮСІРІНДЕР:	<p>Жергілікті жердің планына нысандарды түсіру.</p> <p>Жергілікті жердің планын жасау жолдары. Жергілікті жердің планына шартты белгілерді түсіру жолдары. Жергілікті жердің және пландағы нысандардың азимутын табу.</p> <p>Масштаб деген не? Масштабтың түрлері.</p>
--	--

Жергілікті жердің бейнеленуінің бірнеше түрлері бар – сурет, фотосурет, аэрофотосурет, ғарыштан түсірілген сурет, карта, жергілікті жердің планы (топографиялық план).

Жергілікті жердің планымен жұмыс жасау үшін топографиялық жобаның шартты белгілерін оқып-үйрену керек.

Шартты белгілер – карта және планда қолданылатын, ертүрлі нысандардың сандық және сапалық көрсеткіштерін білдіретін арнайы белгілер.

Шартты белгілер мүмкіндігінше нақты нысанға үқсас болып келеді. Жергілікті жердің планын түсіруде қолданылатын шартты белгілер дүниежүзінің барлық елдерінде бірдей. Сондықтан тілді білмеу картаны оқуға бөгет болмайды.


Топографиялық шартты белгілер: *масштабты (аудандық), масштабсыз, сыйықтық және түсіндірме* деп бөлінеді.

Масштабты немесе аудандық шартты белгілер – ауданы немесе өлшемі үлкен топографиялық нысандар, сондықтан да картаның немесе планның масштабына сойкес кішірейтіліп түсіріледі.

Масштабсыз немесе нүктелік шартты белгілер – картада масштабын көрсету міндетті емес нысандарға қолданылады. Олар: зауыт, көпір, пайдалы қазбалы кен орындары сияқты жеке нысандар болуы мүмкін.

Сыйықтық шартты белгілермен жергілікті жердегі теміржолдар мен автомобиль жолдары, электржелілері, шегаралар белгіленеді. Сонымен бірге, горизонталды нысандар белгіленеді.

Түсіндірме шартты белгілер – жергілікті жер картасындағы нысандарға қосымша сипаттама ретінде қолданылады. Мысалы, көпірдің ені, ұзындығы және жүк көтеру шамасы, жолдың ені және жер төсемінің сипаты, ормандағы ағаштардың орташа қалындығы және биіктігі, өзен табанының терендігі мен сипаты және т.б. (32-сурет).



32-сурет. Түсіндірме шартты белгілер

Дәптерге түсіндірме шартты белгілерін түсіріңдер.

Терек пен талдардан тұратын орман. Ағаштың биіктігі 12 м, діңінің қалындығы 40 см, ағаштардың арақашықтығы 7 метр.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- Жергілікті жердің планының географиялық картадан қандай айырмашылығы бар?
- Географияның екінші тілі – картографиялық бейнелер дегенді қалай түсінесің?
- Жергілікті жердің планындағы шартты белгілер қандай мәлімет береді?
- Жергілікті жерде арақашықтықты қандай өдіспен өлшейді?

§ 12. ҮЛЕСКІНІҢ ПОЛЯРЛЫҚ (НЫСАНАЛАУ) ЖӘНЕ МАРШРУТТЫҚ (АЙНАЛЫП ЖҮРУ) ТҮСІРІЛІМІ



Көзмөлшермен түсірудің түрлері.

Үлескінің полярлық (нысаналау) және маршруттық (айналып жүру) түсірілімі.


Шартты белгілер.

№ 1 сараландық жұмыс

Үлескінің полярлық (нысаналау) және маршруттық (айналып жүру) түсірілімі

Құрал-жабдықтар: планшет (фанерадан немесе картоннан жасалған парал), түсбагдар, сызығыш, қарындаш, өшіргіш.

Мектеп ауласының және кішігірім туристік маршруттың планын өз беттеріңше таңда алсаңдар болады. Сараландық жұмысты орындау ыңғайлы болуы үшін сыныпты бірнеше топқа бөлу керек (4–5 окушы).



33-сурет. Көзмөлшермен түсіру

Көзмөлшермен түсіру (съемка)

Сараландық жұмысымызда айналаны нысаналау және айналып жүріп түсіру өдісін қолданамыз.

Планшеттің жоғарғы жағына план түсірлелін бір бет қағазды және түсбагдарды бекітіп қоямыз. Қағаздың бетіне солтүстік және оңтүстік бағыттары сзызық арқылы сзызылады. Осыдан кейін планшетті бағыттап аламыз. Ол үшін түсбагдардың солтүстік тілі 0-ге бараганша суреттегідей бұрамыз.

Қажетті нүктенің азимуты 0-ден сағат тілімен жүргізілген жерге дейін есептелінеді.

Сызғыш және қарындаштың көмегімен анықталған нүктеге дейінгі арақашықтықты сымамыз. Арақашықтығын рулеткамен немесе адымдан жүріп есептейміз. Бұл арақашықтық масштаб арқылы түсіріледі. Нысанды арнайы шартты белгімен белгілеп, оған дейін сыйылған сзықты өшіріп тастаймыз. Осылай қалған нысандарды планға түсіре береміз. Жергілікті жердің планын осылай түсіру төсілін **көзмөлшермен** түсіру деп атайды (33-сурет).

Полярлық түсірілім

Айналасы ашық жерлер үшін көбінесе полярлық түсірілім қолданылады. Планшет бақылау жүргізілетін нүктеге (полюс) қойылып, жан-жагын бағдарлайды. Бақылау нүктесі планшеттегі қағаздың ортасына белгіленіп қойылады. Осы нүктеде арқылы айналасындағы нысандардың бағытын және арақашықтығын анықтап, берілген масштабпен планшеттегі қағазға шартты белгімен түсіріле береді.

Маршруттық түсірілім

Маршрут бойынша түсіруді үйымдастырып туристік жорық барысында қолдануға болады (мысалы, мектептен кітап дүкеніне дейін). Жергілікті жерді түсіру үшін әрбір жол бойындағы бұрылыштарды есептеп, бірнеше кесіндіге беліл тастаған дұрыс болады. Әрбір бұрылыштардан жолдың көрінетін бөлігін қамтитын нүктені таңдап, айналасын планшетке түсіре береді. Көрінетін жердің барлығы полярлық түсірудегі сияқты түсіріледі. Түсіру барысындағы барлық жеке кесінділер масштабпен түсіріледі. Жол бойындағы барлық көрінетін нысандар (объектілер) планға шартты белгімен белгіленеді. Жергілікті жердің планы рәсімделеді (34-сурет).




34-сурет. Маршруттық түсірілім

Бұл планда бағытын бағыттауыш сзықтармен анықтап, орманды азимут бойынша қалай кесіп өтуге болатындығы корсетілген.

 Шартты түрде өзің жүріп өткен маршрутты жазындар. Жол бойында қандай есімдіктер мен жануарлар кездесуі мүмкін екенін анықта.

§ 13. МАТЕРИКТЕР МЕН АРАЛДАР



Құрлық
Суша
Land

Материк
Материк
Mainland


Түбек
Полуостров
Peninsula

Арал
Остров
Island

Архипелаг
Архипелаг
Archipelago

Жер бедерінің ең ірі формалары – материктік құрлықтар мен мұхиттық ойыстар. Мұхиттың терең табанының бедерінде құрлықтағыдан ойпаттар, жазықтар және таулы жоталар кездеседі. Барлық материктер ауданын қосып есептегендеге Жер шарының 29%-ын алыш жатыр.

Жартышарлар картасына қарасаңдар, құрлық солтүстік жартышарда екі есе қоңыраулы болып көрсетіледі (35-сурет).



35-сурет. Жер бетіндегі құрлық пен судың жалпы және жартышарлар бойынша арасалмағы



Гlobustan жалпы Жер бетіндегі және жартышарлар бойынша құрлық пен мұхиттың алыш жатқан үлестеріне зер салып қараңдар. 35-суреттегі сандық көрсеткіштерге мән бере отырып, қорытынды жасап көріндер.

Географиялық қабықтың даму нәтижесінде ірі табиғат кешендері – *материктер мен мұхиттар* пайда болды. Қазіргі кезде жер бетінде алты құрлық немесе материк бар: *Еуразия, Африка, Солтүстік Америка, Оңтүстік Америка, Австралия және Антарктида*.



Жердің даму тарихында материктер мен мұхиттардың саны және орналасқан орны бірнеше рет өзгерген. Алғашқы кездері жалғыз Пангея материгі және жалғыз Панталасса деген мұхит болған (36, а-сурет).

Уақыт өте Пангея материгі Лавразия (Еуразия және Солтүстік Америка материктері) және Гондвана (Оңтүстік Америка, Африка, Австралия және Антарктида материктері) материктеріне болініп кетті. Екі материктің арасында Тетис мұхиты болды (36, а-сурет). Материктердің одан ары бөлшектенуіне байланысты: Атлант, Үндістан және Солтүстік Мұзды мұхиттары пайда болды. Тынық мұхит – ежелгі Панталасса мұхитының қалдығы.



Лавразия және Гондвана



Қазіргі материктер

36-сурет. Пангеядан Лавразия және Гондванага дейін және қазіргі материктер

Ұлы географиялық ашылуларға дейінгі жер туралы ежелгі түсініктер. Ежелгі ғалымдар Жерді үш бөлікке бөлді: Еуропа, Азия және Африка. Басқа материктер туралы деректер болған жоқ, себебі олардың бар екендігін білген жоқ.



П. П. Семенов-
Тян-Шанский



Н. М. Прже-
вальский



Давид
Ливингстон



Васко да Гама

Өздері өмір сүріп жатқан қоршаган ортасын танып білуде европалықтар белсенділік танытты. Біздің заманымызға дейінгі V ғасырда өмір сүрген ежелгі грек тарихшысы Геродот өз еңбектерінде, сол кездері белгілі болған жерлер туралы деректер жазып қалдырыды. Біздің заманымызға дейінгі IV ғасырда грек географы және теңізшісі **Пифей** Еуропаның батыс жағалауын табу үшін саяхат жасады. Ежелгі гректер Оңтүстік Еуропада көптеген жерлерді ашып, Қара теңіз арқылы кемемен жүзген.

Оте ежелгі кездердің өзінде Жерорта теңізі жағалауын мекендерген халықтар, қытайлықтар, үндістандықтар, кейінірек арабтар, Азияның халықтарымен табиғаты туралы географиялық деректер жиналады. Көптеген деректер өскери жорықтардың және саудасаттықтың арқасында жинақталды (құрлықта Ұлы Жібек жолы және теңіздер арқылы сауда жүргізілді).

Еуропалықтар Азия туралы алғашқы мәліметті итальяндық **Марко Полоның** (1254–1324 жж.) саяхаты арқылы білді.

Орталық Азияны зерттеуде орыс ғалымдары көп еңбек сіңірді. **П.П. Семенов-Тян-Шанский** (1827–1914 жж.) және **Н.М. Прже-вальский** (1839–1888 жж.) Тянь-Шань тауларының құрылымын зерттеді.

Адамзаттың Жер туралы көзқарасы **Ұлы географиялық ашылулардан** кейін кеңейе түсті (XV– XVII ғғ.). Шығыстың, Қытай және Үндістанның нарығына тауар жеткізетін сауда жолдары жабылып қалды. Сол себепті еуропалықтар Шығысқа апаратын басқа жол іздеңірді.

1497–1498 жылдары **Васко да Гама** басқарған теңізшілер кемесі Үндістанға баар жолда Африканы батысынан айналып, Атлант мұхитынан Үнді мұхитына өтті. Үндістанға баратын жол анықталды.

Африканың ішкі аудандарын зерттеуде ағылшын саяхатшысы **Давид Ливинг-**

стон (1813–1873 жж.) және шотландиялық **Мунго Парк** (1771–1806 жж.) және басқа зерттеушілер үлкен еңбек сіңірді.

Америка құрлығын ресми түрде – **Христофор Колумб** ашты. Сол кездегі ғалымдар мен теңізшілер Атлант мұхиты арқылы батысқа жузе отырып Азияның шығыс жағалауына, Үндістанға баруга болады деп есептеген. Колумб Үндістанға осылай баруды жоспарлады. Оның жоспары 1492 жылы 3-тамыз күні іске асып, үш кемеден тұратын кішігірім флотилия Испанияның жағалауынан жолға шықты. 1492 жылдың 12-қазанында Христофор Колумбың кемесі Солтүстік Американың шығыс жағалауына жақын орналасқан аралдарға жетті. Колумбың саяхаты Солтүстік және Оңтүстік Американың жан-жақты зерттелуіне себепші болды.

Еуропалықтар үшін Австралия материгі Африка, Солтүстік және Оңтүстік Америка құрлықтарынан кейін белгілі болды. Материктің солтүстік жағалауын алғашқы болып 1606 жылы голландиялық теңізші **Билл Яңц** ашты. 1642 жылы голландиялық теңізші **Абел Тасман** Тасман аралдарын ашты. Одан ары жузе отырып Жаңа Зеландия, Тонга және Фиджи аралдарына дейін жетті. Бұл деректердің барлығы құпия сақталып отырды. Сондықтан да Австралияны 1771 жылы материктің шығыс жағалауларына жүзіп келген ағылшын теңізшісі **Джеймс Кук** ашқан деп есептелініп кетті.

1820 жылы ең соңғы материк – Антарктида ашылды. Себебі материктің ұзақ қашықтықта орналасуы және табиғатының қолайсыздығынан болды. Келесі саяхаттарының бірінде **Джеймс Кук** оңтүстікке жылжы отырып Оңтүстік аймағын ашуға талпынып көрген болатын. Жол бойындағы қатып жатқан мұздықтардан өте алмай кері қайтуына тұра келген.

1820 ж. қаңтарда орыс теңізшілері **Ф.Ф. Беллинсгаузен** мен **М.П. Лазарев**, «Восток» және «Мирный» желкенді кемелерімен Антарктида материгінің жағалауына жетті. 1911



Христофор
Колумб



Ф. Беллинс-
гаузен



М. П. Лазарев

жылдың аяғы мен 1912 жылдың басында норвег *Руала Амундсен* және ағылшын *Роберт Скотт* оңтүстік полюске жетіп, материктің ішкі аудандарының табиғаты туралы құнды материалдар жинақтады.


- 
1. Географиялық анықтамаларды және Интернет ресурстарын пайдаланып, Пангейя, Лавразия, Гондвана, Панталасса, Тетис атауларының мағынасын тауып, дәптерлеріце жазып алындар.
 2. 36, б-суреттегі қазіргі материкиердің және ірі тубектер мен аралдардың аттарын тауып атаңдар. Қосымша Атластағы жартышарлардың физикалық картасын пайдаланындар.



Дүниежүзілік мұхиттарда континенттен басқа құрлықтың кішігірім бөлігі – аралдар орналасқан. Аралдар да материк сияқты айналасы сүмен қоршалған. Кейбір жерлерде шығу тегі бірдей көптеген аралдар тобы кездеседі. Мұндай аралдар тобын *архипелаг* немесе *топарал* деп атайды.

- 
1. Жердегі арал, түбек пен архипелаг туралы хабарлама дайындаңдар.
 2. **Сұрақтар мен тапсырмалар**
 3. Кескін картага шартты түспен материкиерді бояп, аттарын жазындар. Мұхиттардың да аттарын жазындар.
 4. Географиялық сөздіктен материк, түбек, арал, архипелаг сөздерінің мағынасын тауып, жас натуралистің сөздігіне жазындар.
 5. Қазақстан қай материикте орналасқан? Неге Қазақстанның құрлықшілік материик деп атайды?
 6. Фернан Магелланның дүниежүзілік саяхаты туралы хабарлама дайындаңдар.

§ 14. МҰХИТТАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ



СЕҢДЕР ВАЛЕНТИН: Гидросфера және оның құрамдас бөліктері дегеніміз не? Мұхиттардың өзіндік ерекшеліктерін. Мұхит атауларының мағынасын. Мұхиттарды алғаш зерттеушілердің тарихын.
СЕҢДЕР ҮКРЕНСИНДЕР: Гидросфераның және дүниежүзілік мұхиттың құрамдас бөліктерін анықтауды. Мұхиттарды бір-бірімен салыстыруды және сипаттауды.
ЕСТЕРНЕЙ ТУСІРІНДЕР: Жер шарындағы құрлық пен судың арақатынасы. Мұхиттардың географиялық орны.

Теңіз
Море
Sea

Озен
Река
River

Мұхит
Океан
Ocean

Мұхит, өзен, көл, жерасты және батпақ сулары, мұздықтар, атмосферадағы су буласы т.б. – жердің су қабығы – *гидросфера*ның құрайды (грек тілінде гидро – *су*). Яғни планетадағы барлық сулардың жиынтығы. Судың негізгі қоры (97%) мұхит және теңіз сулары. Олар бірігіп – *Дүниежүзілік мұхиттың құрайды*.

Материктер арасындағы сулы кеңістік мұхиттардың құрайды. *Тынық, Атлант, Үнді және Солтүстік Мұзды мұхиттары*.

Әр мұхиттың өзіндік айрықша ерекшеліктері бар (37-сурет). Мұхиттардың атаулары өздерінің географиялық сипатына сәйкес келе бермейді.

Үнді мұхиты туралы жазба деректер Виско да Гаманың (1497–1499 жж.) саяхатынан басталады. Ағылшын теңізшісі Джеймс Куک алғашқы болып Үнді мұхитының терендігін есептеді.

МҰХИТТАРДЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ КӨРСЕТКІШІ



Тынық мұхиты

Ауданы: 178,6 млн кв. км.
Орташа терендігі: 3976 м.
Батыстан Азия мен Австралия, шығыстан – Антарктида жағалауарымен шектеседі.
Ең үлкен, ең терең және ең жылы мұхит.
Арапдары көп.



Атлант мұхиты

Ауданы: 91,7 млн кв. км.
Орташа терендігі: 3597 м.
Батыста Америкамен,
шығыста Еуропа,
Африкамен, онтүстікте –
Антарктидамен шектеседі.
Ауданы бойынша екінші,
терендігі бойынша үшінші.



Солтүстік мұзды мұхиты

Ауданы: 14,8 млн кв. км.
Орташа терендігі: 1225 м.
Еуразия мен Солтүстік Американың жағалауарын шайып жатыр.
Ең кіші және салқын, басқа мұхиттарға қарағанда терең емес.



Үнді мұхиты

Ауданы: 76,8 млн кв. км.
Орташа терендігі: 3711 м.
Африка, Австралия, Азия мен Антарктиданың ортасында орналасқан. Солтүстік Мұзды мұхитымен қосылмайды.

37-сурет. Мұхиттардың салыстырмалы көрсеткіші


Қазіргі мұхиттардың аттарын кімдер берген? Бұрынғы кезде олар қалай аталған? Не себепті Тынық мұхиты өз атына сәйкес емес?



Адамдар мыңдаган жылдар бойы жаңа жер, сауда жолдарын, қазына байлық іздең және балық аулау мақсатында теңіз бен мұхиттарды шарлап шықты. Ежелгі мемлекеттер Африка, Еуропа және Азияда орналасқан. Олар дүниенің басқа аймақтарын игеру үшін мұхитты кесіп ете алмаған. Алайда, бірнеше мыңдаган жылдар өткеннен кейін теңізшілер Американың, Австралияның, кейінірек Антарктиданың жағалауларына жетті. Бұл экспедициялар адамзат тарихында жаңа кезеңдерге жол ашты. Бұл дүниежүзіндегі алғашқы теңіз саяхатшылары болды.



Ертеректе теренцікті лот арқан (ұшында жұғі бар ұзын арқан) арқылы өлшеген. Фернан Магелланның лотының ұзындығы 370 метр болған. Қазіргі кезде теренцікті өлшеуде әхолот қолданылады. Кемеден әхолот арқылы жіберілген дыбыстың теңіз табанына барып шағылып кері қайтқан уақыты арқылы теренцік анықталады. Дыбыстың судагы жылдамдығы 1500 м/сек.



38-сурет. Эхолоттың көмегімен мұхит теренцігін өлшеу



38-суретке зер салып, берілген есепті шыгарыңдар:

Зерттеуші кеменің бортынан мұхиттың табанына әхолот арқылы жіберілген дыбыс 4 секундтан кейін кері қайтып келді. Есептеңдер. Кеме тұрған жердегі теренцік қанша болған? Жаңындағы сыйынтастыңың жауабымен салыстыр.

Атлант деген термин ежелгі грек тарихшысы Геродоттың еңбектерінде жазылған. Сонымен бірге, Эратосфен Киренскийдің (б.з.д. III ғасыр) және Үлкен Плинийдің (б.з. I ғасыр) еңбектерінде де кездеседі.

Атлант мұхитын алғашқы болып кесіп өткендер викингтер болды. Қойнаулар мен шығанақтарда жасырынып жүретін теңіз қарақшыларын «викинг» деп атаған. Ұлы жаңалықтардың ашылуы кезінде Үндістанға жеткізетін теңіз жолын іздеу барысында Атлант мұхитын Христофор Колумб та кесіп өтті.

Табиғат жағдайы қатаң Солтүстік Мұзды мұхит еуропалықтарға Тынық мұхиттан бұрын таныс болатын. X–XI ғасырларда Ресейдің солтүстігіндегі помор халықтары Жаңа жер және Шпицберген аралдарына дейін кемемен жүзіп барып отырған. Олар Атлант мұхитына өтетін теңіз жолын да білген.

XV–XVII ғасырлардағы Ұлы географиялық ашылулары кезеңіндегі негізгі мақсат – теңіз жолдарын, жаңа жерлерді

ашу болатын. Алайда, тәжірибесі аз және арнайы жабдықталған кемелері жоқ теңізшілер үшін жүзуге Солтүстік мұздықтары мүмкіншілік бермеди. Ағылшын зерттеушілері Г. Торна (1527 ж.) мен Г. Гудзонның (1657 ж.) Солтүстік полюске жасаған саяхаты сөтсіз болды. Х. Уиллоби (1553 ж.) мен В. Баренц (1594–1596 жж.) Кар теңізіне дейін жете алмаған.

Тынық мұхит арқылы жүзу адамзат жазу-сызуды білмей тұрган кездің өзінде басталған. Тынық мұхиттың шығыс жағалауына жеткен алғашқы европалық Васко Бальбоа болатын. 1513 жылы өзінің серігімен Панама мойнағы арқылы өздеріне белгісіз мұхиттың жағалауына етті. Мұхитқа оңтүстікегі ашық шығанақ арқылы шыққандықтан, Нуньес де Бальбоа оны *Оңтүстік теңіз* деп атады. 1520 жылғы 28-қараша күні Ф. Магеллан алғаш болып мұхитқа шықты. Мұхитты Отты жер аралынан Филиппин аралына дейін 3 ай, 20 күнде кесіп етті. Осы кездерде аяу райы бір қалыпты тынық болғандықтан Магеллан оны *Тынық мұхит* деп атады.



Мұхиттардың табигатын зерттеу барысында елеулі еңбек еткен басқа да көптеген зерттеушілерді атауга болады. Бірқатар экспедициялар діттеген мақсатына жетті, кейбіреулері сөтсіздікке ұшырады.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Кейбір кезде мұхит материиктерді ажыратпай, керісінше, жақыннан датады дейді. Бұл сөздің магынасын қалай түсінуге болады.
2. Не себепті Каспий мен Арал теңізі – көл, Балқашты – көл, Жерорта теңізі – теңіз деп атайды. Дәлел келтіріндер.
3. Бірнеше рөлдік топқа болініңдер (сарапшы-эколог, жағалау тұргындары, балықшы, демалушы және т.б.). «Мұхитқа көмек керек» деген дөңгелек үстел откізіндер.

№ 2 сармандық жұмыс


Кескін картага материиктерді, мұхиттарды, аралдарды, ірі тау жүйелерін түсіріңдер

Құрал-жабдықтар: жартышарлардың физикалық картасы, глобус, кескін карта, қарындаш, қаламсап, өшіргіш


Жұмыс барысы

1. Оқулық мәтінін және атласты пайдаланып, кескін картага материиктер мен мұхиттардың атауларын жазыңдар.
2. Картадан ірі аралдарды тауып жазыңдар.
3. Биіктік шкаласындағы түстерді қолданып, жазықтарды – жасыл, тауларды – қоңыр түске бояндар.
4. Тау жүйелерін кескін картага жазыңдар.

§ 15. АДАМДАРДЫҢ ЖЕР БЕТІНЕ ТАРАЛЫП ОРНАЛАСУЫ



Алғашқы адамдар азығын табу үшін ұдайы қозғалыста және ізденісте өмір сүрді. Сондықтан да бір жерде тұрақты қоныстанып отырмagan. Қебінесе өзен-судың жағасында қоныстанған. Себебі, суга келген андарды аулаған. Алғашқы адамдардың мекендереген орыны қоныс деп атады (39-сурет).




39-сурет. Ежелгі адамдардың қонысы



Тарихи материалдардың көмегімен Қазақстан жеріндегі ежелгі адамдардың қоныстары туралы деректерді табыңдар (Қосқорған, Қанай, Қапай, Бұкентау және т.б.). Олар шаруашылықтың қандай түрімен айналысқан? Қандай еңбек құралдарын қолданған?

Шамамен бұдан 74 мың жыл бұрын Жер бетінде температура төмөндей, сүйк ауа райы ондаған жылдарға созылды. Қолайсыз жағдай жануарлардың көптеген түрлерінің жойылуына және адам санының азаюына алып келді. Уақыт өте келе адамдар Антарктидадан басқа материктің барлығына қоныстانا бастады. Фалымдардың зерттеуі бойынша, олар алғашында Африка және Еуразияның тіршілік етуге қолайлыш жерлерін игеріп, кейіннен басқа материктерге қоныстانا бастаган. Қазіргі адамдардың арғы тегі 60 000 жыл бұрын Африкадан Азияға, Азиядан Австралияға, 40 000 жыл бұрын Еуропага тараган. 35 000 жыл бұрын Беринг бұғазына жетті. Бұғаз арқылы Солтүстік Американы бағындырыды. 30 000 жыл бұрын Беринг бұғазының орнында Солтүстік Америка мен Еуразияны жалғастырып тұрган құрлық болған. Шамамен 15 000 жыл бұрын адамдар Оңтүстік Американың оңтүстігіне дейін жеткен. Адамдар Австралияға Оңтүстік-Шығыс Азия арқылы жеткен (40-сурет).



40-сурет. Адамдардың жер бетіне таралуы

 40-сурет бойынша адамдардың материктерге және дүние бөліктегіне таралу жолдарына мән беріңдер. Қандай кедергілерден өткен? Қиындықты қалай жеңе білген?

 Қазақстан жеріндегі ежелгі адамдардың қоныстануына Қаратая жотасы қолайлыш болған. Салыстырмалы түрде ылғалды және жылы климат, қалың, өскен ылғалсүйгіш есімдіктер және алуан түрлі фауна адамдардың тіршілік етуіне жол ашты.

Адамдар Тигр, Үнді, Евфрат, Ніл өзендерінің жағалауында көбірек шоғырланды. Алғашқы өркениет осы жерлерден басталды. Өркениет – жабайылықтың орнын басқан, адамзат дамуының жоғарырақ тарихи кезеңі. Сондықтан да өзен жағалауы өркениеті деп аталды (41-сурет).




41-сурет. Ежелгі ұлы өзен жағалауындағы өркениеттер



Қазақстан тарихының және Интернет ресурстарының материалдарын пайдаланып, Сырдария мен Амудария өзендері аралығындағы ертеректе болған өркениетпен танысындар. Сырдария өзені сағасында Қазақстанның қандай ежелгі қалалары орналасқан?

Адамдардың жер бетіне таралуы адамзаттың қауымдастырының қалыптастырырды. Адамдардың көптеп бірігіп мекендейген жерлерінде қазіргі басты қоныстану аймақтары қалыптасты (40-сурет).



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қескін картага адамдардың қоныстануының (таралуының) негізгі жолдарын сыйындар.
2. «Қазақстан аумағындағы ежелгі адамдардың қоныстары» деген тақырыpta хабарлама дайындаңдар.
3. Топқа бөлініңдер. Қазақстанның ежелгі қалалары жөнінде баянда ма дайындаңдар. Өздерің тұратын жер немесе жағын жердегі қала туралы айтуда болады.

§ 16. ЖЕР БЕТИНДЕГІ НӘСІЛДЕР

СЕНДЕР ВАЛДЕН
ВОЛДАСЫНДАР:

Жер бетіндегі насылдер жайлы.
Әртүрлі насыл болғанымен шығу тегінің бір екенін.

СЕНДЕР
УЧРЕНЕСЧИДЕР:
ЕСТЕРИНЕ
ТУСКИНЕДЕР:

Наஸіларалық топтар арасындағы туыстықты табу.
Адамның сыртқы келбетінің өзгеруіндегі қоршаған ортанды асері.

Адамдар материкитерге және оның беліктегіне қалай тараңды?
Адамдар тіршілікке қауіпсіз жерді іздеу барысында қандай қыншылықтарды жеңді?

Нәсіл
Раса
Race

Этнос
Этнос
Ethnos

Ұлт
Нация
Nation

Теңдік
Равенство
Equality

Адамдардың жер бетіне тараулуы барысында көптеген адам популляциясы пайда болды. Бұл топтар бір-бірінен алшақта түргандықтан араларында байланыс болмады. Табиғи сұрыпталудың нәтижесінде үш түрлі насыл қалыптасты – *негроидтық* (қара), *европеоидтық* (ак) және *монголоидтық* (сары). Бір-бірінен ерекшеленетін әртүрлі адамдар тобының өзіндік белгілерін *насылдік ерекшеліктер* десе, бір-біріне үқастықпен біріккен топты – насыл дейді.



Нәсіл – белгілі бір географиялық аймақта қалыптасқан, өзіндік тектік ерекшеліктері бар адамдардың үлкен тобы.

Нәсілдік айырмашылық адамдардың биологиялық біртектілігін жоя алмайды. Қазіргі адамдар арғы ататегіне қарай бір-біrine туысқан болып келеді (42-сурет).

Африкадағы Сахара шөлінің оңтүстігінде басым түрде *негроидтық* насыл өмір сүреді (қара насылінің адамдары). Олар терісі қара, шаштары бүйра, көздері үлкен, мұрындары жалпақ және еріндері толық болып келеді.

Негрлерге жақын нәсілге *аустралиоидтер* жатады. Олардың да терісінің түсі қара, жалпақ мұрын, қалың ерінді болып келеді. Олардың бір тобының (меланезиялықтар) шаштары бүйра, келесі тобында (аустралиялықтар) толқынды.

Орталық және Шығыс Азияда басым түрде *монголоидтық* (сары нәсіл) нәсілдер қоныстанған. Олардың терісі сарғыштау (арасында терісі ақ және қаралауы да кездеседі), шаштары қатты өрі ұзын, салалы, жақ сүйектері шығынқы, мұрны кішілеу, жіңішке. Басты ерекшелігі көздері қысынқы болып келеді.

Еуропеоид нәсілі (ақ нәсіл) Еуропада, Батыс Азияда және Солтүстік Африкада тұрады. Соңғы тәрт-бес ғасыр бойы көшіп-қонудың әсерінен Солтүстік және Оңтүстік Америкада, Аустралияда және Жаңа Зеландияда кеңінен тарады.



42-сурет. Әртүрлі, бірақ бір-біріне ұқсас

 42-суреттегі құрдастарының нәсілдерін атап беріңдер. Сен қай нәсілге жатасың?

 Адамзаттың барлық нәсілдерінің биологиялық даму деңгейі бірдей. Барлық нәсілдер бірдей құқыққа ие.

Бір аумақта тұратын, бір тілде сейлейтін, мәдениеті ұқсас, тарихи қалыптасқан тұрақты топты – этнос деп атайды.

Этностар тайпа, ұлыс, ұлт болуы мүмкін. Ежелгі этностар алғашқы өркениетті және мемлекетті қалыптастыруды. Дүниежүзінде 200-ге жуық мемлекет болса, ұлттардың саны 3000–4000 шамасында.



Этнос (грек тілінде – *ton, tainia, халық*) – тілі, мәдениеті, діні бір және бір аймақта тұратын адамдар тобы.

Қазақстанда 130-дан астам ұлт пен ұлыстың және этникалық топтың өкілдері өмір сүруде. Олай болса, біздің мемлекетіміз көпүлтты және көп конфессиялы (көпдінді) республика (43-сурет). Сондықтан да барлық ұлттар мен діндер арасында өзара сый-құрмет, түсіністік орын алған.



43-сурет. Қазақстан көпүлтты мемлекет



Дүниежүзіндегі барлық елдердің және нәсілдердің балаларының бақытты және еркін өмір сүрге құқықтары бар.



Сұрақтар мен тапсырмалар

- Нәсілдерді ажыратудың қандай белгілері бар?
- Не себепті биологиялық тұрғыдан барлық нәсілдерді бірдей дейміз?
- Сынып арасында нәсіларалық мәселелерді қарастырындар. Нәсілдер мен ұлттар арасындағы достастыққа мысал келтіріңдер.

ІІІ БӨЛІМ. ЗАТТАР ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДАР



- ★ Заттардың құрылышы және қасиеті
- ★ Заттардың жіктелуі
- ★ Заттардың пайда болуы және затты бөліп алу
- ★ Табиғи және жасанды заттар
- ★ Табиғаттағы құбылыстардың көптүрлілігі

§ 17. ФИЗИКАЛЫҚ ДЕНЕ. ЗАТ. МАССА



СЕНДЕР ВІЛЕТТИН
СЕНДЕР УЧЕНЕБІСІДЕР:
БОЛАСЫЦАР:

Физикалық дene деген не?
Дene заттардан құралған.
Дененің қасиетін өзгертуі.

Заттарды ажырату, физикалық дene және
материалдар.
Заттың қасиетін ажырата білу.

Қандай денелерді тірі және өлі дейміз?
Тәжірибе жүргізу барысындағы қауіпсіздік
ережелері.

Зат
Вещество
Substance

Масса
Massa
Mass

Тәжірибе
Эксперимент
Experiment

Кез келген нәрсені жалпы алғанда зат деп қабылдаймыз. Бір нәрсені әртүрлі заттардан жасауға болады. Мысалы: құбыр жасау үшін темір, шыны, мыс, пластмасса қолдануы мүмкін.

Керісінше, әртүрлі нәрсені жасау үшін (терезе, ыдыс, шам) бір ғана шыныны пайдаланады. Яғни, физикалық дene дегеніміз – бізді қоршаған заттар (мәшине, үй, жиһаз, ойыншықтар және т.б.).

Ал зат дегеніміз – физикалық дененің құрамдас бөліктері. Оттегі, алтын, су, ауа – бұлар зат. Тірі ағзаның денесі көптеген заттардан тұрады.



Физикалық дene дегеніміз – көлемі және **салмағы** бар (су тамшысы, минералдардың кристалы, шөлмектің сынығы, пластмасса, бидайдың түқымы, алма, жаңғақ) және адам еңбегімен жасаған заттар (сағат, ойыншық, кітап, зергерлік бүйымдар). Барлық денелер заттардан тұрады.

Зат – физикалық денелердің құрамдас бөлшегі.



Қазіргі кезде бізге белгілі 20 млн зат бар. Олардың көбі табигатта кездеседі. Ауаның құрамында әртүрлі газдар; өзен, теңіз және мұхиттарда судан басқа әртүрлі ерітінділер болады; Жердің жоғарғы қатты бөлігінде көптеген минералдар, тау жыныстары, кенниң түрлері және т.б. бар. Тірі ағзалардың құрамында өте көп заттар кездеседі (44-сурет).

ЗАТ – физикалық дененің құрамдас болшектері



Физикалық дененің түрлері:
айсберг,
асүй жабдықтары,
күміры,
күс.

Заттың түрлері:
металл,
су,
көмір,
оттері.



44-сурет. Табигаттағы денелер мен заттар



Өсімдіктер мен жануарлар тобынан, тірі физикалық денелерге мысал келтіріндер.

Түрлі құралдарды және құрылышқа қажетті заттарды дайындау үшін материал қажет (45-сурет). Ежелгі адамдар ағаш, тас, сүйек, сазбалшық және т.б. табиғи заттарды қолданды. Адамдар уақыт өте келе металл балқытуды, шыны, әктас, цемент алуды үйренді. Соңғы кездері дәстүрлі материалдардың орнына пластмасса сияқты жаңа материалдар әзірлене бастады.



1. Ағашты қандай құрылыш материалы ауыстыра алады.
2. Олардан жасалған заттарды атаңдар.
3. Орманды не үшін қорғау қажет?

45-сурет. Заманауи құрылыш материалдары

Зат қасиетінің өзгеруі

Температуралың өсерінен зат қасиетін өзгертерді (46 а, ә, б-сурет). Мысалы, балмұздар құн сөулесінің жылуынан еріп, сүйікқа айналады.



Майшамды (парафинді) шыны не- месе қыш ыдысқа орнатып жағатын болсақ, оттың жылуынан парафин ериді, еріген парафин төмен қарай ағып, қайтадан қатады.



Кез келген ыдысқа мұз толтырып, оны жылы жерге біршама уақыт қойындар. Көп ұзамай ыдыс қабыргасында су тамшылары пайда болады. Жылы ауа, сұық ыдыстың қабыргасына жанаңқанда жылы ауа суынып, ауа құрамындағы ылгал су тамшыларына айналады (46-сурет).



46-сурет. Зат қасиетінің өзгеруі



47-сурет. Суаршын

Беткі керіліс. Сүйиқтың молекулалары бір-біріне тартылып, жабысып тұрады. Бір қараганда сүйиқтың қабығы (теріci) бар тәрізді болып көрінеді. Мұндай байланысты беткі керіліс деп атайды. Осының нәтижесінде суаршындар судың бетінде жүре береді.

Суаршын – судың бетінде жүретін жәндіктердің бірі. Олар бір-бірімен су толқындары арқылы хабар алышады (47-сурет).



Тәжірибе жүргіземіз. «Қалқыган қағаз қыстыргыш». Сүйиқтың беткі керілісін анықтау үшін ыдысты суға толтырып, қолдарыңа қағаз қыстыргышты алындар (48-сурет).



48-сурет. «Қалқыган қағаз қыстыргыш» тәжірибесі

Жұқа қағаз немесе майлықтың төрттен бір бөлігін судың бетіне төсеп, жыртып алмай үстіне қағаз қыстырығышты қойындар. Майлық суды өзіне толық сіңіргенше күте тұрындар. Енді қолдарыңа қарындаш алғып, майлықтың шеткі жақтарын тұртеді отырып, суга батырып жіберіндер. Егер сендер дұрыс жасаған болсаңдар, қағаз қыстырығыш судың бетінде қалқыган күйде қалады. Оны су бетінің керіліс күші ұстап тұрады.



Қандай заттарға көптеген қасиеттер ортақ екенін сипатта. Судың үш күйін атап беріндер.

Кез келген физикалық дененің құрамында белгілі бір мөлшердегі заттар және олардың өзіндік массасы болады. Массаны таразымен өлшеміне **килограмм (1 кг)** бірлігі қабылданған.



Негізгі физикалық қорсеткіштерді өлшеу әдістері

- Берілген заттың массасын өлше.
- Таразының бір жақ шетіндегі табақшага бір затты қойып, екінші жағына соның массасына сай гір тастарын орналастыр.
- Нәтижесін дәптерлеріңе жазындар.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- Мұз, шеге және қарындаш қандай заттардан тұратындығын атап беріндер.
- Ваза, төрелке, шкаф қандай материалдардан жасалған (пластмасса, шины, металл, мата, ағаш)?



Алғаш дүниеге келген кезіндегі салмағынды, бойының ұзындығын қазіргі кездегі қорсеткіштеріңмен салыстырып көр. Қанша салмақ қостың және қаншалықты бойың есті? Мысалы: тұган кезіндегі салмағың 3 кг, бойың 52 см. Жылына салмағың, бойың қаншага есіп отырғанын есепте.

§ 18. ЗАТТАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ДИФУЗИЯ



СЕНДЕР БІЛГІТИН:
БОЛАСЫНДАР:

Диффузия дегеніміз не?

Заттар молекуладан, молекула атомнан тұрады.

ЕСТЕРДІН:
СЕНДЕР
СЕНДЕР-ҮЙІНСІЗДЕР:

Диффузия құбылысина бақылау жасау жолдары.

Диффузия құбылысын түсіндіре білу.

Заттар мен ерітіндіден зертханалық тәжірибе жүргізу.

Тәжірибе дегеніміз не?

Тәжірибе жүргізу барысындағы қауіпсіздік ережесі.

Диффузия
Диффузия
Diffusion

Молекула
Молекула
Molecule

Атом
Атом
Atom

Диффузияны бақылау үшін бояудың тамшысын немесе грифель қарындашының ұнтағын (қызыл, сары, көк) су құйылған биік ыдысқа саламыз. Олар ыдыстың тәменгі жағына түсіп, біраз уақыттан кейін боялған суға айналады. Салқын бөлмеде бірнеше апта сақтаймыз. Судың түсі біртіндеп өзгерे отырып, ыдыстың жоғарғы жағына дейін жетеді.

Диффузия құбылысы қалай болады? Заттардың бөлшектері ретсіз қозғалу барысында бір-бірінің арасына кіреді. Заттардың осылай ретсіз өз бетінше қозғалысын *диффузия* дейміз. Диффузия латын тілінде таралу, ыдырау, жайылу деген мағынаны білдіреді (49-сурет).



Шайға салынған қант тез еруі үшін оны араластырамыз. Арапастырмаған жағдайдың өзінде де біраздан кейін қант еріп, шай тәтті болады. Сабак барысында заттардың өз бетінше араласуын билетін боласындар. Молекулалардың тоқтаусызы, ретсіз ары-бері қозғалысын *диффузия* құбылысы дейміз.




49-сурет. Газдағы, сүйкіткіштегі және қатты денедегі диффузия

Тәжірибе барысында жылды температурада диффузияның жылдам жүретіндігі анықталды. Оны дәлелдеу үшін кішігірім тәжірибе жүргізіп көрейік.



Бірі жылды, екіншісі салқын сумен толтырылған екі стақан ала-мыз. Екі стақанға да бірдей мөлшерде тез еритін кофе саламыз. Бір стақанда диффузия жылдам жүреді. Қайсысында судың түсі тез өзгеретінін бақылаңдар. Не себепті олай болды?

Қатты денеде диффузия болуы мүмкін бе? Бір қарағанда мүмкін емес. Бірақ тәжірибе көрініш жауап береді. Егер де екі түрлі металдың (мысалы, алтын және қорғасын) бетін жақсыладап тазалап сұртіп, бір-біріне қатты қысып ұстап тұрса, терендейдігі 1 мм-ге дейін олардың молекулалары бір-біріне өтеді. Шындығы сол, оған бірнеше жыл қажет (50-сурет).



50-сурет. Қатты денелерде диффузия өте баюу жүреді



Диффузия газда, сұйықтықта және қатты денелерде жүргенімен, олардың уақыт бірлігінде үлкен айырмашылық бар. Диффузияның жылдамдығының жылу арқылы көбейтуге болады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- Не себепті азық-тұлікті және іісі бар заттарды бірге алып журуғе болмайды? Мысалы, лак, бояу және т.б.
- Не себепті шайды сұық суда емес, қайнатылған ыстық суда демдейміз?

§ 19. ЗАТТАРДЫҢ ҚАСИЕТІ



Заттардың негізгі қасиеті және белгілері.

Заттардың қандай қасиеттері болады?

Заттардың қасиеттерін ажырату.

Заттың қандай күйде екенін сипаттай білу.

Дене және зат дегеніміз не?

Адамның денсаулығына қауіпті заттарды қайда және қалай сақтау керек?

Қасиет
Свойство
Property

Кез келген затты өзіне тән айрықша қасиеттеріне қарай анықтауға болады. *Қасиет* – заттарды немесе материалдарды анықтау барысында бір-бірінен ажырату ерекшелігі. Оны көруге, иіскеуге, дәмін татуға болады. Мысалы, физикалық қасиетке – заттың пішіні, түсі, иісі, еруі, балқу температурасы және тығыздығы жатады.




Химия – заттардың бір түрден екінші түрге айналуын және олардың қасиеттерін зерттейтін ғылым (51-сурет). Химия – өте ежелгі ғылымдардың бірі. Химиялық өнеркәсіп біздің жыл санауымызға дейінгі З мыңжылдықта пайда болған. Ежелгі Мысырда металл кенін балқытып, металл, қорытпа алған, шөлмек, керамика, бояғыштар, өтір өндірудің жолдарын білген.



51-сурет. Химия ғылымы заттардың бір түрден екінші түрге айналуын зерттейді

Заттардың қасиеті – *физикалық* және *химиялық* деп бөлінеді (52-сурет). Физикалық қасиетіне – түсі, иісі, дәмі, балқу температурасы және қайнауы, қатуы, ағуы жатса; химиялық қасиетіне – химиялық реакцияларға қатысуы жатады. Яғни бір зат басқа жаңа затқа айналады.



52-сурет. Заттардың қасиеті



Физикалық құбылыш кезінде заттардың табигаты өзгермейді, тек олардың агрегаттық құйі мен пішіні өзгереді, жаңа зат пайда болмайды.



Оқулықтағы қосымша материалдарды және Интернет ресурстарын пайдаланып, туstіc – жылтырдан, жылуеtкізгіштіктіc – электрткізгіштіктен, ерудіc – балқу температурасынан айырмашылығын анықтаңдар.

Кез келген заттың өзіне тәn түсі болады. Ол қатты, сүйиқ болуы мүмкін. Мысалы, сут – ақ сүйиқтық, ал көмір болса – қара.

Кейбіr заттар *tүссіz* болады. Мысалы – су, шелmek, aya.

Iic – iic сезу арқылы анықталатын материалдың қасиеті. Сарымсақтың өте откір iicі бар. Кейбіr материалдардың iicі болмайды. Мысалы, темір, алтын және т.б.

Iiccіz – бұл терминді заттың немесе дененің iicі болмағанда қолданады.



53-сурет.
Заттың iicін
анықтау

Заттардың iicін анықтауда өте абай болындар. Ол үшін алақаныцмен заттың айналасындағы ауаны өзіңе қарай желпу керек. Алғашқыда осылай шамалап iicін анықтап алған жән. Өздеріңе таныс емес заттың iicін анықтауға қызығушылық білдіре бермендер (53-сурет).



Қайнау температурасы – сүйиқтықтың бұға айналу температурасы. Қалыпты атмосфералық жағдайда судың қайнау температурасы – 100 °C.

Балқу температурасы – қатты заттың сүйиқ затқа айналу температурасы.

Жылтырау – заттың үстіңгі бетіне түскен жарықты шағылыстырыу. Алтын және күміс жарықты шағылыстыра алады.




Ерігіштік – заттың сүйықтықта еру қасиеті. Ал ерткішке су жатады. Мысалы, қант суда ериді. Ерімейтін зат сүйықтықта ерімейді.

Жылуоткізгіштік – дененің ішкі энергияны қызызы жоғары бөлігінен салқындау бөлігіне қарай өткізу үдерісі. Бұл үдеріс дәне бөлшектерінің (атом, молекула, электрон) ретсіз қозгалу нәтижесінде іске асады.


Иілгіштік – күштің, сокқының себебінен металдың (басқа заттардың) иленіп пішінін өзгерту қасиеті. Температура жоғарылаған сайын металдың иілгіштігі де жоғарылады.

Балқу – сыртқы факторлардың біртіндеп әсер етуінен иілгіш металдардың және дененің қоймалжың сүйықтық тәрізді ағуы. Осындай қасиетінің арқасында ағады, төгіледі және шашырайды. Кез келген пішімге құйғанда, соның пішінін қабылдайды.



54-сурет. Жылу берудің түрлері

54-суретке зер салындар. Жылу шығару мен жылуоткізгіштіктің қандай айырмашылығы бар? Жылытыш заттарды қолдану барысында қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керек?




55-сурет. Дененің (материалдың) жылуоткізгіштігі



55-суреттен қандай материал жылуды тез өткізіп, қайсысы баяу өткізетіндігін анықтаңдар. Өз ойларыңды дәлелдеуге тырысыңдар.




Тығыздық – материалдың немесе заттың көлем бірлігіндегі салмағы (1 m^3). Кез келген материалдың немесе дененің тығыздығы салмақтың көлемге шаққандағы мөлшеріне тең (56-сурет). Тығыздық өлшемі kg/m^3 арқылы есептелінеді.




56-сурет. Заттардың тығыздығындағы айырмашылықтар

Заттың қасиеті. Зат үш түрлі агрегаттың күйде болады – қатты, сұйық және газ (57-сурет). Заттың қасиеті молекулалардың орналасу ерекшелігіне байланысты (кристалдық тор).


Заттың күйіне байланысты оның құрылымы өзгереді. Мысалы, су қатты күйде болғанда молекулалары бір-біріне жақын орналасады, сұйық күйде болғанда салыстырмалы түрде бір-бірінен алшақ орналасады, газ күйіндегі арақашықтық одан бес-тер алшақтайды.



Мұз



Сұйықтық



Бу

57-сүрет. Заттардың агрегаттық күйлері



Ойланындар, мұз (қатты дене) сұйыққа, одан кейін газга қалай айналады? Бұдан қалай су алуға, кейіннен мұз кристалдарын алуға болады?



Сөздікten қатты дене, сұйықтық, газ үгымдарының анықтамасын жазып алыңдар.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Физикалық денеге, затқа және материалға мысал келтіріңдер?
2. Қайсысы затқа жатады: үстел, мыс, мұз, пластикалық бөтелке, спирт, газет, су буы, күміс алқа.
3. Мысал келтіріңдер: а) бір материалдан жасалған бірнеше зат; ә) бірнеше материалдан құралған зат; б) екі материалдан да бірдей зат жасауга болатын зат.
4. Үйдегі қандай затты ісінен анықтауга болады?
5. Әртүрлі шыныларда аты жазылмаған бірнеше заттар бар. Өтір, есімдік майы, ас тұзы, темір сынығы, мәрмәр. Оларды қандай қасиеттері арқылы анықтауга болады?
6. Заттың физикалық қасиетін естеріце түсіре отырып, бұрауыш және қыскаштың сабы не себепті пластмассадан жасалатындығын түсіндіріп беріңдер.

№ 3 сараландық жұмыс

Заттың қасиеті

Құрал-жабдықтар және реактивтер: су, тәжірибелік стакан, шыны таяқша, қаттылық шкаласы, ас тұзының, есімдік майының, бордың, мыстың үлгілері.

Берілген заттардың үлгісімен танысып, 2-кестені толтырыңдар.

2-кесте

Белгілері	Заттар			
	Ас тұзы	Өсімдік майы	Мыс	Бор
Агрегаттық қүйі		сүйиқтық		қатты зат
Түсі	ақ			
Жылтырлығы	жоқ		бар	
Исі		шамалы	жоқ	жоқ
Судагы ерігіштігі		-		

Окушы тапсырманы орындағанда бірнеше қате жібереді. Заттардың үлгісімен және қасиетімен танысындар. 3-кестедегі қателерді тауып, түзендер.

3-кесте

Белгілері	Заттар			
	Ас тұзы	Өсімдік майы	Мыс	Бор
Агрегаттық қүйі	қатты зат	сүйиқтық	қатты зат	қатты зат
Түсі	сары	сары	сүр	ақ
Жылтырлығы	жоқ	жоқ	бар	бар
Исі	бар	шамалы	жоқ	бар
Судагы ерігіштігі	+	-	-	+

 Тапсырманы орындағанинан кейін қорытынды жасап, дәптерге жазындар.

§ 20. ТАЗА ЗАТТАР ЖӘНЕ ҚОСПАЛАР



Қоспа
Смесь
Blend

Хош иістендергіш
Ароматизатор
Flavoring

Таза заттар – тұрақты физикалық қасиеті бар заттар. Таза зат табигатта болмайды, болған жағдайда да өте сирек кездеседі. Таза заттардың тұрақты құрамы немесе құрылымы (тұз, қант) болады. Таза заттар элемент немесе қоспа болуы мүмкін.



Біздің айналамыздағы заттардың, негізгі бөлігі қоспа күйінде кездеседі. Дистилденген су сияқты абсолютті таза зат қоршаган ортада болмайды.

Қоспалар – әртүрлі заттардың жиынтығы. Олар – *сүйық, қатты және газ* тәрізді болып бөлінеді. Мысалы, ауа – газдардың қоспасы (азот, оттегі, көмірқышқыл газы және т.б.). Теңіз суы – қоспа (ерітінді), ол – тұздың (қатты зат) және судың (сүйық зат) қоспасы, балмұздақ – *мұздың, қаймақтың, хош иістендергіштің*, кейде дәмдеуіш бояулардың қоспасы. Суынның көпіршігі шырып тұруы үшін көмірқышқыл газын қосады.




Қоспа – бір-бірінен ажыратуға болатын әртүрлі заттардың қосындысы.



Темір және бор ұнтағын бір-бірімен араластырсақ, темірден ақшылдау, бордан күнгірттеу (қоюлау) түс пайда болады. Бір заттан екінші затты қалай ажыратуға болады?

1. Заттарды магнит арқылы ажыратуға болады. Темір мен бордың қоспасының жанына магнитті жақыннатсаң, темір ұнтағы жабысып, бордың ұнтағы сол жерде қалып қояды.

2. Егер де оларды ыдысқа салып, үстіне су құйсан, бор судың бетіне қалып шыгады да, темір ыдыстың түбінде қалады.




Екі бетелкеге су құйып, біріне құм, екіншісіне тұз салындар да, араластырыңдар. Құм суда ерімейді. Оны қанша араластырса да, біраздан кейін түбіне тұнады. Ал тұз еріп, ұсақ түйірлері ғана су түбінде қалады. Бірақ екеуін де қоспа зат деп атайды (58-сурет).

Сүт –
май мен
судың
қоспасы.



Өздерің билетін лимон шырыны – лимон қышқылы мен судың қоспасы.

Оларды буландыру арқылы ажыратуға болады. Егер де шырынды қайнатсаңдар одан су буланып, лимон қышқылы кристалданып, тұнба күйінде шөгіп қалады.



Жағажайдагы
күм – күм,
ұлутас және
ұсақ тастардың
қоспасынан
құралған.



Майонез –
май, сірке
қышқылы және
жұмыртқаның
сары узызынан
туралы.

Эмульсиялы бояуы су, май және химиялық,
бояу эмульгаторынан тұрады.



Көпіршітін сусындар –
сүйкітың (хош істендерілген)
және көмірқышқыл газының
қоспасы.



58-сурет. Ерітінді түрлері

Металлургия өнеркәсібінде жоғары сапалы материал алу үшін әртүрлі металдарды бір-біріне қосып, балқытып қорытылған қоспа жасайды.



Интернет ресурстарын пайдалана отырып, мельхиор, никром, латунь, қола, болат қоспаларының құрамын анықтаңдар. Олар не үшін жасалынады? Қайда қолданылады?



Металл қорытпасы – құрамы екі немесе бірнеше элементтен тұратын және металл компоненттері басым болып келетін металл қоспасынан тұратын материал.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Таза зат дегеніміз не?
2. Табиғатта таза заттар кездесе ме?
3. Қоспа заттарға мысал келтіріңдер. Оларды қалай ажыратуға болады?
4. Ауа таза зат па өлдө қоспа ма? Теніз суы ше? Металдардың қоспасы қалай аталады?

№ 4 сараландық жұмыс

Қант ерітіндісін дайындау және оның ерітіндідегі үлесі

Құрал-жабдықтар:

Үйдістар: Өлшегіш цилиндр, конус тәрізді колба, шөлмек таяқша, шай қасық.

Аспаптар: Әртүрлі салмақ өлшегіш таразылар.

Заттар: Құмшекер (шақпақ қант).

Қауіпсіздік ережелері

Таразыға өлшеген кезде ыдыс орнына бір бет қағазды пайдаланыңдар. Химиялық заттарды еш уақытта таразының ыдысына сол күйінде салмаңдар.

Өлшенетін затты таразының сол жағындағы ыдысқа, өлшегіш тасты оң жағындағы ыдысқа салыңдар.

Бірінші кезекте бос ыдысты өлшеп аламыз, кейіннен зат салынған ыдысты өлшеміз. Ара салмағына қарай отырып, заттың нақты салмағын анықтаймыз.

Заттың салмағына гір тасының салмағы жақындағанда ары-бері қозгалады. Нақты анықтау үшін нөлдік деңгейге сойкес болуы керек.

Нақты салмақ анықталғаннан кейін, нәтижесін жазып аламыз да, гір тастарын қорапшасына салып қоямыз.

№1 жұмыс. Ерітіндіні дайындау (59-сурет)

1. Өлшегіш цилиндр арқылы 50 мг суды аламыз. Суды конус тәріздес колбага құямыз.

2. Бір шай қасық құмшекерді (шақпақ қант) өлшеп аламыз.

3. Құмшекерді су құйылған колбага саламыз.

4. Шөлмек таяқшамен құмшекерді толық ерігенше араластырамыз. Тәтті дәмі бар сулы ерітіндіні аламыз.



Өлшеугіш цилиндрмен
50 мл су алыңдар.

Колбага су
құйыңдар.

59-сурет. Ерітіндіні дайындау**№2 жұмыс. Ерітіндіні есептеу.**

1. Ерітіндідегі қанттың мөлшерін есептейміз. Мысалы:

Колбадагы судың көлемі = 50 мл

Қанттың салмағы = 3,5 г

Шешімі:

- 1) $50 \text{ мл (су)} + 3,5\text{г (қант)} = 53,5\text{г (барлығы)}$
- 2) $3,5\text{г (қант)} : 53,5\text{г (барлығы)} = 0,065 (6,5\%)$
- 3) Немесе пропорция құрамызы: $\frac{3,5 \times 100}{53,5} = 6,5$

Жауабы. Ерітіндідегі қанттың үлесі = 0,065 немесе 6,5%



Тәжірибелі орындалуын сипаттап, қорытынды шығарыңдар.

§ 21. ЕРИТІН ЖӘНЕ ЕРІМЕЙТІН ЗАТТАР



СЕНДЕР ВІЛЕТІН
БОЛАСЫҢДАР:

Еритін және ерімейтін зат деген не?
Қандай заттар тез ериді?

СЕНДЕР
УЙРЕНЕСІЦІР:

Заттардың ерігіштігіне тәжірибе жүргізіп үйрену.
Тәжірибелі нәтижесін талдау және қорытынды шығарып үйрену.

ЕСТЕРІНЕ
ТҮСІРІЦІР:

Сұйық заттың қатты және газдан айырмашылығы.
Тәжірибе жүргізуудің ережесі мен қауіпсіздік ережесін сақтау.

Ерігіштік
Растворимость
Dissolubility

Химиялық элемент
Химический элемент
Chemical element

Металл
Металл
Metal

Металл емес
Неметалл
Non-Metal

Ерігіштік – суда немесе басқа сұйықтықта заттардың еру қасиеті. Кейбір заттар суда өте жақсы ериді. Кейбіреулері аз мөлшерде ерісе, үшіншілері мүлдем ерімейді. Суда қатты, сұйық, және газтәріздес заттар да ери беруі мүмкін.

Суда еру деңгейіне қарай заттар үш топқа бөлінеді:

- 1) жақсы ерітін;
- 2) баяу ерітін;
- 3) ерімейтін.

Заттардың ерігіштігіне қарай бөлінуі 60-суретте көрсетілген.

20°C температурада еритін заттар		
Жақсы еритін	Баяу еритін	Іс жүзінде ерімейтін
қант 1 литр суда 2000 г ериді 	гипс 1 литр суда 2 г ериді 	күміс хлориді 1 литр суда $1,5 \cdot 10^{-3}$ г ериді 

60-сурет. Заттар ерігіштігіне қарай бөлінеді



60-суретте судың температурасы 20°C болған жағдайдағы заттардың ерігіштігі көрсетілген. Заттардың ерігіштігін жылдамдататын және баяулататын қандай тәсілді ұсынар едіндер?



Табиғатта мұлдем ерімейтін зат болмайды.

Шөлмек, күміс және алтынды – суда ерімейтіндерге мысал ретінде келтіруге болады (*ерімейтін заттар*). Олардың қатарына (*сүйық заттар*), керосин, май және газды (*газтәріздес заттар*) қосуға болады.

Көптеген заттар суда біршама жақсы ериді. Мысалы, қант, мыс купоросы (totияйын), спирт.



Үстық шайда қанттың еру үдерісі сүйқ шайға қарағанда біршама жылдам болады. Себебі, қанттың ерігіштік қасиеті сүйқ суга қарағанда, ыстық суда жоғары.

Аз еріген заттары бар ерітіндіні *араластырылған ерітінді* дейміз, егер де құрамында еріген заттары көп болса – *концентрацияланған* дейміз.

Калий бромидінің 1%-дық ерітіндісі – *араластырылған ерітінді* болса, 32%-дық *ерітіндісін концентрациялы* дейміз.



Ерітінді – еріткіштің молекуласы мен еріген заттың кішігірім бөлшектерінен тұратын, физикалық және химиялық біртекті сұйықтық.

Ерітіндідегі заттың құрамы көбінесе үлес салмағымен немесе пайызбен көрсетіледі.



Ерітіндідегі заттардың мөлшерін салмағының үлесіне қарай қалай есептейді?

Егер де еріген натрий хлоридінің судағы үлес салмагы 0,02 немесе 2%-га тең болса, 100 грамм ерітіндідегі натрий хлоридінің үлесі 2 грамм деген сөз. Қалған 98 граммы су.



Кішігірім тәжірибе жасап көрейік. Мұқият қарап, бақыландар.

№1 тәжірибе

1. Су құйылған стақанға бір шай қасық қант қосып, арапастырындар. Қант ұнтағына не болды? Олар қайда жоғалып кетті? Қант ұнтағы жоқ болып кетті деп айтуга бола ма? (судың дәмін көріндер). Стакандагы судың түсі өзгерді ме? Су мөлдірлілігін сақтап қалды ма?

2. Қағаз сүзгі арқылы төтті суды сүзіндер. Судың дәмін көріндер? Су қанттан тазаланды ма?

№2 тәжірибе

1. Су құйылған стақанға, шай қасықпен, өзен жагалауынан әкелінген таза құмды салып арапастырындар. Судағы құм түйіршіктерінде өзгеріс болды ма? Судың түсі және мөлдірлілігі өзгерді ме?

2. Қағаз сүзбені пайдаланып, жаңағы құм арапасқан суды сүзгіден өткізіндер. Сузу арқылы су тазаланды ма?

№3 тәжірибе

1. Суы бар стақанға бір шай қасық тұзды арапастырындар. Тұз түйіршіктеріне не болып жатқанына зер салындар. Біртіндең кішірейіп, біраздан кейін көзге көрінбей кетеді. Тұз жойылып кетті ме? Ол үшін судың дәмін көреміз. Судың кермек дәмі бар. Тұз жойылып кеткен жоқ, ол еріп кетті.

2. Суды сүзгіден өткізіп көріндер. Сүзгіде ештеңе қалған жоқ, ал су тұзды күйінде қалып қойды.

Тәжірибелерді өзара салыстырып көріндер.

Қорытынды. Өзен жагалауынан әкелінген құмды стақанға салғанда, ыдыстың төменгі жағына құм өзгермesten жиналады. Сүзгіден өткізгенде оның түйіршіктері қағазда қалып қойды. Тәжірибеден байқағанымыз, құм суда ерімейді екен.


№4 тәжірибе

1. Саз бен тіс жуатын ұнтақты суға араластырып көріңдер. Бұл заттардың түйіршіктері суды лайлап жібереді. Суды біраз уақыт тұндырып қойсақ, саз бен тіс жуатын ұнтақтың түйіршіктері ыдыстың түбіне тұнады. Араластырсан, қайтадан лайланаңып, біраздан кейін қайта түбіне жиналады.

2. Лай суды сүзгіден өткізіп көріңдер. Ол қайтадан мөлдір суға айналады. Яғни, бұл сүзгіде қалған заттар да құм сияқты суда ерімейді.

Енді сендер кез келген заттың еритін-ерімейтіндігін тексеріп көрулеріңе болады. Егер де оның түйіршіктері суда көрінбей, сүзгенде сумен бірге ағып кетсе, ол *ерігіш зат* болғаны.

Егер де түйіршіктері суда қалқып, ыдыстың түбіне тұнба ретінде жиналып қалса, ол *ерімейтін зат* болғаны. Суда еріген затты ерітінді дейміз.


Химиялық элементтер

Металл

Металл еместер

61-сурет. Химиялық элементтердің топтары

Металл және металл еместер. Табигаттағы қарапайым заттар (химиялық элементтер) металл және металл емес деп белінеді. (61, 62-суреттер).


МЕТАЛДАР


МЫС



АЛТЫН



ҚАЛАЙЫ



ТЕМІР



КҮМІС



СЫНАП


МЕТАЛЛ ЕМЕСТЕР


СУТЕГ



КӨМІРТЕГІ



ҚҰКІРТ



БРОМ



ЙОД



ФОСФОР

62-сурет. Металдар және металл еместер

Металдарга өте жогары жылу және электроткізгіш, иілгіш, жылтыр және басқа да қасиеттері бар заттар жатады.

Металл еместер – металға тән қасиеттері жоқ химиялық элементтер.



Электроткізгіштік және жылтыр дегенді естеріңе түсіріндер. Үйде және өндірісте металды және металл еместерді қолдану туралы мысал көлтіріндер.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Аквариумды кранның суымен толтыруға болмайды (ол бірнеше күн тұнып тұруы керек). Не себепті?
2. Күміс салынған сумен жарақаттанған жерді жуатын болсаң, тез жазылады. Неге?
3. Қунделікті үй тұрмысында қолданып жүрген кранның суы әртүрлі әдіспен тазартылып келеді. Анықтамалардан судың не үшін тазартылатындығы туралы материалды іздендер.
4. Үйде қолданып жүрген шәйнектің ішіне қақ тұрып қалады. Ол не? Оны қалай көтіруге болады? Өз ұсыныстарыңды айтыңдар.

№ 5 сараландық жұмыс

Затты бөліп алу. Қемірқышқыл газын және жылуды алу

Құрал-жабдықтар: Түбі конус тәрізді шүңгүл, отқа төзімді ыдыс, таразы.

Заттар: 20–30 грамм ерімеген әктас, стақан су.

Қауіпсіздік ережелері

Ерімеген әктасты суға салған кезде күшті реакция жүргендіктен, салмағына сай көп мөлшерде қемірқышқыл газы мен жылу бөлініп шыгады.

Әктасты еріту үдерісін жүргізу үшін таза су және арапастыратын таяқша керек. Химиялық реакция кезінде бөлінген жылудың суды қайнатуға шамасы жетеді. Сондықтан да сақтық шарасын ұмытпағандарың жөн.

1. Ерітіндінің тамшылары көзге түспеу үшін арнайы көзілдірік қажет.
2. Ауага көп су булары бөлінеді және оның құрамында әктастың бөлшектері болуы мүмкін. Тыныс жолдарын қорғау үшін респиратор қажет.
3. Жұмыс киімі және резина қолғап қажет. Жұмыс киімінің жеңіл және балагы ұзын болуы керек.

Әктас ете күшті сілті болғандықтан, қауіпсіздік ережесін үстану міндетті (қайнап тұрған сүйіктық дененің ашық жерлеріне тисе, күйдіріп жібереді).

200–300°C температурага шыдайтын материалдан жасалған ыдыстың таңдаған дұрыс. Әктас еріген кезде оның шашыраған бөлшектерінің тем-

пературасы осы деңгейге дейін жетеді. Сондықтан да металл ыдыс қажет. Мүмкіндігінше, ашық ауада немесе желдеткіші бар бөлмеде еріткен дұрыс.

№1 жұмыс. Ерітіндіні дайындау


1. Ыдысқа ерімеген әктасты саламыз.
2. Оның үстіне су құямыз.



63-сурет. Ерітіндіні дайындау

№2 жұмыс. Тәжірибелі бақылау

1. Белгілі бір арақашықтықты сақтай отырып, химиялық реакцияға бақылау жасаймыз. Көмірқышқыл газы бөлінеді (әктас қайнайды, бу бөлініп шыгады, қайнау барысында көптеген көпіршіктер пайда болады).
2. Химиялық реакция аяқталғаннан кейін (ерітіндіде көпіршіктер болмайды), ыдыстың қабырғасын ұстап көреміз. Байқайтынымыз – ыдыстың жылды немесе қатты ыстық болуы (жылу бөлінген).
3. Реакцияның тендеуі:



Бақылау: Әктас еріген кезде көмірқышқыл газын және жылу бөліп шыгарады.

Қорытынды. Химиялық реакцияның белгісі – көмірқышқыл газы мен жылудың бөлінуі болып табылады.

§ 22. ТАБИГИ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ЗАТТАР



Табиги заттардың жасанды заттардан

айырмашылығы.

Синтетикалық заттарды қалай алады?

Жасанды және синтетикалық заттарды ажыратса білу.

Дәмдеуіштердің маркировкаларын оқып-үйрену.

Химия нені оқып-үйретеді?

Азық-тұлікті сатып алу ережесі.

Синтетика

Синтетика

Synthetic materials

Дәмдеуіш

Пищевая добавка

Food additives

Бізді қоршаган дүниенің барлығы заттардан тұратынын білеміз. Заттардың саны ете көп. Біреулері табигатта кездессе (алтын, тұз, су, мыс, темір, саз, ағаш, ая), кейбіреулерін адамдар ойлап шыгарған (пластмасса, резина, фарфор, шыны).

Табиги заттарға табигаттан алынатын заттар жатады. Айналамыздағы барлық жануарлар мен өсімдіктер – табиги жолмен пайда болған органикалық заттар. Қемір, мұнай, шымтезек те табиги органикалық заттар.



Химияғының дамуы, бұрын-соңды табигатта кездеспейтін заттарды жасанды жолмен алуға мүмкіншілік берді. Химиялық білімнің гарыштауы XIX ғасырдан басталды.

Пластмасса сияқты жасанды заттан шелек, стакан, ойыншық жасап шыгаруға болады (64-сурет). Сендер оқып отырган кітап та – жасанды зат. Қағазды жасанды жолмен қатты дене целлюлозадан алады.

Синтетика дегеніміз – адамдардың зертханада жасанды жолмен шыгарған заттары (65-сурет). Өздерің киіп отырган синтетикалық киімдер, пластмасса мен резенкенің түрлері.



Қант



Бензин



Жібек мата

64-сурет. Жасанды заттар



Синтетикалық
маталар



Кіржүгыш үнтақ



Пластмасса

65-сурет. Синтетикалық заттар

1. Сирек және жойылып бара жатқан жануарлардың қоргауда жасанды терілердің қандай рөлі бар? 2. Пластмасса қандай заттан алынады? 3. Пластмассадан жасалған заттардың ағаштан немесе темірден жасалған заттардан қандай артықшылығы бар?

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Табиги және жасанды заттардың бір-бірінен қандай айырмашылығы бар?
2. Тапсырманы екі топқа бөлініп орындаңдар. Бір топ жасанды заттардың, екінші топ табиги заттардың артықшылықтарын айтсын. Қарсылас тобы таңдаған заттарының кемшілігін дәлелдесін.
3. Дәмдеуіштер туралы нени білген дұрыс?
4. Не себепті дәмдеуіштер аллергия туғызыуы мүмкін?



§ 23. БІЗДІҢ ӨМІРІМІЗДЕГІ СИНТЕТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР. ОНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ



Үй тұрмысындағы синтетикалық материалдардың алатын орны.
Синтетикалық материалдардың қолдану ережесі.

Синтетикалық материалдардың дұрыс қолдануды.
Қауіпсіз заттарды және азық-түлікті таңдай білу жолдары.

Экологиялық таза және қауіпсіз өнім дегеніміз не?
Ауылдан қалаға қандай тағам өнімдері жеткізіледі?

**Пайдалы тағам
Здоровое питание
Healthy eating**

**Табиги өнім
Натуральный продукт
Organic food**

Тұрмыстық жағдайда пластмассадан жасалған заттарды көп қолданамыз. Экологиялық тұрғыдан таза пластмассалар медицинада және ыдыс жасауда қолданылады (66-сурет). Егер де пластмассадан жасалған ыдыстар тағам түрлерін сақтауға жарамайтын болса, демек, өзінен улы заттарды бөліп шығарады.




66-сурет. Синтетикалық материалдардан жасалған ыдыстар



Улкендерден сұрап көріңдер, асүйдегі ыдыс-аяқтар өз орнымен қолданыла ма? Үйдисты өз орнымен қолдану дегенді қалай түсінесіндер?

Тұрмыстық химиялық заттарға: кір жуатын ұнтақтар, киім, жиһаз, ыдыстарды тазартатын химикаттар, бояғыш заттар,

зиянкес жәндіктерге және кемірушілерге қарсы қолданатын улы дәрілер, желімдер, залалсыздандырыштар және т.б. заттар жатады (67-сурет).



67-сурет. Тұрмыстық химиялық заттар

Анықтамалардан және Интернет желісінен банан қабығы аяқтім кремінің орнын қалай ауыстыратынын табындар.



Есте сақтагандарың жөн: кез келген химиялық заттарды қалай қолдану және сақтау керектігі туралы ақпарат нұсқаулықта беріледі.

Азық-тұлік тағамдарының қауіпсіздігі. Қазіргі таңда дүкен серелерінде тағамның көптеген түрлері бар. Олардың арасынан сапалы тағамды таңдаш алу оңай емес. Сапалы екенін білу үшін, оған қосылған дәмдеуіш қоспаларына мән беру қажет.



Естерінде сақта! Е – өрпі Еуропа дегенді білдіреді. Ал сандық код тағамға қосылған дәмдеуіш қоспалардың сипатын көрсетеді.



Интернет желісінен тамаққа қосатын зиянды дәмдеуіштердің кес-тесін табындар. Оны компьютерден шыгарып алындар. Ол қағазды асүйдің көрнекті жеріне іліп қойындар.



68-сурет туралы
өз ойларынды
айтындар.

68-сурет. Бургер соншалықты дәмді ме?

Жасанды Е 621 глутаматты кездесетін тағамдар:

Жылдам өзірленетін кеспе



Сорпага қосатын ұнтақталған дәмдеуіштер

Чипсы, қытырлақ



Шүжықтар



Жылдам даярланатын тамақтар

**69-сурет.** Натрий глутаматы – Е621 кездесетін тағам түрлері

Кез келген азық-түлікті сатып аларда оның құрамына, әсіресе, қандай дәмдеуіштер қосылғанына мән беріңдер.

Барлық дәмдеуіш қоспаларды адам ағзасына пайдалы деп санауга болмайды. Шамадан тыс қолдану денсаулыққа зиян келтіретінін ұмытпаңдар.



Достарыңа айта жүріндер! Синтетикалық дәмдеуіш натрий глутаматы – Е621, уландыратын зияны бар қоспа (69-сурет).



Картоп чипсейін, қытырлақ, тез дайыналатын кеспені жиі алып тұрасындар ма? Одан бас тартуларыңа не қедергі? Бұл тағамдарды қандай өнім түріне ауыстыруға болады?

Тағамды таңдар алдында құрамындағы генетикалық модификацияланған организмнің (ГМО) бар-жоғына мән беріңдер. ГМО – өсімдіктер, жануарлар және микроагзалардың генін жасанды жолмен өзгерту арқылы алынған азық-түлік.

Қандай азық-түлік көбінесе генетикалық өзгеріске ұшырайды?



Картоп



Қызылша



Соя



Күріш



Аскабақ



Рапс



Қыранак



Жүгері

Құрамында ГМО бар жоғын қалай анықтауга болады?



ГМО бар жоғын еттегінде пішінің бірдей және ұзақ сақталады

NATURAL

Егер де импорттық тауарда **NATURAL** және 100% деген болса, таза болғаны

E111, E222, E333

Құрамында соя қоспасы және Е өрпі болса құрамында ГМО болуы мүмкін

ГМО қоспасы жоқ

Арнайы сертификаттаудан еткен азық-түліктің корабында «ГМО жоқ» деген жазу болса, таза болғаны

70-сурет. Құрамында ГМО бар тағамдар



70-суретке зер салып, кодтарын жаттап алуға тырысыңдар.

Сұрақтар мен тапсырмалар



- Дұрыс тамақтану дегенді қалай түсінесіндер?
- Үйді жинауга арналған заттардың қайда және қалай сақтау керек?
- Дұрыс тамақтану туралы эссе, баяндама дайындаңдар.

§ 24. ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫНЫҢ КӨПТҮРЛІЛІГІ



Табиғат құбылышы деген не?

Табиғат құбылыштары қандай топтарға бөлінеді.

Табиғат құбылыштарын ажыратса білу.

Табиғат құбылыштарына бақылау жасау.

Тірі және өлі табиғаттың айырмашылығы.

Қолайсыз ауа райы дегеніміз не?

**Табиғат құбылыштары
Явления природы
Natural phenomena**

Бізді қоршаған табиғат үнемі өзгеріске түседі. Табиғаттағы болатын барлық үдерістерді құбылыш дейді. Табиғатта көптеген құбылыштар болып тұрады.

Олар *физикалық, химиялық, биологиялық, метеорологиялық* және тағы басқа құбылыштарға бөлінеді (71-сурет).



71-сурет. Табиғат құбылыштарының көптүрлілігі

 71-суреттегі кестені дәптерлеріңе көшіріңдер. Тақырыптың мәтінін оқып, табиғат құбылыштарына сәйкес суретті толықтырып жазыңдар. Әрбір деңгелектің ішіне құбылыштың суретін салыңдар.

Күнделікті өмірде физикалық құбылыштардың жиі болып жатқандығын байқаймыз. Мысалы, мұздардың еруі және қатуы.

Адамдар жылу бөліну, жарық шыгару, дыбыс шыгару, электрлік және магниттік құбылыштармен қатар өмір сүруде. Күннің және жұлдыздардың сәуле шашуы жылу бөлу құбылышына жатады. Кейбір жануарлардың түнде жарық шыгаруы – жарық шыгару құбылышына мысал бола алады.

Электр тогы болмаса, теледидар, үтік, компьютер т.б. қолдана алмас едік. Бұл үдерісті электрмагниттік құбылыш дейміз. *Магниттік құбылыш* болмаса, түсбағдардың тілі солтүстікті көрсетпес еді.

Дыбыстық құбылыштарга құстардың сайрауы, жапырақтың сылдыры, аңдардың ырылдауы, күннің күркіреуі және т.б. жатады (72-сурет). Дыбыссыз өмір сүру мүмкін емес сияқты. Ойлап көріндерші, дыбыссыз кинофильмдер, құстардың ән салмауы, адамның бір-бірімен сейлеспеуі және т.б. қандай үйлесімсіз болар еді.



72-сурет. Бізді қоршаган тірі табигаттағы дыбыстар алуан түрлілігімен ерекше



«Дыбысты орындаушылар» болып бірнеше топқа бөлініцдер. Табигаттағы құбылыстардың (жел, судың ағысы және т.б.), механикалық заттардың (станок, мәшине, үшак), музыканың, өншінің, жануарлардың дауысын салып көріндер. Дыбыс пен шудың қандай айырмашылығы бар? Ойланып, жауап беріндер.

Мұнай, табиғи газ, көмір және өздерің қолданып жүрген бор химиялық құбылыстың нәтижесінде пайда болады. Олар бір заттан екінші затқа айналады. Торт немесе бәлішті пісіру үшін әртүрлі азық-түлік түрлерін пайдаланып, жылу және химиялық құбылыстың көмегіне жүгініп, нәтижесінде жаңа қоспаға қол жеткіземіз.

Tipi ағзалардың өсуі, көбеюі және таралуы – **биологиялық құбылыстарға** жатады (74-сурет). Жануарлардың кейбір түрлері түнде, біреулері күндіз белсенді тіршілік етеді.

Күннің күркіреуі мен найзағай қатар жүретін құбылыс. Күн күркіреген кезде, дыбыстан гөрі найзағайдың жарқылын бірінші көреміз. Ауада жарықтың жылдамдығы дыбысқа қарағанда жылдам жүреді. Найзағай – **электрлік құбылыс** болса, күннің күркіреуі – **дыбыстық құбылыс**.



Қызықты материал! Монарх көбелегі – қызылт-сары және қара түсті үйлесімділік тапқан ең әдемі тіршілік иесінің бірі. Көшіп-қонуымен ерекшеленетін көбелек (73-сурет). Жеке дара монарх көбелегі 3200 шақырымға үшіп жетпес еді. Жылына бірнеше үрпақ жалғастыра отырып, осындағы қашықтыққа жетеді. Көбінесе АҚШ, Мексика және Меланезия аралдарында кездеседі.



73-сурет. Монарх көбелегінің миграциясы



74-сурет. Табигаттагы ғажайып құбылыстар

Бүршақ өсімдіктерінің өсуінен (асбүршақ, үрмебүршақ, жоңышқа) топырақта азотты қосылыс пайда болады (75-сурет). Бұл – биологиялық және химиялық құбылыстардың әрекет-тесуінің нәтижесі.



75-сурет. Бүршақтардың тамыры – азот өндіруші «зертхана»

Жауын-шашының болуы, желдің бағыты, жылдамдығы, температуралың және ауа қысымының өзгеруі – метеорологиялық құбылыстарға жатады.

Табигаттагы барлық құбылыстар бір-бірімен өзара байланыста ұласады. Нөсер жаңбырдан кейін қайтадан күн шыққанда, кемпірқосақты көруге болады.

Бұлтты аспандагы найзагайдың жарқылы – электр құбылысына жатса, оған ұласа шыққан күннің күркіреуі – дыбыстық құбылыс.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қыс айларында болатын метеорологиялық құбылыстарды атаңдар.
2. Сендер тұратын жерлерінде табигаттың қандай ерекше құбылыстары бар?

§ 25. ФИЗИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАР ӘЛЕМІНДЕ

ФЕНДЕР ВАШЕТИН
БОЛАСЫНЫДАР:

Физикалық және химиялық құбылыстар.
Физикалық құбылыстың химиялық құбылыстан айырмашылығы.

ИНДЕР УЙРЕНВІСТЕР:

Тәжірибелі негізінде физикалық және химиялық құбылыстарды түсінү.
Табиғаттағы үрдістерге бақылау жасап, оны салыстыру.

БОТАРНЕ ТЕСІРІДЕР:

Табиғаттағы дене мен зат үдайы бір күйден екінші күйге ауысады.
Қандай зат табиғатта үш күйде болуы мүмкін?

Физикалық құбылыс
Физические явления
Physical apparitions

Химиялық құбылыс
Химические явления
Chemical apparitions

Табиғаттағы барлық денелер мен заттар физикалық және химиялық құбылыстардың ықпалында болады.

Мұздатқыштан алғынған мұздың өзі бөлме температурасында біраздан кейін суға айналады. Терезе алдына бір стақан су қойып, шыны қақпақпен жауып қойсақ, біраз уақыттан кейін қақпақтың ішкі жағында су тамшылары пайда болады. Қақпағын алыш тастасақ, бірер күннен кейін су мұлдем кеуіп қалады. Яғни, су буга айналып, ұшып кетеді. Бірақ су қандай күйге түскенімен де ол қайтадан суға айналады. Табиғаттағы денелердің пішінін және қасиетін өзгерту үдерісін *физикалық құбылыс* (76-сурет) дейміз.

Физикалық құбылысқа металдардың балқуы, қардың еруі, судың буга айналуы, қарға айналуы, шамның жарқырауы, әртүрлі жарылыштың дыбысы, заттардың түсінің өзгеруі, жылудың белінің және т.б. жатады.


Кейбір жағдайда дене мен зат түсін және иісін өзгерте алады. Немесе жылу мен жарық беліп шығарады. Бір сөзben



76-сурет. Физикалық және химиялық құбылыс

айтқанда, бір заттың екінші затқа айналуын байқаймыз. Мұндай үдерісті химиялық құбылыс дейді. Майшамның жануы (парафин оттегімен әрекетке түседі), шөптің шіруі (органикалық заттардың арадағы оттегімен әрекеттесеуі), асқазандағы астың қорытылуы, сүттің ашуы (сүт қышқылының түзілуі) және т.б. химиялық құбылысқа жатады.

Сіріңкенің басына күкірт жағылған жіцишке талынан (шырпы) иіс шықпайды. Егер оны тұтатсаң өте жағымсыз күйік ісі шығады. Бұлар да химиялық құбылыстың нәтижесі.



Үнтақтың құрамы

- Ас содасы – 30 г (үш шай қасық).
- Лимон қышқылы – 60 г (алты шай қасық).
- Қант үнтағы (пудра) – 50 г (бес шай қасық).

Дайындау нұсқауы

- Құргақ сопақ ыдыс дайындан аламыз.
- Өлшенген сода мен лимон қышқылын құргақ сопақ ыдысқа құймыз.
- Ұсақ үнтақталғанша араластырамыз.
- Қант үнтағын қосамыз. Бір қалыпты болғанша қайтадан араластырамыз.
- Дайындалған қоспаны тығыз жабылатын қақпағы бар шөлмек ыдысқа қайта құймыз.

Сусынның құрамы

- Бір стақан су (шырын, морс және т.б.)
- Дайын үнтақ – 20 г (екі шай қасық)
- Стақан суга соданы қосып араластырамыз. Үнтақтың кристалдары сүйіктікпен реакцияға түсіп, көмірқышқыл газын бөліп шығарады (77-сурет).



77-сурет. Лимонад қалай жасалады?

Сұрақтар мен тапсырмалар

- Құбылыстардың қайсысы химиялық, физикалық құбылысқа жатады? Шыныдан стақан жасалды, қысқы терезедегі қырау өрнектері, сарғайған жапырақ, магниттің темірді тартуы, парафиннен пластмассалық ойништың жасалды.
- «Қанттан карамель алу» тәжірибесін жасап көріндер.
 - Ыстықса шыдамды ыдысқа азгантай қантты қыздырыңдар.
 - Балқыған қантты температурага шыдамды ыдысқа құйындар.
 - Қант қалай өзгергенін бақылап отырындар. Кестені толтырып, астына өз қорытындыларында жазындар.

Қанттың қасиеті	Тәжірибеге дейін	Тәжірибеден кейін
түсі		
ерігіштігі		
иісі		
дәмі		

- Қантта қандай өзгеріс болды? Алынған өнімді қант деп айтуга бола ма? Жаңа қасиетке ие жаңа зат пайда болды ма?

№ 6 сараландық жұмыс

Химиялық реакцияның белгілерін бақылау.

Физикалық құбылыстарды зерттеу

Жұмыс барысы

1) Жұмыс мұғаліммен бірге орындалады. Майшамды жағып, жалынына шөлмек ыдысты жақындастындар. Нені байқадындар?

Қорытынды: Майшамның құрамында көміртегі болғандықтан, жанған кезде қара күйе бөлініп шыгады.

2) Бір стақанға суық су, екіншісіне ыстық су құйындар. Әрқайсысына бір шай қасықтан қант (немесе тұз) қосып, арапастырындар. Нені байқадындар?

Қорытынды: Қанттың еру уақыты неге байланысты?

3) Бірдей биіктікten бір бет қағазды жөне қаламсапты еденге жоғарыдан тастаңдар. Нені байқадындар?

Қорытынды: Заттың түсү жылдамдығы неге байланысты?

Бақылау деректерін кестеге жазындар.

Не істедіңдер?	Нені байқадындар?	Қорытынды	Қандай құбылыстар байқалды?

§ 26. ЖАРЫҚ ШЫҒАРУ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ



Қандай құбылысты жарық шығару құбылысы дейді?
Жарық көздері қалай бөлінеді?

Жарық шығаратын құбылыстарды бөлу және ажырату.
Жарық шығару құбылыстарын бақылау.

Тәжірибе дегеніміз не?
Тәжірибе жасаудың ережесі.

Күннің жарығы
Солнечный свет
Sunlight

Жарық көзі
Источник света
Source of light

Оптика
Оптика
Optics

Шағылу
Отражение
Reflection

Жер бетіндегі ең күшті жарық көзі – Күн. Барлық тіршілік иелері Күннің жарығына тәуелділікте өмір сүруде. Жұлдыздар секілді кейбір жәндіктер де (сөулелілер) белгілі бір деңгейде жарық бөліп шығарады. Осы аталған жарық көздерін табиғи; алау, шам, электр лампаларының жарығын жасанды жарық көздері дейміз (78-сурет).



78-сурет. Жарық көздері

Адамдар көптеген жарық бөліну құбылыстарын – кемпір-косақ, таң шапағын, Айдың, Күннің тұтылуын, ақ түнді, солтус-тік шұғыланы және жәндіктердің жарық шығаруын байқайды (79-сурет).



79-сурет. Кемпірқосақ, солтүстік шұғыла, Құннің шығуы және батуы – гажайып жарық шыгару құбылыштары

Бір қараганда жарық ақ болып көрінеді. И. Ньютон тәжірибе жасап, ақ түстің өзі құрделі екендігін дәлелдеді. Жарық сәулесінің бағытына үш қырлы шыны призманы қойып, одан 7 түрлі (қызыл, қызғылт сары, сары, жасыл, көгілдір, қою көк және күлгін) түстердің белініп шыққандығын көрді (80-сурет).



80-сурет. И. Ньютон күн сәулесін спектрлерге бөлуде

Сұрақтар мен тапсырмалар

- Неге өрт сөндірушілер мен болат құюшылардың жұмыс киімдерін жылтыр матадан тігеді?
- Қараңғы уақытта велосипедтің, мәшиненің арнайы белгілері, автомагистральдардың жиегіндегі жолақтар жылтырап көріну себебі неде? Ол не үшін қажет? Мектепке арналған сөмкелерінде және киімдерінде шағылыштырығыш жолақ бар ма?

§ 27. ЖЫЛУ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ

СЕНДЕР ВІЛЕТТІ
БОЛАСАМЫЛАР:

Қандай құбылыстарды жылу құбылысы дейміз?
Табиғаттағы жылу көздері.

СЕНДЕР
ҮЙРЕҢЕСІДЕР:

Жылу құбылысына тәжірибе жүргізу.
Жылу үдерісіне бақылау жасау.

ЕСТЕРІНЕ
ТҮСІРІНДЕР:

Жер үшін ең негізгі жылу көзі – Күн.
Дененің температурасы қандай құралмен және қалай өлшенеді?

Тепло
Жылу
HeatТемпература
Temperatura
TemperatureЖылуоткізгіштік
Теплопроводность
Thermal conductivityЖылу энергиясы
Тепловая энергия
Thermal energy

Біз Күннің тек жарық қана емес, жылу энергиясын да беретінін білеміз. Әр алуан денелердің жылу көрсеткіші – оның *температурасы*. Жылу құбылысы арнайы *термометр* құралы арқылы өлшенеді.

 Жылу құбылысы – дene қызының қоршаган орта температурасының себебінен өзгеруі. Табиғаттың тіршілігі үшін жылудың рөлі өте маңызды. Планетамыздағы тіршілік жылу құбылысынан қуат алады.

Көптеген заттар жылу өсерінен қызғанда көлемін *ұлгайтады*. Қатты заттарға қарағанда, газ және сұйық заттардың көлемі жылдам ұлғаяды. Сондықтан, аэрозолдарды ыстық жерде және отқа жақын жерге қалдыруға болмайды. Ишіндегі газдың қызыу жарып жіберуі мүмкін.

 Ауа қызған және суыған кезде қандай өзгеріске үшырайды? Тәжірибе жүргізіңдер. Ауада қандай өзгеріс болатынын тексеріп көрейік (81-сурет).

Жылу энергиясы әрдайым дененің жылы бөлігінен салқындау бөлігіне қарай ауысады. Бұл үдерісті – *жылуоткізгіштік* дейміз.

Жылуды жақсы *өткіzetіндерге* металдар жатады. Нашар өткіzetіндерге ағаш, су, ауа жатады. Заттың түсіне қарай жылу қабылдау біркелкі бола бермейді. Мысалы: қара түс жы-

1. Бетелкеге бос шарды кигіземіз.



2. Бұл бетелкені ыстық су құйылған ыдыстың ішіне салып ұстап тұрамыз.

Шар үрленіп, ұлғаяды.

3. Енді бетелкені ағып турған сұық судың астында ұстап тұрамыз.



Шар солып, бастапқы қалпына келеді.

Неге бұлай болды?

Ауа және барлық заттар ете кішкентай қозғалмалы белшектер – молекуладан тұрады. Қызған кезде молекулалар бір-бірінен ашпақтайды. Бетелкедегі ауа ұлғайып қосымша көністік іздей бастайды. Сондықтан да шардың ішіне қарай етіп, оны үрлейді. Суынған кезде ауа көлемі кішірейіп, қалпына келеді.

81-сурет. Шармен жасаган тәжірибе

Луды жақсы қабылдайды, ал, ақ, жылтыр түстер жылууды аз қабылдайды. Сол себепті де оңтүстіктегі климаты ыстық аудандардың тұрғындары ақ түсті киім киеді және үйлерін ақ түспен сырлайды.



82-суреттөн байқаганымыз, металдар (мыс және темір) жылууды жақсы өткізеді еken. Олардан кейін су мен қар түр. Қалай ойлайсыңдар, неге жұн мен мамық жылууды аз өткізеді? Не себепті мамық жұнді аңдар және құстар қыста тоңбайды?



82-сурет. Әртүрлі заттардың жылуу өткізгіштігі



Қолдарыңа темір, ағаш қасық және пластмасса сызғыш алдыңдар. Олардың бір басына қатып тұрған майды орналастырып қойындар, екінші ұшын ыстық су құйылған кесеге салындар. Жылу біртіндең жоғары көтерілгенін, майдың ери бастағанынан бақылаймыз. Бұл жерде ыстықты жылдам өткізетін зат темір екенін аңарамыз. Сондықтан да металдан жасалған қасықтарғы май тез еріп, төмен қарай тамшылайды (83-сурет).

83-сурет.



84-сурет.




Устелдің үстіне мұз салынған бір стакан су қойындар. Су өзінің жылуын мұзға береді. Мұз берілген жылу энергиясын өзіне қабылдаپ, ериді де су салқындан түседі. Қорытынды жасандар. Байқағандарынды талқыланадар (84-сурет).

Сұрақтар мен тапсырмалар

- Жылу құбылышына мысал келтіріндер.
- Тірі және өлі табигаттағы жылу көздеріне мысал келтіріндер.
- Ересектермен бірігіп, су құйылған шайнекті қайнатындар. Қанша уақытта қайнайтынын есептөндер. Бұл тәжірибелі жартылай су құйып, қайталап көріндер. Қорытынды жасандар.



§ 28. ДЫБЫСТАР ҚҰБЫЛЫСТАР



Дыбыс
Звук
Sound

Есту
Слух
Hearing

Шу
Шум
Noise

Дыбыс – маңызды ақпарат көзі, оқиғаның, құбылыштың хабарын жеткізуші. Дыбыс жайлы ғылым *акустика* деп аталады.

Дыбыс дегеніміз не? Неге біз оны естіміз және ол қайдан шығады?

Бізді қоршаган дыбыстар – адамдардың дауысы, музика, құстардың сайрауы және қоңыздардың ызылы, күннің күркіреуі мен жел соққандарғы орманның шуылы, ұшақтар мен автокөліктердің гүрлі және т.б. алуан түрлі болып келеді. Оған сенімді болу үшін тәжірибе жүргізіп көрейік.



Дыбыс тербелісін байқау үшін үрленген шарды қосулы тұрған радионың жанына, 10 см-дей қашықтықта қойып, тыңдасандар, дыбыс тербелісі шардың ішіндегі ауаны да қозгалысқа түсіреді.



Дыбыстың негізгі көзі – денелердің немесе оның бір бөлігінің қозгалысынан, үйкелуінен және т.б. жағдайлар арқылы ауада тербеліс туғызыу. Тербелу арқылы қоңырау соғылады. Үйкелістен желдің дыбысын анықтаймыз. Мысалы, қобыз, скрипка және домбыраның дауысы ішектерді ысқылаудың, шертудің нәтижесінде дыбыс толқынын тудырады. Үрлемелі аспаптар ауаны үрлеу арқылы дыбыс шығарады. Кез келген денені қозгалысқа түсіру, соғу, ысқылау арқылы оның дыбысын естуге болады (85-сурет).



Қобыздың ішектерін ысқылау арқылы дыбыс шығарамыз.



Сыбызыдан шыратын дыбыс үрленген ауаның тербеліске түсінен пайда болады.

85-сурет. Қазақтың ұлттық аспаптары

Дыбысты есту қабілеті адамдар мен жануарларда бірдей болмайды. Негізгі есту мүшесі – құлақ. Құлақ – дыбысты қабылдауши. Қатты дауыстар құлаққа зиян. Сондықтан да дыбысы қатты шығып тұрған музыканы ұзақ тыңдауға болмайды.



Дыбыстық ақпаратты сақтаушылар XIX ғасырдың орта шенінен бастап оны жазып алу және сақтау жолдарын іздестірді. Әйгілі Эдисон дыбысты жазу мақсатында тәжірибе жүргізді. Эдисонның арқасында дыбысты жазтын және оның даусын шығаратын аспап пайда болды. Бұл аспапты фонограф деп атады. Электронды есептеу техникаларының дамуына байланысты оның орына CD, кейінірек DVD диск, USB флеш және флеш-карта келді. Осылардың кез келгенімен дыбысты жазып алып, сақтап қоюға болады (86-сурет).



Граммофонды пластина
(винилді диск)



Ленталы магнитофон



Лазерлі (оптикалық) диск



Дыбыстық ақпаратты тасуышы

86-сурет. Ақпаратты магнитті сақтаушылар



Дыбыстық ақпаратты жазып алатын аспаптардың тарихы туралы хабарлама жасандар.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Өртүрлі дыбыс көздерін атаңдар. Қайсысы дыбысты қабылдағыш болып есептелінеді?
2. Таңың атқаның қандай дыбыс арқылы білеміз?
3. Дыбыстың акустикасы деген не? Қандай залды және бөлмені салу кезінде акустика занылдығын ескеру керек?
4. Шу деген не? Шумен қалай күресуге болады?

§ 29. ЭЛЕКТРЛІК ЖӘНЕ МАГНИТТІК ҚҰБЫЛЫСТАР



Электрлік құбылыс.

Электромагнетизм және электр қуаты деген не?

Электрлік және магнитті құбылысты бақылау.
Тәжірибе жүргізу.

Электр тогын қайдан алады?

Қайіпті климаттық құбылыстар (найзағай).

Электр
Электричество
Electricity

Электр тогы
Электрический ток
Electric current

Магнит
Магнит
Magnet

Электр құбылышы. Электрлік және магниттік құбылыштар бір-бірімен байланысқан және алуан түрлі болып келеді. Оларды көру, есту және тітіркену арқылы сезініп, қабылдаймыз. Құнделікті өмірде бүндай құбылыштармен үдайы кездесіп тұрамыз. Мысалы: жүннен және синтетикалық материалдан жасалған киімдерді шешкенде ерекше бір дыбыс шыгады. Ал, қараңғы бөлмеде жалт-жұлт еткен үшқынды көруге болады.



Электрлену – энергияның ерекше түрі. Ол жылу, жарық және дыбыстық энергияга түрлене алады.

Егер электр желісі арқылы ток өтпеген жағдайда оның айналасындағы магнитті өріс те жойлады. Электр және магнитті құбылыштар біріге отырып, **электромагнетизмді** қалыптастырады. Кейбір арнайы электрпойыздарында электромагнитті дөңгелектің орнына пайдаланылады (87-сурет).




87-сурет. Жүрдек пойызы



Электровоздар энергияны қайдан алады?



Электр құбылышымен жақын танысу үшін тәжірибе жасап көрік. Қолыңа пластмасса қаламсап немесе тарақты алып шашыңа



88-сурет. Тарақпен тәжірибе

бірнеше рет үйке. Одан кейін тарақты немесе қаламсапты кішігірім қағаздың қызындысына жақындастысац, қағаз жабысып қалады (88-сурет).

Неге ол жабысып қалды? Себебі қаламсап үйкелістің нәтижесінде электрленеді.



Ежелгі Грекияда электрлену құбылысын зерттеумен **Фалес Милетский** шүгылданды. Зерттеу нәтижесінде Фалес мүндай құбылысты **электрлену** деп атады. Грекияда электрон деп янтарьды атаган. Янтарь тез электрленуге ұшырайтындықтан – **электрлену** сезі пайда болды.

Кез келген нәрсе электр қуатын қабылдағанда электрленеді. Электр қуаты тек қана жиналып қоймай, белгілі бір бағытта қозғала алады (найзагайды еске түсіріндер, 89-сурет).



89-сурет. Күннің күркіреи – қауіпті табиги құбылыс



Сендер тұратын жерде жылдың қай мезгілінде күн күркірен, найзагай ойнап тұрады? Найзагайдан қандай жерлерде тығылған дұрыс? Өз ойларынды түсіндіріп беріңдер.

Жерге түскен найзагай бір мезетте *жылу*, *электрлік*, *магнитті*, *жарық* және *дыбыстық* құбылыс бола алады. Сондықтан да адамға, жануарлар мен өсімдіктерге үлкен қауіп төндіреді. Найзагайдың әсерінен ормандар, далалар жыл сайын өртке оранады.

Ток жапырақты ағаштардың діңінің ортасымен өтіп, сулы шырындарын қыздырып, қайнатып жібереді. Нәтижесінде ағаш жарылып шығады (90-сурет).



90-сурет. Найзагай түскен ағаш



Еш уақытта ылғалды қолмен электр сымдарын және электрқұралдарын ұстамаңдар. Ток соғуы мүмкін.

Магниттік құбылыс. Кәдімгі магниттің кейбір заттарды өзіне тартатынын білеміз (шеге, қайшы, қағаз қыстырығыш және т.б.). Егер ол магниттің өрісінде орналасқан болса. Жер планетасының да өзіндік магниттің өрісі бар. Жалпы алғанда, көптеген нәрсенің магниттің өрісі болады.



«Магнетизм» атавы Кіші Азиядағы Магнетия қаласының атауынан алынған. Ол жерде магнитті темір кен орны табылған.

Тұсбағдардың тілі де магниттен жасалған. Ол ұдайы солтүстікті көрсетіп тұрады.

Табиғатта жасанды магниттен басқа *табиги магниттер* де кездеседі. Оған бағалы темір кені – магнитті темір жатады. Оның темірді, болатты, кобальтты өзіне тарту қасиеті бар. Пластмассаны, ағашты, резеңкені магнит тартпайды. Республикамызда темір кені Қостанай облысындағы Соколов-Сарыбай, Қашар және Лисаков кен орындарында игеріледі.



91-сурет.
Жасанды магнит

Жасанды магнитті – болат және басқа да метал қорытпаларынан жасап, электр тогын жіберу арқылы магниттейді. Магнитке дуга, жартылай сақина, ай немесе тікүшбұрыш сияқты әртүрлі пішіндер беріледі (91-сурет).

Магнит әртүрлі заттарды, нысандарды ұстап тұру, ажырату, тасымалдау және көтеру үшін қолданылады. Сонымен бірге, электр энергиясын механикалық энергияга және кері түрлендіруге пайдаланылады.



92-сурет. Электромагнитті кран



Металл сыйықтарын көтерген кездегі электромагниттік кранның басқа крандарға қараганда қандай тиімділігі бар (92-сурет)?

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Қандай денелерді электрленген дейміз? Мысал келтіріндер.
2. Адам өмірінде электр тогы қандай рөл атқарады?
3. Не себепті розетканың штепселі пластмасса немесе резеңкеден жасалады?
4. Электр құралдарын пайдаланудың қауіпсіздік ережесін дәптерлеріңе жазыңдар.



5. Төрт топқа бөлініндер. Төмендегі тақырыптар бойынша магниттік боран туралы баяндама немесе хабарлама дайындаңдар. Магниттік боранның себебі; магниттік боранның адам ағзасына әсері; дәрігердің кеңесі, сендердің кеңестерін.

§ 30. ТАБИҒАТТАҒЫ КҮШТЕР



Күш дегеніміз не?
Табиғатта қандай күштер болады?
Үйкеліс дегеніміз не?

Күш және үйкеліс арасындағы байланысты анықтау.
Бүкіләлемдік тартылымдың күшін түсіну

Жануарлардың тіршілік ортасы.
Жануарлардың қоршаған ортаға бейімделуі.

Күш
Сила
Power

Үйкеліс
Трение
Friction

Ауырлық күші
Сила тяготения
Attraction

Күш деген сөздің әртүрлі мағынасы бар. Табиғаттағы күш – қандай да бір жұмысты жасай білу қабілеті, қуат, энергия.

Табиғатта әртүрлі күштер кездеседі. Күш денелердің қозгалуына әсер етеді. Егер сендер партаның үстіндегі кітапты жай қозғасаңдар, ол бірден қозгла қоймайды. Оған себеп болған үйкеліс күшінің әсері. Егер кітапты қатты қозғасаң, ол бір бағытта сырғанай бастайды. Үйкеліс күшінің әсерінен кітап біраз жерге барып тоқтауы мүмкін. Яғни, үйкеліс кез келген дененің қозғалуын тежейді немесе оны тоқтатады.



Кез келген дененің үстіңгі беті біз ойлағандай теп-теріс бола бермейді. Жылтыр темірдің үстінде де ұсақ кедір-бұдырылар бар. Оны микроскоп арқылы байқауға болады. Дененің беті бұдыр болып келсе, үйкеліс күші жоғарылайды. Сондықтан да қағаз бетінен қарындашпен жазғанда оның ізі қалады, айнекке сызысақ ізі түспейді (93-сурет).



93-сурет. Үйкеліс күшінің есебінен қарындаш қағаз бетінде із қалдырады

Бәтеңкелеріңің табанына, автомобиль шиналарына қарап көрсөндер, үйкеліс күшін көбейту үшін және сырғанап кетуден сақтану үшін кедір-бұдыр болып келетінін байқайсындар (94-сурет).

Ал мұзайдынындағы сырғанақ тебушілердің конькинің табаны теріс болады. Себебі, үйкелісті азайтып, тез қозгалу үшін қажет.

Үйкелісті азайтудың бірден-бір жолы – арнайы май жағу. Мысалы, жұмыс істеп тұрган мәшиненің тетіктері шыдамды болуы үшін, бірін-бірі үйкелеуден сақтау үшін ұдайы майлап отырады. Шаңғышылар да шаңғысын жарысқа шығардың алдында майлап қояды (95-сурет).



94-сурет. Дөңгелектің және бәтеңкенің табаны үйкелісті күшейтеді



95-сурет. Теріс жер қармен арадагы үйкелісті азайтады

Егер сендер бір нәрсені қолдарыңын түсіріп алсандар, ол жерге құлап түседі. Мұндай күшті *тартылыс күші* деп атайды. Тартылыс күші болмаса жер бетіндегі денелер (агаш, үй, адам, жануар) гарыштық қеңістікке ұшып кеткен болар еді.

1682 жылы ағылшын ғалымы Исаак Ньютон **Бүкіләлемдік тартылыс** заңын ашты. 1665 жылдың өзінде Ньютон, Айды өз орбитасында ұстап түрган табигаттағы күш алманың жерге құлауына да әсер етеді деп айтқан болатын (96-сурет).



96-сурет. Бүкіләлемдік тартылыс заңының ашылу сәті

Бүкіләлемдік тартылыс күші планеталарды Күннің айналасында, өз орбиталарында ұстап тұр. Жер атмосферасын да ұстап түрган – осы күш.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Спорттық мәшинелер не себепті сүйірлеу және жатаган келеді?
2. Балықтардың үйкеліс күшін жеңуіне не көмектеседі?
3. «Бүкіләлемдік тартылыс күші» тақырыбына таныстырылым дайындаңдар.

IV БӨЛІМ. TİPİ ЖӘНЕ ӨЛІ ТАБИҒАТТАҒЫ ҮДЕРІСТЕР



- ★ Өлі табиғаттағы үдерістер
- ★ Тірі табиғаттағы үдерістер
- ★ Аяқ райы және климат
- ★ Тірі ағзалардың қасиеті
- ★ Фотосинтез

§ 31. ТАБИГАТТАҒЫ ЗАТ АЙНАЛЫМЫ



Табиғаттағы зат айналымы деген не?
Зат айналымы қалай жүзеге асады?

Улken және кіші зат айналымдарын ажырата білу.
Зат айналым үдерісін бақылау.

Біздің планетамыз қалай дамыды?
Планета табиғатын зерттеудің себеп салдары.

Заттардың айналымы Круговорот веществ Circulation of substances

Планетамыз жаралғаннан бастап қоршаған ортада әртүрлі үдерістер жүріп жатыр. Мысалы тірі ағзалар мен қоршаған орта арасындағы энергияның айналымы қалыптасқан. Энергия бір түрден екінші түрге өтіп, басқа пішінге аудысады, қайтадан араласып, тарап кетеді. Әрқайсысы бірнеше рет түрленіп, соңында бастапқы пішініне қайта оралады. Бұл үдерістерді табиғаттағы зат айналымы дейміз.




Табиғаттағы зат айналымы – заттардың табиғаттағы түрленуінің және қозғалуының азды-көпті қайталанатын үдерісі.

Табиғаттағы негізгі зат айналымына: *су айналымы* (86-сурет), *геологиялық* (ұлken) және *биологиялық* (кіші) түрлері жатады.



Жауын-шашынның 80%-ы қайтадан мұхитқа оралады. Бізді қызықтырып отырғаны қалған 20%-ы қайда кетеді? Қалғаны құрлыққа келіп түседі. Күнделікті өмірдегі адамдардың қолданып жүрген су қоры осы сулардың есебінен толығып отырады.



97-сурет. Су айналымы



Су айналымының сыйбасына назар аударындар (97-сурет). Оның қалай жүріп жатқанына зер салып, жауап беріңдер.




Кіші айналым – биосфераның ішіндегі заттардың (көміртегінің, азоттың, фосфордың, қүкірттің) айналымы.

Ормандағы заттардың айналымы қалай жүреді? Заттар айналымға түскенде: топырақтан өсімдікке, өсімдіктен жануарлардың қорегіне өтеді. Жануарлардың өлексе қалдықтары топыраққа сінеді, оның қалдықтарын бактериялар шірітіп ыдыратады, ыдыраған заттардан әртүрлі минералды тұздар пайда болады, ол заттар өсімдіктердің тамырларына су арқылы қайта сінеді. Өсімдік жануарлардың азығы. Аталған үдеріс токтаусыз жүріп отырады. Осындай жүйенің қайталануын зат айналымы дейді (98-сурет).



98-суреттегі құнарлы топырақтың қалай пайда болатынын бақылаудыңдар. Не себепті арқар мен қасқырды тұтынуушы дейміз? Үшінші қатардағы тұтынуушы болуы мүмкін бе? Егер жоқ дейтін болсандар, ол қандай жағдайда? Егер іә дейтін болсандар, ол қандай жағдайда? Накты мысал келтіріңдер.



98-сурет. Ормандағы зат айналымы

 Зат айналымына қатысушы продуценттер, консументтер және редуценттер дегеніміз не, олардың магынасын биологиялық сөздікten тауып, анықтаңдар. Анықтамасын дәптерлеріңе жазындар.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Зат айналымы деген не? Оның табигаттагы рөлі қандай?
2. Зат айналымына қатысатын тірі ағзаларды атаңдар. Ағзалардың ормандағы зат айналымына қатысу рөліне мысал келтіріңдер.
3. 98-суреттегі бағыттар нені білдіреді?
4. Зат айналымы үдерісі тоқтап қалуы мүмкін бе, мысалы судың?
5. Үйдегі краннан ақсан бір тамшы су саған қайтып оралуы мүмкін бе? Судың саяхаты және салдары туралы өз ұсыныстарыңды жасаңдар.

§ 32. ТАУЛАРДЫҢ ТҮЗІЛУІ (ПАЙДА БОЛУЫ)



Таудың пайда болуы (түзілісі).
Таудың пайда болу үдерісі қалай жүреді?

Тау түзілу (пайда болуы) үдерісін түсіну.
Таудың пайда болуындағы сыртқы және ішкі күштердің рөлі.

Жердің дамуы қалай жүрді?
Жердің ішкі құрылышы.

Жер бедері

Рельеф

Relief

Тау түзілісі

Горообразование

Orogeny

Тау жынысы

Горная порода

Rock

Біздің планетамыз пайда болған кезден бастап, үдайы ішкі күштердің әсеріне ұшырап отырады. Нәтижесінде жер бедері өзгеріске ұшырайды.

Таулардың пайда болуы, жер сілкінісі және жанартаулардың атқылау құбылыстарымен (тектоникалық қозгалыс) байланысты (99-сурет). Таулардың пайда болуы Жердің даму тарихында бірнеше рет байқалды.



99-сурет. Таулардың пайда болуының көріністері




Тектоникалық түргыдан есептейтін болсақ, қандай кезеңде (белсенді, тыныш) өмір сүріп жатырысындар? Сендер тұратын жерде тау түзілу үдерісі байқала ма?



Тау түзілісі – тектоникалық қозгалыстың (Жердің ішкі күші), тоқтаусыз жоғары көтерілу әсерінен таулы құрылымдарды қалыптастыруыш үдеріс.



100-суретке зер салсаңдар, бағыттар көрсетілген. Бағыттар иені білдіреді? Суреттегі жота жылына неше сантиметрге көтерілуі мүмкін?



100-сурет. Литосфералық тақталардың бір-біріне соқтығысының нәтижесінде тауар пайда болады

Кез келген аумақтың жер бедері ұзақ уақыт бойы жер бетіне эндогенді (ішкі күш) және экзогенді (сыртқы күш) күштердің бірдей әсер етуінен қалыптасады.

Егер де тау түзілу үдерісі болмаса, жер беті біртегіс шар сияқты болар еді. Бұл жағдайда Жердің беті түгелімен мұхиттың тегіс табанына айналар еді.



Жер бедерін зерттейтін ғылымды **геоморфология** деп атайды.

Жер бетінің тегіс емес бөлігі (құрлықтың және мұхит табанының тегіс емес бөлігі) **жер бедерінің формасы** ретінде қарастырылады.

Планетарлық жер бедері пішінінен кейін **макроформалар** орналасады. Олар – тау жоталары мен таулы қыраттар және ауқымды ойпаттар (101-сурет) ретінде материкте және мұхит табанының жер бедерлерінде де орын алады.

101-сурет. Қазақстанның ең биік нүктесі – Хантөнірі шыны

Хантөнірінің биіктігі – 6995 м. Хантөнірі будан да биіктеуі мүмкін бе? Оған не кедергі? Жауабын мәтіннен іздендер.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қандай фактілер тау түзілісің үдерісін көрсетеді?
2. Сен тұратын жеріңде жер бедерінің қайсысы басым?

§ 33. ТАУ ЖЫНЫСТАРЫНЫң ҮГІЛУІ




Тау жыныстарының үгілуінен болатын өзгерістер.

Тау жыныстарының үгілу арекетін анықтай білу.

Тау түзілу үдерісі қалай жүреді?

Топырақ
Почва
Soil

Құнарлылық
Плодородие
Fertility



102-сурет. Тау жыныстарының бұзылуына әсер ететін сыртқы күштер (әкзогенді)

Жер қыртысының ішкі күштерінің (эндогендік) әсерінен таулар пайда болса, сыртқы күштерінің (әкзогенді) әсерінен бұзылып, үгіледі (102-сурет).

Үгілудің үш түрі бар: физикалық, химиялық және биогендік (103-сурет).



103-сурет. Үгілу үдерісінің түрлері



Үгілу дегеніміз – Жер қыртысының беткі қабатындағы тау жыныстары мен оның қурамас минералдарының физикалық, химиялық және биологиялық үдерістердің (бұзу) ықпалынан өзгеріске үшінгенде.

Физикалық үгілу – тау жыныстарының химиялық жолмен өзгеріске ұшырамай, механикалық жолмен ұсақ бөлшектерге беліну үдерісі. Бұл үдеріс желдің, судың және температураның әсерінен болады (104, 105-суреттер).



104-сурет. Жел мен судың әрекетінен өзгеріске ұшыраган Шарын өзеніндегі каньон



105-сурет. Желдің әрекетінен өзгерген таулар

 104-суретке зер салындар. Каньонның пайдасы болуындағы судың және желдің рөлін анықтаңдар.

 105-суретте көріп отыргандарындағы, жартастың бұрыштары үшбұрышты емес, керісінше, үгіліп, дуга тәрізді болып кеткен. Не себепті деп ойлайсындар?

Тау жыныстары *биогендік жолмен үгілгенде* ағзалар өзіне қажетті минералды заттарды сіздіріп алады. Өсімдіктердің тамырлары мен микроағзалар сыртқы ортага көмірқышқыл газы мен басқа қышқылдарды беліп шығарады. Бұл минералдардың бұзылу және үгілу үдерісінің қарқынын жеделдетеді (106-сурет).

 *106-сурет. Өсімдіктердің тамырлары арқылы таудың бұзылуы*





 Өсімдіктердің тамыры тау жыныстарын қалай бұзуы мүмкін? (Естеріңе түсіріндер. Беренені отынга жару үшін сына қағады. Су қатқан кезде пішіні үлгайды.)



107-сурет.
Жартастардың химиялық жолмен үгілуі

Химиялық үгілу – атмосфералық газдардың, судың және ондағы еріген заттардың өсерінен тау жыныстарының бұзылуды. Қөптеген минералдар, су және оттеғімен химиялық реакцияға түседі. Нәтижесінде, көлемі ұлғайып, тау жыныстары бұзылады (107-сурет).

Желдің, судың және температураның айырмашылығы өсерінен бұзылған тау жыныстары төмен жатқан жерлерге, ойыстарға жиналады. Ондай жерге ауа еркін еніп, әртүрлі органикалық заттар (микроағзалардың, өсімдіктердің, жануарлардың қалдықтары) жинақталып, тонырақтың құнарлы қабатының біртіндеп қалыптасуына септігін тигізген. Бұл үдеріс өлі қүнге дейін тоқтаусыз жүруде. Оның пайда болуына әртүрлі жағдайлар өсер етеді (108-сурет).



108-сурет. Топырақтың түзілуіне қатысатын үдерістер




Жер бедері мен климат топырақтың түзілуіне қалай өсер етеді? Не себепті тау етегінің топырағы құнарлы болып келеді?


Топырақтың түзілуі – тау жыныстары, су, ауа, жылу, бактериялар, өсімдіктер, жануарлар мен адамдардың әсер етуінен пайда болып, өте баяу жүреді. Мысалы, қатты жыныстардың (гранит) үстінде 2,5 см қалыңдықтағы топырақтың түзілуі үшін 1200 жыл уақыт керек. Ал жұмсақ (жанартау құлі, саздақты тақтатастар) жыныстардың үстінде топырақтың түзілуіне бірнеше ондаған жылдар жеткілікті.

Топырақтың құнарлылығы. Топырақтың түзілуінде негізгі рөлді өсімдіктер атқарады. Өсімдік тамырлары тау жыныстарын жарып өтіп, олардан түскен қалдықтар микроагзалардың әсерінен шіріп, қараширінді (гумус) қабатының пайда болуына ықпалын тигізеді (109-сурет).

Топырақты дұрыс пайдаланбау оның жогарғы қабатындағы қара шіріндінің батпақтануына, түздануына (сорға айналуы) алып келеді (110-сурет). Су мен желдің әсерінен топырақ тез шайылады.



109-сурет. Топырақ бірнеше қабаттан тұрады. Ең жоғары құнарлы қабатын гумус немесе қараширінді қабаты дейді



110-сурет. Топырақтың бұзылу себебі



Топқа бөлініцдер. Топырақтың бұзылу себептері тураалы эссе, хабарлама дайындаңдар.

Егін еgetін алқаптарға, каналдардың маңына ағаштар отырғызылады. Себебі желдің жылдамдығын аз да болса тежеп, топырақты ұшырып әкетуден сақтайты. Сонымен бірге,

топырақтың үрленуінен және қарашіріктің азаюынан сақтау үшін үлкен егістік алқаптарын жыртуға болмайды. Мұндай мәселені (проблема) тың жерлерді игерудің нәтижесінен көрге болады (111-сурет).



111-сурет. Топырақты сақтау амалдары

Сұрақтар мен тапсырмалар

- Физикалық үгілуге мысал келтіріңдер.
- Сендердің өлкелерінде үгілудің қандай түрлері басым?

§ 34. АУА РАЙЫ ЖӘНЕ КЛИМАТ

СЕҢДЕР ВІДЕОТИН
БОЛАСЫНДАР:

СЕҢДЕР
ҰЙРЕНЕСІЛДЕР:

ЕСТЕРІНЕ
ТҮСІРІНДЕР:

Ауа райы және климат дегеніміз не?
Ауа райының қандай элементтері бар?

Климатты ауа райынан ажырату.
Климаттың құбылыстырапа бақылау жүргізу.

Жер көрінісі қандай?
Қандай құралдардың көмегімен ауа райына және климатқа бақылау жүргізіледі?

Климат
Климат
Climate

Ауа райы
Погода
Weather

Бейімделу
Адаптация
Adaptation

Адамдар көбінесе ауа райы мен климатты шатастырады. *Ауа райы дегеніміз* – белгілі бір жердегі тәулік ішінде болатын атмосфераның төменгі қабатының жағдайы. Ауа райының негізін *ауа температурасы, бұлттылық, жауын-шашын, қысым және жел қалыптастырады*.


Климат дегеніміз – белгілі бір аймақтағы үзак жылдар бойы қайталараптың атмосфераның орташа жылдық тұрақты жағдайы немесе ауа райының белгілі бір аумақта тән көпжылдық режимі.



Климат деген терминді алғаш рет ғылымға б. з. д. II ғасырда өмір сүрген ежелгі грек ғалымы Гиппарх енгізді. Грек тілінен қазақшаға аударсақ, «енкею (қиғаштық)» деген мағынаны білдіреді. Себебі, сол кездегі ғалымдар күн сәулемесінің тіке немесе қиғаш түсетіндігіне қарай жердегі климаттық жағдай өзгеретіндігін білген.

Ауа райы күн сайын, сағат сайын өзгеруі мүмкін. Климат болса, үзак уақыт тұрақтылығын сақтап, өзгермейді. Мысалы: теңіз жағалауында ұдайы ылғалды және жауын-шашынды болып келеді.

Ауа райын *метеорология* ғылымы зерттейді. Алғашқы «*метеорологтар*» – балгерлер, шамандар деуге болады. Олардың міндеті қолайлы ауа райына ықпал жасау болды. Дұра оқу арқылы ауа райының қауіпті құбылыстарын болдырмай, алдын алуға болады деп сенді.



112-сурет. Климатты қалыптастырудагы негізгі фактор – күн сәулемесінің жерге түсу бұрышының қиғаштығы

112-суретке зер салындар. Жер бетінде күн сәулемесінің бұрышы мен ұзындығы қалай өзгереді? Ол неге байланысты?

Климат жағдайына бейімделу. Күшті желдер, ете жоғары және тәмен температура, атмосфералық қысымның тез өзгеруі адамдарға қолайсыздық туғызатын қауіпті құбылыстардың қатарына жатады. Адамдар қолайсыз климатқа бейімделу қасиетінің нәтижесінде ыстық экватордан бастап, суық полюстарге дейін тіршілік ете бастады.

Қоршаган ортаның жағдайына бейімделу нәтижесінде олар мұзбасу дәүірінен де аман шықты. Өсімдік және жануалар дүниесі де қоршаган ортадагы өзгерістерге сай бейімделу қабілетіне ие.



Қызықты материал! *Климат жағдайының адамдар мен жануарларға әсер етуі.*

1. Суық климаттың жағдайда құстар мен жануарлар қалың төрі астындағы май қабаты, мамықты қауырсыны және түбітті жүндегі арқылы қорғанады (113-сурет). Адамдар болса, жылы киім киеді.

2. Қоңыржай белдеуде маусымдық кезеңдер бар. Жануарлар қолайсыз қыс айларына бейімделуіне тұра келеді. Жәндіктер үақытша қатып қалса, кейбір жануарлар қысқы үйкүға кетеді. Қөптеген құстар жылы жақта үшіп кетсе, қалғандары қысқы азығына қор жинаиды.

113-сурет. Пингвин
және түлкі қысқы
сүсікқа жақсы
бейімделген



Қысқы үйкүға кететін жануарларды атаңдар.

3. Шөлді аймақтардың көптеген жануарлары түнде белсенді тіршілік етеді. Жемтігін салын үақытта аулайды.

4. Үйстық климатта тіршілік ететін жануарлардың жүні тықыр келеді, мүмкін болса, көлеңкеде тіршілік еткенді жақсы көреді (114-сурет). Құн сәүлесінен қорғану үшін адамдар жеңіл ақ түсті киім киеді. Терісінің түсі, шашы және көзінің қарашығы қаралау немесе мүлдем қара болып келеді.

5. Орталық Африка халықтарының шашы бүйра болып келеді. Бүйра шаш бастың ыстықтап кетуінен қорғайды және ая айналымын жақсартып, салқыннатып тұрады.

114-сурет. Өз
білгендерінше ыстық
ая райынан
қорғанады



Не себепті кейбір жануарлар мен құстар түнде белсенді тіршілік етеді? Оларды атаңдар.



Климаттың өсімдікке әсері.

1. Қоңыржай климат жалпақ жапырақты өсімдіктердің өсуіне мүмкіншілік береді (115-сурет).
2. Қатты және тұрақты желдер өсімдіктердің тамырын тереңге жіберуіне және діңінің мығым болуына бейімдейді.
3. Құрғақ климат өсімдіктердің жапырағы ұсақталып, тамырын тереңге жіберіп, жерасты суларымен қоректенүіне бейімдейді (сексеуіл, жантақ). Кейбіреулері ылғалды жапырағында, бұтағында және діңінде сақтауға бейімделген (116-сурет).
4. Шөлде өсетін өсімдіктердің өніп-өсу кезеңі өте қысқа (көктем және жаздың алғашқы айы). 1,5–2 айда (қоңыраугүл, әртүрлі пиязтүқымдастар және т.б.) өсіп жетіліп, жемісін береді.



115-сурет. Шегіршін күзде өте әдемі көрінеді



116-сурет. Алып кактустар бойында су сақтауға бейімделген



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Бір төулік ішінде ауа температурасы неге әртүрлі болады?
2. Қай аллarda өте ыстық және өте сусық болғанын естеріңде түсіріңдер.
3. Климаттың тірі ағзаларға тигізер өсерін оқып білу не үшін қажет?
4. Сендер тұратын жерде алғашқы жапырақ қашан түсे бастады және құстар қашан жылы жаққа ұшып кетті?
5. Сусық жердің жануарлары не себепті ыстық климатта тіршілік ете алмайды? Олар жыл маусымдарының өзгерісіне қалай бейімделген?

§ 35. ТАБИҒАТТАҒЫ ҚАУІПТІ ҚҰБЫЛЫСТАР

СЕНДЕР ВІЛЕТІН БОЛАМАНДАР:
СЕНДЕР ҮЙІРЕНЕСІНДЕР:
ЕСТЕРІНЕ ПІСІРІДЕР

Табиғаттағы қауіпті құбылыстар.

Сендер тұратын жерде қандай қауіпті құбылыстар болады?
Қауіп тәнген жағдайда өздерінді қалай ұстайсыңдар?

Табиғи қауіпті жағдайда өзінді алып жүрудің дұрыс жолы.

Әртүрлі қауіп тәнген жағдайда достарыңа және туыстарыңа көмек берудің жолдары.

Табиғатта өзін-өзі ұстаудың ережелерін білу.

Шұғыл көмекке келетін қызметтің телефонын білу.

Табиғаттағы құбылыстар адамдарға қауіпті қатер тәндіруі мүмкін. Мұндай құбылыстар планетамыздың барлық аймағында болып тұрады.

Ірі төтенше жағдайлар, адам шығынына, қалалар мен өнеркәсіп нысандарының қирауына алып келеді.



Әртүрлі жағдайдың табиғи қауіпті құбылыстардан қорғану – ежелгі ата-бабаларымыздан бүтінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан мәселелердің бірі. Табиғаттың қауіпті құбылыстарынан қорғануға үйренуді адамдар ежелден бастап қолға алған. Табиғатты бақылауды жүйелі жолға қою XVII ғасырдан басталды. Табиғи құбылыстарды зерттейтін, бақылайтын жеке ғылым саласы (жаратылыстану) пайда болды.



Қауіпті табиғи құбылыстар бұл тұрғындардың қалыпты тіршілігіне, денсаулығына және материалдық құндылықтарының қирауына, жойылып кетуіне әсер етеді.

Қауіпті табиғи жағдайларға себепші құбылыстар: жер сілкінісі, жанартаудың атқылауы, лай-топырақ көшкіндері, сел, цунами, қар көшкіндері, су тасқыны, күшті дауылды жел, шаңды жел, нөсер жаңбыр, қуаңшылық, үсік, найзагай, табиғи ерт және т.б.



- Сендер тұратын жерге қандай метеорологиялық қауіпті құбылыстар төн?
- Табиғаттың қауіпті құбылыстарына не жатады?
- Қатты жел соғып, бүршак жауып тұрганда, көктайғақта және қалың тұман түскен кезде өздерінді қалай алып жүресіндер?
- Олар қандай қауіп тәндіреді?



Дүниежүзіне кең тараған қауіпті табиғи құбылыстар:

- тропиктік дауыл (32%),
- су тасқыны – 32%,
- жер сілкінісі (12%),
- қуаңшылық – 10%,
- басқа да табиғи үдерістер (14%).

Материктер арасындағы қауіпті құбылыстардың әсеріне ұшырау көрсеткіші: Азия (38%), Солтүстік және Оңтүстік Америка (26%).

Табигаттың жойқын күшін кейбір жағдайда лайықты бағалай бермейміз, уақыт өте келе бейқамдығымызды есімізге түсіріп тұратыны сондықтан болар (117-сурет). Өзіміз өмір сүріп жатқан табигатты танып біліп, құрметтеуіміз керек.



117-сурет. Табиги апаттың салдары

Қазақстан аумағының біраз жерінде дала және орман өрттері қауіп тендереді (118-сурет). Өрттің 90%-га жуығы адамның іс-әрекетінен болатындығы анықталған.



118-сурет. Даладагы, ормандағы және астық алқабындағы өрт


 Лай-топырақ көшкіндері, жер сілкіну, тастардың құлауы, сел, қар көшкіндері туралы не білесіңдер? Неден пайда болады? Қай жерлерде болады? Несімен қауіпті? Ол туралы нени білуіміз керек?

 Өрт шығудың 90%-на адам факторын жатқызуға болады. Өрт болған жағдайда өзінді қалай үстауың керек? Төтенше жағдай болғанда хабарласатын жедел құтқару қызметінің, өрт сөндіретін және медициналық көмек беретін мекемелердің телефон нөмірін атап беріңдер.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Табигаттагы қауіпті құбылыстар туралы білу не үшін қажет? Табигатта қауіпсіздік ережесін сақтау керек деңгенді қалай түсінесіндер?
2. Аяу райының бұзыла бастаганын қалай білуге болады?
3. Жер сілкінің кезінде және күшті жел соққанда үйдің және жергілікті жердің қай орындары қауіпсіз екенін атап беріңдер.

§ 36. ТІРІ АҒЗАЛАРДЫҢ ҚАСИЕТІ



Жасуша
Клетка
Cell

Тірі ағза
Живой организм
Living organism

Өлі (жансыз)
Неживой
Non-living


Тірі заттарды *ағза* (латын тілінде – келісті түрге келтіру дегенді білдіреді) деп атайды. Тірі ағзалардың ортақ қасиеттері мен белгілері болады: *жасушадан құрылған, коректенуі, тыныс алуы, зәр шыгаруы, көбеюі, қозгалуы, тіміркенуі, бейімделуі, өсуі және дамуы* (119-сурет).



119-сурет. Тірі ағзалардың қасиеті


Барлық тірі ағзалардың құрылышы *жасушалардан* тұрады (120-сурет). Ағзалардың көбі сан жетпейтін немесе көптеген жасушалардан құрылған. Оларды *көпжасушалы* деп атайды. Олар-

дан басқа біржасушалы ағзалар да тіршілік етеді: амеба, кебізше және т.б.



Өсімдік жасушасы:

1 – жасуша қабырғасы; 2 – мембрана саңлауы; 3 – нағыз вакуоль; 4 – ядро; 5 – хлоропласт; 6 – митохондрия; 7 – Гольджи жиынтығы; 8 – ЭПТ рибосомалары; 9 – теріс ЭПТ



Жануар жасушасының құрылышы:

1 – рибосомалар; 2 – ядро; 3 – ядрошық; 4 – центриолдар; 5 – лизосома; 6 – теріс ЭПТ; 7 – Гольджи жиынтығы; 8 – митохондрия; 9 – түйіршікті ЭПТ

120-сурет. Жануар мен өсімдік жасушасының құрылышы



Жасуша – ағзада өз бетінше зат алмасуды жүргізе алатын, тірі ағзаның ең кіші бөлігі.

Көректену – ағзаның тағам арқылы қажетті энергияны және затты қабылдауы. Ол өсіп келе жатқан ағзаның қалыпты жағдайда болуын қамтамасыз етеді.

Тірі ағзаларға тән қасиеттің бірі – *көбею*. Көбею белгілі бір тіршілік иелерінің жойылып кетпей, сақталып қалуына көмегін тигізеді (121-сурет).



121-сурет. Жануарлардың үрпақтарына деген қамқорлығы


Тірі ағзалардың тағы бір ерекшелігі – қозгалыс (122-сурет).



122-сурет. Жануарлардың қозғалысы

Өсу және даму. Өсімдіктер бүкіл өсу барысында өзінің көлемін, пішінін өзгертеді; жануарлардың бойының өсуі тежелгенімен, жасушалық деңгейдегі зат алмасуы тоқтамайды. Жануарлар өмір сүру барысында есте сақтау және жағдайды сараптай алатын қасиетіне ие болады.

Тіпі ағзаларға тән қасиеттің бірі – *зат алмасу*. Онсыз олар тіршілік ете алмайды. Ағзалардың түріне қарай оларға әртурлі заттар және жағдай керек. Мысалы, өсімдіктерге көміртегі, жануарларға оттегі қажет, бірақ бірде-бір тірі ағза сусыз тіршілік ете алмайды.



123-сүрет. Гидраның сыртқы әсерден тітіркенуі

Тірі ағзалар табиғаттағы зат алмасуға да қатысады. Өсімдіктер жануарларға қажетті оттегін бөлсе, жануарлар өсімдіктерге қажетті органикалық емес заттарды шығарады.

Барлық тірі ағзалар сыртқы әсерді қабылдайды және жауап қайтарады. Бұл қасиетті *timirkeneу* деп атайды (123-сурет).

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тірі ағзалардың ең маңызды айырмашылықтарын айтып беріңдер.
 2. Біздің планетамыздагы тірі ағзалар түрінің сақталуына қандай қасиеттер әсер етеді?
 3. Өсу мен дамудың бір-бірінен қандай айырмашылығы бар? Мысал келтіріңдер.

§ 37. ТІРІ АҒЗАЛАРДЫҢ ҰЙЫМДАСУ ДЕНГЕЙІ

СЕҢДЕР
БҮЛШЕСТИН
БОЛМАСЫ НАРА!

Тірі ағзалардың ұйымдасу деңгейі.

Тірі ағзалардың ұйымдасу деңгейінің бір-бірінен айырмашылығы.

СЕҢДЕР
УИРЕНЕСТИН
БҮЛШЕСТИНТірі ағзалардың ұйымдасу деңгейін ажыратса болу.
Әртүрлі деңгейдің ерекшелігін анықтай болу.ЕСТЕРНЕЦ
ТУСТРИЦДЕРЖасуша дегеніміз не?
Жануар мен өсімдік денесі қандай бөлімдерден тұрады?
Табиғаттағы көптүрлілік.

Ағза
Организм
Organism

Биосфера
Биосфера
Biosphere

Жердегі тіршіліктің пайда болуы алуан түрлі. Алуан түрлі болғанымен, тірі ағзалар жүйесін ұйымдасу әрекетіне қарай бірнеше деңгейге бөлуге болады.

Тірі ағзалар тіршілігінің негізгі деңгейлері: *молекулалық*, *жасушалық*, *цлпалық*, *мүшелі*, *ағзалық*, *түрлік*, *популяциялық*, *биогеоценоздық*, *биосфералық* болады (124-сурет).




124-сурет. Тірі ағзалар құрлысының негізгі деңгейлері

Фалымдар тірі заттардың ерекше қасиеттерінің негізінде тірі табиғаттың ұйымдасуын бірнеше деңгейге бөлді.

Ағзалардың өміршебендігі **молекулалық** деңгейден басталатын маңызды үдеріс, оның негізгілері: зат алмасу және энергияның түрленуі, ақпараттың үрпақтан үрпаққа берілуі арқылы жалғасады.




Естерінде болсын! Зат молекуладан, ал молекула атомдардан құралған.



125-сурет. Жасушаның органеллалары



Жасуша күрылышын сипаттап жазындар (125-сурет). Қандай органеллалардан түзілген? Жасушаның қай белгінде ядро орналасқан? Оның бейнесі қандай?



126-сурет. Иттің асқорыту мүшелері



Мүше – белгілі қызметті орындайтын дененің бір белгі.

127-сурет. Ағзалық деңгейде үйымдаған тірі заттар (сексеуіл, қарақүйрық)



Ағзалық деңгейде жеке ағзалар оқып үйретіледі (127-сурет).

Популяция (лат. *халық, тұргын халық*) – белгілі бір кеңістікте генетикалық жүйе тузақтін, бір түрге жататын және көбею арқылы өзін-өзі жаңғыртып отыратын ағзалар тобы (128-сурет).




128-сурет. Құлан және маралдың популяциясы

Сендер тұратын жерде кездесетін популяцияға мысал келтіріндер.


Биоценоз – бірқалыпты аумақта тіршілік етуге бейімделген (құрлықтың немесе судың белгілі бір бөлігі) бір-бірімен және қоршаған ортасымен өзара тығыз байланысқан, тарихи қалыптастып жинақталған жануарлардың, өсімдіктердің, саңырауқұлақтардың және микроагзалардың бірлестігі (129-сурет).

129-сурет.
Суқоймасының
биоценозы



Суқоймасының биоценозын суреттеп беріңдер. Ағзалар арасындағы байланыстар туралы мысал келтіріндер.

Тіршіліктің биосфералық үйымдасуы – планетамыздағы тіршіліктің барлық құбылыстарын қамтитын, жоғары деңгейлік жүйе. Биосферада тіршілік ететін барлық тірі ағзалардың өміршендігіне байланысты энергияның түрлену үдерісі және зат айналымы үдайы жүреді (130-сурет).



130-сурет. Биосфера бірнеше қабаттардың түйіскен жерінде орналасқан



Биосфера – (грек тілінде «*біо*» – тіршілік (өмір), *сфера* – қабық) – Жер планетасының тіршілік тараған қабаты.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тірі ағзалардың үйымдасу деңгейін оқып-үйрену не үшін қажет?
2. Жасуша, ұлпа және мүшенің құрамы неден тұрады? Мүшелер нені қалыптастырады? Арасындағы байланысты көрсетіндер.

№ 7 сармандық жұмыс

Пияздың қабығынан микропрепарат дайындау және оны микроскоп арқылы көру

Құрал-жабдықтар: микроскоп, заттық шыны, жабынды шыны, тамызы, тәжірибеге арналған пышақ немесе пинцет, ине.


Заттар: пияз, су, йод.

Лупа арқылы өсімдіктердің кейбір бөліктерін кедергісіз көруге болады. Микроскоппен көру үшін оған микропрепарат дайындау керек. Нысан арнайы шынының үстіне орналастырылады. Көріністің сапасы жақсы болу

үшін үстіне бір тамшы су құйып, жұқа жабынды шынымен жауып қояды. Мұндай препаратты уақытша пайдаланады, жұмыс аяқталғаннан кейін сұмен шайып тастауға болады. Алайда, бірнеше жылға шыдайтын тұрақты препарат дайындауга да болады. Ол үшін нысаннның үстіне су емес, арнайы мөлдір смола құйылады, сол кезде екі шынының арасы тығыздалып, қатып, желімделіп қалады. Әртүрлі бояумен препаратты бояуға да болады. Осылай тұрақты препарат жасалады.

1. Микроскопты жұмысқа дайындаімсыз. Жарықтың мол түсіне мұмкіндік жасаймыз. Препаратқа арналған заттық және жабынды шыныны жақсылап құргатып сұртеміз. Заттық шынының бетіне йодтың әлсіз ерітіндісін тамызғымен тамызыамыз (1).

2. Пиязды қолға аламыз. Қолденеңінен кесіп, қабығын аршып тастаймыз. Қалың етті қабықтың үстіндегі жұқа қабықтың (пленка) кішкене бөлшегін пинцетпен жұлып аламыз. Әлсіз йодталған су тамшысын тамызып, қабықты заттық шынының үстіне орналастырамыз (2).



Жұқа қабықты инемен біртегіс жайып орналастырамыз. (3).

3. Жабынды шынымен жабамыз.


Пияз қабығынан жасалған уақытша препарат дайын (5).

4. Дайын болған препаратты 56 есе үлкейтіп көріңдер (объектив x8, окуляр x7). Заттық шыныны абайлан, ары-бері қозгай отырып, ең жақсы жасушалары көрінетін жерін таңдаап алындар.


Нени бақылаймыз? Микропрепаратта бір-біrine тығыз орналасқан ұзынша жасушаларды көреміз (6).

Жасушаны 300 есе үлкейтетін микроскоппен де (объектив x20, окуляр x15) көруге болады.


Нени байқаймыз? Үлкейткен кезде (7) жіцишке тері қуыстары бар, тығыз мөлдір қабықшаны көруге болады. Жасушаның ішінен түссіз қоймалжың – цитоплазма-



6



7



ны (йодпен боялған) көреміз. Цитоплазмадан кішігірім тығыз ядроны және оның ортасындағы ядрошықты көруге болады. Барлық жасушаларда, әсіресе, ескілерінде вакуола көрінеді.

Қорытынды: Тіршілік ағзалары жасушалардан тұрады. Жасуша тығызы ядро және ортасында ядрошығы бар айналасы қоймалжық мөлдір цитоплазмамен қоршалған. Жасушаның қабығы мөлдір, тығыз, иілгіш. Сондықтан да цитоплазманың ағып кетуіне жол бермей, бір пішінде үстап тұрады. Қабығының кейбір тұстары жұқа болып келгендейтін, тері құystары арқылы келесі жасушамен байланыс жасайды. Жасуша – өсімдік құрылышының бір бірлігі.

§ 38. ӨСІМДІК ТІРШІЛІГІНДЕГІ ФОТОСИНТЕЗДІҢ РӨЛІ



Ауа арқылы қоректену дегеніміз не?
Фотосинтез үдерісі қалай жүреді?

Өсімдіктердің қоректену типтерін ажырату және сипаттай білу.
Фотосинтез үдерісіне қорытынды жасау.

Адам үшін оттегінің қажеттілігі қандай?
Фотосинтез үдерісі табиғатта қандай рөл атқарады?

Хлорофилл
Хлорофилл
Chlorophyll

Фотосинтез
Фотосинтез
Photosynthesis

Оттегі
Кислород
Oxygen

Пигменттер
Пигмент
Pigment

Өсімдіктердің қоректенуі олардың тіршілік етуі үшін маңызды фактор болып есептелінеді. Өсімдіктер *тамыр* (топырақ арқылы) және *aуа* арқылы қоректенеді (131-сурет). Тамыр ар-


қылыштың топырақтан суда еріген минералды заттарды қабылдайды. Ауадан қоректенгенде қажетті заттар ағаштардың, бұталардың және шөптердің жапырақтарында қалыптасады.



Осымдіктердің қоректенуі – осымдіктердің тіршілігіне қажетті химиялық элементтерді (тағамдық заттар) қоршаган ортадан алу және оларды қорыту мен сіңіру үдерісі.



131-сурет. Осымдіктердің қоректену жолдары



132-сурет. Хлорофилдің көлденең қимасы

Осымдіктерде жапырақтары арқылы ауадан қоректену үдерісі жүреді (**фотосинтез**). Яғни, күн сөүлесінің көмегімен жасыл жапырақтар атмосферадан көмірқышқыл газын сіңіреді (ассимиляцияланады). Бұл үдеріс жасушаның арнағы мүшесі – **хлорофластиның** ішіндегі **хлорофилл** арқасында жүзеге асады (132-сурет).

Тұзілген органикалық заттар өсімдіктің қорегіне айналып, оттегі сыртқа шыгады. Сондықтан да фотосинтезді өсімдіктердің ауадан қоректенуі деп атайды. Осымдіктердің негізгі бөлігінде кешкі 6-дан бастап, таңғы 6-ға дейін өсу қарқыны біртіндең жылдамдайды. Ал таңнан бастап, кешке дейін өсу баяулайды.



Фотосинтез кезінде көмірқышқыл газы оттегіге айналады.

Хлорофилл – өсімдіктерде кездесетін жасыл пигмент. Жасушаның құрамында кездесетін өте кішкентай дән сияқты пішіні бар зат. Осымдіктің оңе бойында болғанымен, басым түрде жапырақта орналасқан.



Фотосинтез үдерісінен Жер планетасында жылына 200 млрд тонна оттегі, 1,7 млрд тонна көміртегі, 150 млрд тонна органикалық заттар пайда болады. Егер де планетамызда фотосинтез үдерісі тоқтаса, атмосферадагы оттегі 2000 жылдан кейін таусылып қалар еді.

Өсімдіктердің бояғыш заттары. Өсімдік жапырақтары, негізінен жасыл түсті болып келеді, ал жемістерінің түсі әртүрлі. Жапырақ пен жеміс құрамында ерекше зат – *пигмент* болады. Пигмент өсімдіктерге әртүрлі түс береді.



133-сурет. Алтын күз – өсімдіктер бояуының көрінісі



Жапырақ түсетін кезде, жеміс піскен кезде хлорофилл жойылып кетеді. Хлорофилдің орнына өсімдіктерге қызығылт-сары және сарғыш түс беретін **хлоропласти** келеді (133-сурет).



Ағаштардың жапырағы не себепті күзде саргаяды, ал қылқан жапырақты ағаштардың инелері (шырша, қарагай, майқарагай, арша, самырсын, туя) неге жыл бойы жасыл рецин сақтап қалады?

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Фотосинтез үдерісіне қажетті жағдайды атаңдар.
2. Пигмент дегеніміз не? Фотосинтезге қандай пигменттер қатысады?
3. Өсімдіктер – біздің планетамыздың өкпесі дегенді қалай түсінесіндер?
4. Жер бетіндегі барлық орман ағаштарын кесіп тастасақ, не болар еді? Болжам жасап, өз ойларынды жеткізуңдар.



5. Үлкендердің көмегімен төмендегі тәжірибелі үйде қайталаңдар. Нәтижесін келесі сабакқа алып келіңдер. Мұгалімге түсіндіріп беріңдер.

№ 8 сараландық жұмыс

- Бөлме өсімдігін бірнеше күнге қараңғы шкафқа салып қойындар.
- Жапырақтың бетіне кез келген сурет салынған қара қағазды жапсырып қойындар.
- Өсімдікті жарыққа шығарамыз.
- 7-8 сағattan кейін жапырақты кесіп алып, қағазды аламыз.
- Үстік спиртпен қағазды сұртіп, түссіз деңгейге жеткіземіз.
- Оны йод ерітіндісімен өндейміз.
- Түссіз қағаздың бетінде сендердің салған фигуralарын көрінеді.

**Табиги бояғыштарды (пигментті) өсімдікten боліп алу**

Құрал-жабдықтар: шыны немесе металл ыдыс, қайши, асхана пышагы, қолмен істейтін шырынсыққыш, үккіш, сұзғі, электрплитасы.

Заттар: жылы су, кофе, қызылша, балғын өсімдік жапырагы, жеміс, қара және көк шай т.б.

Бояғыш өсімдіктер – жеке бөліктерінде (тамыры, сабагы, жапырагы, гүлі, жемісі, тұқымы) және тінінде (агашта, қабығында) бояғыш заттар қалыптастыратын және бөліп шыгаратын өсімдіктер. Бояғыш заттар пластидтің ішінде орналасады. Өсімдіктердің мындаған түрінің бояу бөліп шыгару қасиеті бар. Өнеркәсіптік мақсатта тек тұрақты бояу бөліп шыгаратындары қолданылады. Бір өсімдіктің өзі тінің күрамына байланысты әртүрлі түс беруі мүмкін. Бояғыш ерітіндін тамырды, жапырақты және ғулді суға қайнату арқылы да алуға болады. Бояудың түсі өсімдіктің жасына, топырақтың күрамына және жиналған мезгіліне байланысты. Жапырақ пен ғулді жаңа ашылып келе жатқан кезде, қабығын – көктемде, тамырын – күзде жинаған тиімді.

1. Өсімдік пигменттерінен бояғыш экстрат алу

Бояғыш пигментті алу үшін 100 грамнан жаңа сығылған, ұсақталған қызылша, жеміс, жасыл жапырақ, бір шай қасық қара немесе көк шай дауындейміз. Қажетті түсті алуға байланысты таңдау өз еріктерінде. Алдын ала ұсақталған өсімдік шикізатының үстінен жылы су құямыз және 30 минут қолемінде қайнатамыз. Өсімдік шикізатын су толық жауып тұруы керек. Бұланып кеткен судың орнын арасында толтырып отыруга болады. Қайнатуды желденетін болмеде іске асырган дұрыс. Себебі, бояғыш ерітіндінің ісі шыгады. Ары қарай бояғыш экстратты сұзгіден өткіземіз.

2. Мақта матаны бояу

Бояғыш экстратты қайнатуға жеткізіп, қажетті бояйтын материалды үстінен саламыз (ақ мақта мата). Баяу жалында 15–20 минут қайнатуды жалғастырамыз. Бояу бірқалыпты болуы үшін арасында матаны аударып отырады. Боялған матаны ерітіндіден шыгарып, жарық түспейтін жерде табиги жолмен көптіреміз. Кепкен материалды таза жылы сумен шаяммыз.

Корытынды. Тәжірибе барысында өсімдік пигментінен бояу бөлініп шығып, матага берілді. Табиги жолмен алғынған бояуды (пигмент) көбінесе сурет салу кезінде қолданған жөн. Сурет әдемі шыгады.

В БӨЛІМ. ЭНЕРГИЯ ЖӘНЕ ҚОЗҒАЛЫС



- ★ Энергия түрлөрі
- ★ Энергия көздері
- ★ Температура және жылу энергиясы
- ★ Энергияны үнемдеу
- ★ Жылудың ұлғаюы
- ★ Дененің қозғалысы

§ 39. ЭНЕРГИЯНЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ПАЙДА БОЛУ КӨЗДЕРІ

СЕНДЕР ВІЛЕТІН
БОЛАСЫНДАР:

Энергия деген не?
Энергияның қандай түрлері бар?
Энергияны қалай алады?

СИНДЕР УЙРЕҢЕСІНДЕР:

Энергияның формасын ажырату.
Энергия көздерін табу жолдары.

ЕСТЕРДЕҢ
ТҮСІРІСДЕР:

Табиғаттағы құбылыштар.
Табиғатты қорғау және табиғи ресурстарды
тиімді пайдаланудың ережесі.

Энергия
Энергия
Energy

Жасыл энергия
Зеленая энергия
Green energy

Энергияның көздері
Источники энергии
Sources of energy

Энергия – дененің жұмыс істеу қабілеті мен қуаты. Дене жұмысты негұрлым ұзақ және көп істесе, энергияның молдығының көрсеткіші. Энергия пайда болу үшін, энергияның көзін табу қажет. Энергияның негізгі көздері: жанғыш пайдалы қазбалар (көмір, мұнай, газ, шымтезек, жанғыш тақтатас), термальды сулар, Құннің, желдің, өзеннің, теңіздің және мұхиттың энергиясы.




«Энергия» термині грек тілінде *energeia* – *іс-әрекет, қимыл, қызмет деген магынаны білдіреді*. Бұл термин алғаш рет Аристотельдің еңбектерінде жарық көрді.



Энергияны джоульмен есептейді (Дж). Бұл Д. Джоульдің атымен аталған өлшем бірлігі. Джоуль алғаш рет жылу – энергияның бір түрі екендігін дәлелдеді. $1000 \text{ джоуль} = 1 \text{ килоджоуль}$.

Күнделікті өмірде бізге механикалық энергия көбірек таныс. Механикалық энергия – адамзат үшін ерте заманнан таныс энергияның түрі. Оны мына құралдар жасау үшін қолданылып келді: садақтың оғы, арба, маятник, жел диірмені, сағат және т.б. механизмдер (134-сурет).



134-сурет. Механикалық энергия

Электр энергиясы адамдарға күнделікті өмірде кеңінен тауыс. Қазіргі кезде электрсіз тіршілікті көз алдымызға елестету қынын. Электр энергиясын басқа қуат көздерін, арнайы техникалық құралдар көмегімен өндөу арқылы жылудан (ЖЭС), судан (СЭС), атомдық ыдыраудан (АЭС) және басқа электростанцияларынан аламыз.



135-сурет. Энергия үнемдегіш лампалар – жасыл энергетиканың символы



Не себепті энергия үнемдегіш лампаларды жасыл энергияның символы деп атайды (135-сурет)? Олардың кәдімгі лампалардан қандай артықшылығы бар? Үйлерінде қандай лампа пайдаланасындар?



Электр энергиясын өлшеу бірлігі – **1 киловатт-сағат** (**kВт·сағ**).

Киловатт-сағат – бір сағат көлемінде қуаттылығы 1 киловатт болатын құралдың тұтынатын энергиясының мөлшеріне тең. $1 \text{ кВт} \cdot \text{сағ} = 1000 \text{ Вт} \times 3600 \text{ с} = 3,6 \text{ МДж}$.

100 Ватқа тең электр лампасы, күніне 8 сағат жаңып тұратын болса, айна $0,1 \text{ кВт} \cdot 8 \text{ сағ}/\text{күніне} = 30 \text{ күн} = 24 \text{ кВт} \cdot \text{сағ}$ жүмсалады.

Химиялық энергия заманауи адамдардың барлығына таныс және күнде лікті өмірде жан-жақты қолданылады (136-сурет).

Химиялық энергияның негізгі көздері: мұнай кен орындары (мұнай және оның өнімі), газконденсат кен орындары (табиги газ), батпақты жерлер (шымтезек), орман (агаш) және т.б.



136-сурет. Табиги газ – химиялық энергия көзі



Табиги газ қоры мен қалпына келу деңгейі бойынша пайдалы қазбалардың қандай түріне жатады? Газ қорын сақтаудың жолын айтып беріңдер. Газ адамның өміріне және денсаулығына қандай қауіп-қатер төндіреді?

Жылу энергиясы болмаса, қыстығұні өмір суру мүмкін болmas еді. Жылу энергиясын көбінесе әртүрлі отын түрлерін жағуарқылы алады (137-сурет). Аязды күндері ыстық сұзы бар радиаторлар мен жылы едендер үй ішіне жылу береді (138-сурет).



137-сурет. Отын түрлері



Отын ресурсын энергияның басқа көзімен ауыстыруға бола ма? Жауаптарыңды түсіндіріп беріңдер. Үйдегілерден сұрап біліндер, қандай энергияның арқасында үйлеріңде электр тогы келіп тұр?



Жылу – энергияның формасы. **Температура** – макроскопиялық жүйенің термодинамикалық тепе-тендік күйін сипаттайтын физикалық шама.



138-сурет. Күн сөулесінің және радиатордың жылу энергиясы



Күн сөулесі жылуының радиатордың жылуынан қандай айырмашылығы бар?

Жарық энергиясы – барлық адамдарға таныс құбылыстардың бірі. Ежелгі заманнан бері Күн, Ай, жұлдыз, алау, шырақ және өздерінен жарық шыгаратын жануарлар мен өсімдіктер сияқты жарық көздері белгілі. Жер бетіндегі барлық тірі ағзалар Күн жарығынан бөлінетін энергияның арқасында өмір сүруде.



Жер бетіндегі ең негізгі энергия көзі – Күн сөулесінен бөлінетін энергия.

Ядролық энергия (атом энергиясы) – атом ядроында кездесетін, ядролық реакция және радиоактивті ыдырау кезінде пайда болатын энергия. Бұл энергияны ядролық қаруга және ядролық энергетикада қолданады.



139-сурет. Ядролық энергияның символы



Радиация дегеніміз не? Ол адамның денсаулығына қандай қауіп-қатер төндіреді? Семей ядролық полигоны туралы не білесің?

Сұрақтар мен тапсырмалар

- Басқа энергия көздеріне қараганда электр энергиясының қандай артықшылығы бар?
- Сендердің үйлерің, мектептерің, жақын мандағы аурухана электростансының қандай түрінен энергия алады?
- Көмір және табиғи газбен жұмыс істейтін электростансылар энергияның қандай түрін шыгарады?

§ 40. ЭНЕРГИЯНЫҢ ӨЗАРА ТҮРЛЕНУІ



Энергияның түрленуі деген не?
Азық-тұлғынан энергетикалық құндылығын қалай білуге болады?
Бір энергиядан екінші энергияны қалай алуға болады?

Азық-тұлға калориясын есептеу.
Энергияның түрленуіне байланысты тәжірибе жүргізу.

Энергияның қандай түрлері бар?
Энергияны қалай алуға болады?

Электростансы
Электростанция
Electric power station

Энергия жоқтан пайда болмайды. Ол бір формадан екінші формада аудиасады. Адамдардың тұтынатын азық-тұлғінің өзіне тән энергиясы болады. Тағамның құнарлығы жоғары болған сағын, энергиясы да көбейе түседі.

Двигательді (қозғалтқыш) ойлап тапқанша адамзаттың қолындағы жалғыз қозғалыс қуатының көзі табигат күштері болады. Жануарлар ауыр арбаларды тартты, үн алу үшін су мен жел дірмендердің қалақтарын айналдырды (140-сурет). Бу мәшинесін ойлап тапқанға дейін, энергияның негізгі көзі су еді. Судың, желдің және жануарлардың энергиясы әлі күнге дейін қолданысқа ие.



140-сурет. Судың және жануарлардың күшін механикалық энергия көзіне айналдыру



141-сурет. Алғашқы бу мәшинесі

XVIII ғасырда алғашқы бу мәшинелері пайда болды. Қоғам міндеттес жағдайда ағашты жағу арқылы алғынған жылу энергиясы механикалық қозғалыс энергиясына айналды. Алғашқы кезеңінде бу мәшинесі, жылу энергиясын механикалық энергияға түрлендіру мақсатында қолданды (141-сурет). Поршень, иін, шкив, белдік, шынжыр арқылы айналып, энергияны мәшинеге және механизмге келтіріп, дөңгелектерді іске қосуға негізделді.



142-сурет. Сырдария өзені бойындағы Шардара су электрстансысы

XX ғасырда адамдар қуаттылығы жоғары жылу, су, атом электрстансыларын сала бастады. Электр энергиясын тасымалдайтын желілер қалыптасты. Су электрстансысындағы су ағынының энергиясы электр энергиясына айналады (142-сурет).

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сендер жейтін тағамның қайсысының калориясы жоғары? Не себепті өсіп келе жатқан ағзаларыңа жоғары энергетикалық құндылығы бар азық-түлікті пайдалануларың керек?
2. Энергетикалық құндылығы жоғары, маңызды азық-түліктердің тізімін жасаңдар.
3. Кішігірім балганы алғып, металды бірнеше рет ұрындар (металл сыйнығы, шеге). Металдың соғылған жеріне абайлап, қолдарыңды тигізіңдер. Саусақтарың нені сезді? Энергияның қандай түрленуі болды?

§ 41. БАЛАМАЛЫ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ



Баламалы энергия Альтернативная энергия Alternative energy

Электр энергиясы және үйді жылдыту деген кезде, мазутпен (мұнайды өндегеннен кейінгі қалдық), газ және көмірмен жұмыс істейтін электрстансылар есімізге түседі. Көбінесе олардың алып мұнараалардан атмосферага тұтіндері таралып, айналасындағы қоршаған ортаға әртүрлі қоспалар мен газды шығарып тұрганын көреміз.

Қашанға дейін олар ауаны ластай береді? Олардың жұмыс істеуі үшін отын ресурсының қоры неше жылға жетеді? Экологиялық және энергетикалық дағдарыс болған жағдайда не істейміз? Одан қалай шығамыз? Шешім табуга бола ма? Бүгінде «Не істейміз?» және «Біз не істей аламыз?» деген сұрақтарға жауап іздеудеміз. Демек, энергияның баламалы, дәстүрлі емес, қалпына келетін құат көздерін табуымыз керек.



132-сурет. Баламалы энергетиканың бағыттары



«Балама» ұғымы – бірнеше нұсқадан таңдау жасау мүмкіндігі деген мағынаны білдіреді.



144-сурет. EXPO –
2017 символы

Баламалы энергия көздері деген не? Бірінші кезекте, қалпына келетін энергия көздерімен жұмыс істей. Оларға: Күннің энергиясы, желдің энергиясы, жердің ішкі жылуы, теңіз ағыстары, теңіздегі судың көтерілуі және қайтуы, биоотын және т.б. жатады. Қазіргі кезде электрді үнемдейтін және пайдалану шығынын бірнеше есе азайтатын, энергия үнемдейтін технологиялар ойластырылып шығарылуда.

Астана қаласында өткен EXPO – 2017 халықаралық көрмесінің девизі – «Болашактың энергиясы» деп аталды (144-сурет).

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Баламалы энергетиканы дамытуға не себепші болды?
2. Дәстүрлі энергетикаға қараганда Күн энергетикасының тиімділігі нede?
3. Сендер тұратын жерлерінде баламалы энергия көзін пайдалана ма?
4. «Энергетикалық дагдарыс» деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?

№ 9 сармандық жұмыс

Температураны өлшеу

«Жылы», «сүық» деген кезде көбінесе ауа температурасын айтамыз. Ауа температурасын өлшеудің еш қындығы жоқ. Ол үшін кедімгі немесе электронды термометрді қолдансақ жеткілікті. Термометрді 1742 жылы швед физигі және астрономы Андерс Цельсий ойлап тапты.

1-тапсырма. Термометрге зер салып қарап шығындар. Термометрдің негізгі белігі – сүйықтық құйылған шыны түтік және шкала (сызықтармен белінген пластинка). Шкаладағы әрбір сызықша бір градусты көрсетеді. Шкаланың ортасынан нөл санын көріп тұрсындар. Бұл – сүық және жылы температураның градуспен есептелгендерін шегарасы. Түтіктегі сүйықтың тоқтаған жеріндегі шкала қанша градус екендігін көрсетеді.

2-тапсырма. Термометрдің қалай жұмыс істейтінін білу үшін тәжірибе жүргізіп көріндер.

1-тәжірибе. Термометрді жылы су құйылған шыны ыдысқа салындар. Термометр түтігінде сүйықтық бағанасында қандай өзгеріс болды?

2-тәжірибе. Термометрді сүық су құйылған шыныға салып көріндер. Термометр бағанасынан қандай өзгерісті байқадындар?

3-тапсырма. Термометрді пайдаланып, сынып бөлмесінің және даладағы ауаының температурасын анықтаңдар. Ауа температурасының төуліктік орташа мөнін анықтау үшін термометрдің көмегімен төулігіне бірнеше рет ауа температурасын өлшеп көрү керек. Анықталған температураның көрсеткіштерін бір-біріне қосып, неше рет өлшеген болсаң сол санға бөлу керек. Қанша өлшесең соңшалықты нақты төуліктік температураны анықтауга болады. Ең дұрысы төулігіне сегіз рет бірдей уақыт ара-лығында өлшеу керек. Яғни, әрбір 3 сағат сайын (метеостансыларда осылай есептейді). Өлшеуді төуліктік температураның максимум немесе минимум көрсеткіші кезінде бастаган дұрыс. Мысалы, бізде ең ыстық уақыт сағат 16-да. Егер төрт рет өлшейтін болсақ, келесі өлшем сағат 22-де, келесің таңғы 04-те және 10-да. Осылардың көрсеткіштерін бір-біріне қосып, төртке бөлеміз. Ауа температурасын көлеңкеде есептейді.



4-тапсырма. Медициналық термометрге зерсалып қараңдар. Ондағы бағанада 34-тен бастап 41-ге дейін көрсетілген. Бұл жердегі 37 саны қызылмен белгіленген. Медициналық термометрде сұйықтық ретінде сынап пайдаланылады. Адам денесінің қызуы 35° -тан төмен және 41° -тан жоғары болмауы керек. Егер де дененің қызуы $+37^{\circ}$ -тан жоғары болса, адамның науқастанғанын білдіреді.

Медициналық термометрмен өздене қызууларынды өлшеп көріндер.



§ 42. ЭНЕРГИЯНЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК



СЕНДЕР БАЛЕТІН
БОЛАСЫНДАР

Энергияны тиімді және үнемдел пайдалану дегеніміз не?
Энергияны және жылуды сақтау жолдары.

Электраспаптарды қолданған кездегі қауіпсіздік ережелері.

СЕНДЕР
БАЛЕТІНДАР, УИРІНЕСІНДАР:
ВОЛТЕРИН, ТУСКИНДАР

Тұтынған энергияны есептей жолдары.
Қауіпсіздік және энергияны үнемдеу ережелері.

СЕНДЕР
БАЛЕТІНДАР, УИРІНЕСІНДАР:
ВОЛТЕРИН, ТУСКИНДАР

Электрлік және жылу құбылыстары.
Электраспаптарын қолдану ережелері.

Энергияны үнемдеу
Энергосберегающий
Energy-efficient

Жылуды сақтау
Теплоизоляция
Thermal insulation


Жылу энергиясы
Тепловая энергия
Heat energy

Энергия өндіру үшін көмір, мұнай, газ және өзен ағысы энергиясының (су ресурсы) көп мөлшердегі қорын пайдаланудамыз. Негізгі энергетикалық ресурстардың тапшылығы, қорының азауы, өндіру құнының артуы және экологиялық мәселелердің туындауы энергияны, әсіресе электр және жылу энергиясын үнемдеп пайдалануға мәжбүрлеуде.



Энергияны тиімді пайдалану (энергияны үнемдеу) – энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану жұмыстарын үйімдастыру.

Энергияны тиімді пайдалану үшін негізгі энергия тұтынушыларды анықтаумен бірге, қаншалықты дұрыс және тиімді пайдаланып жүргенімізді есептеуіміз керек. Энергияны көп тұтынатын бүйімдар: тоқазытқыш, электр плитасы, кіржурыш мәшинесі және жарық беруші аспаптар (145-сурет).



145-сурет. Үйдегі электр энергиясын көп тұтынатын заттар

Үй тұрмысында энергияны үнемді пайдалануға байланысты өз ұсыныстарында айтындар.

Қазіргі таңдағы өндірушілер өздері шыгарған тауарларының артына энергияны тұтыну кластарын арнайы жапсырмамен, әріппен немесе түспен бөліп көрсетеді. Оны үйдегі түрлі

қондырғылардан көріп біле аласың. Олар А – G белгісі аралығында көрсетіледі. А – энергияны аз, ал G – энергияны көп тұтынады (146-сурет).

 Үйіндегі бар электраспаптардың аттарын дәптерге жазындар. Үйдегі үлкендерден энергияны тұтыну кластарын сұрап, біліп алындар. Барлығы бірдей тиімді ме? Сенің бөлменде қандай лампа жаңып тұр? Электрлі еткескіш, шырынсыққыш, миксер және араны пайдаланбай өмір сүруге бола ма?



146-сурет. Тұрмыстық аспаптардың энергияны тұтыну кластары

Тұрмыстық электраспаптарын қолданғанда қауіпсіздік ережелерін міндетті түрде орындау керек. Электраспаптары өте қауіпті құралдардың қатарына жатады (147-сурет). Барлық электраспаптардың ақаусызы жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет.



147-сурет. Ақаудың бар электраспаптары – өте қауіпті



Ақаудың бар электраспаптарынан қандай қауіп төнеді? Электр қауіпсіздігі ережесін сақтау дегенді қалай түсінесі?

Тұргын үй шаруашылығында қолданылатын жылу энергиясының 30%-ын көмірді және газды жағу арқылы алады. Сондықтан да жылуды үнемдеу қажет. Көптеген үйлерде жылу энергиясы әртүрлі себептермен босқа шығындалып жатыр (148-сурет). Мұндай үйлерді сұық кезде қанша жылышсаң да, қоңыр салқын болып тұрады.



148-сурет. Үйдегі жылу шығынының себептері



Суретке қараңдар. Үйлеріміздегі жылу суреттегіден басқа қандай жолдармен босқа кетіп жатыр? Сендердің үйлерің жылу шығынынан қашалықты қорғанған? Қыс айларында жылуды қалай сақтап тұрасыңдар?

Үйді жылдыуга кететін шығынды азайтып, үйдегі тұрмысың мен демалысың жайлы болсын десең, үйдің жылу изоляциясына мән беру керек. Жақсы таңдалған жылу изоляциялық материал, үйді жылдыуга кеткен шығынды азайтып, қолайлы микроклимат қалыптастырады.

Үйдегі жылуды сақтауға арналған материалдар: шыны мақта, минералды мақта, тасты мақта, полистирол, көбікті полистирол, көбікті шыны және т.б. (149, 150-суреттер).



149-сурет. Жылу үнемдегіш материалдар



150-сурет. Үйдің жылу изоляциясы

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Үйдегі электр энергиясының шығынны қалай есептейді?

2. Сенің отбасың айна қанша электр энергиясын тұтынады? Тұтынған энергияның мөлшерін кім есептейді?
3. Үйде жылуды және жылы суды есептейтін қондырыгыны не үшін орнатады?

№ 10 сараландық жұмыс

Дененің жылу әсерінен ұлгаюы


Откен параграфтардан бізге белгілісі – заттардың атомнан және молекуладан тұратындығы. Бұл бөлшектер тоқтаусыз ары-бері қозгалыста болады. Қызыған кезде қозгалыс үдей түседі. Осы кезде бөлшектер арасындағы қашықтық ұзарып, дененің ұлгаюына әсер етеді.



Дене пішіні қызуудың әсерінен өзгеруін – жылу әсерінен ұлгаю деп атайды.

Суретте көрсетілген тәжірибелі қайталап көріндер.

Қатты дененің жылу әсерінен ұлгаюын тәжірибе арқылы байқауга болады. Сақинадан еркін өтіп тұрган болаттан жасалған кішкене шар (1-сурет. а, ә, ә), спирт шамында қыздырылғаннан кейін ол шенберден өте алмай қалады. Суытылғанинан кейін бұрынғы қалпына келеді. Тәжірибеден байқаганымыз, қатты дене жылығанда ұлгаяды, суығанда кішірейеді.



1-сурет. а, ә, б


Әртүрлі қатты денелердің ұлгаюы біркелкі емес.

Қатты дененің жылу арқылы ұлгаюы үшін үлкен күш қажет. Ол күш көпірлерді бұзып, теміржол рельстерін майыстырып, сым темірлерді үзіп тастауы мүмкін. Сондықтан да құрылым кезінде жылу ұлгаюы ескеріледі. Электртасымалдау желілері қыстығұн сұынған кезде қысқарап, үзіліп кетпеуі үшін бостау қылып тартылады.

Жаз айларында ұлгаудың әсерінен электртасымалдау желілері төмен қарай салбырап тұрады (2-сурет).

Үй тапсырмасы:

Шыны шөлмекке су құйып, тығындал, мұздатқышқа салып қойындар. 8–10 сағат откеннен кейін алындар. Шөлмектегі суда болған үдеріс туралы жазындар.



2-сурет. Жаз айларында электртасымалдау желілері ұлгаудың әсерінен ұзарады, сондықтан да төмен қарай салбырап тұрады

§ 43. ТАБИГАТТАФЫ ҚОЗҒАЛЫС



Қозғалыс дегеніміз не?
Жануарлар қалай қозғалады?
Жануарлардың қозғалысындағы қаңқаның рөлі.

Жануарлардың қозғалыс тәсілдерін ажырату және сипаттау.
Жануарлардың қозғалыс мүшелеріне сипаттама беру.

Тірі ағзалардың қасиеті.
Негізгі көлік түрлері.

Козғалыс
Движение
Movement

Қаңқа
Скелет
Skillet

Механикалық қозғалыс
Механическое движение
Mechanical movement

Бізді қоршаған табигат үдайы қозғалыста болады. Дүниеде барлық зат қозғалады. Жұлдызыды өлем, Жер планетасы, адам, оның жеке дене мүшелері, жасушадағы молекула, атомдар және кішігірім белшектердің өзі үдайы қозғалып тұрады. Өсімдіктердің жапырақтары күнге қарай баяу бұрылады. Өсімдік тамыры арқылы жапырағына және жемісіне қарай нәрлі шырындар жылжиды.



Козғалыс – денелердің бір жерден екінші жерге жылжыу. Қозғалыс – тірі ағзалардың тіршілік белгісі. Қозғалыстың шапшаңдығын есептейтін физикалық елшем бірлігін жылдамдық дейді. Жылдамдық м/сек, км/сағ бірліктерімен есептелінеді.



151-сурет. Жануарлардың қозғалу түрлері

Жануарлар қозғалу түрлеріне қарай бір-бірінен ерекшеленеді (151-сурет).



Әртүрлі жылдамдықпен қозғалатын жануарларга мысал келтіріндер. Арасында ең жылдам жүгіретіндері қандай? Сендер тұратын жерде олардың қандай түрлері бар?

Көпжасушалы жануарлардың барлығы бұлшық еттің арқасында қозгалады. Алайда бұлшық еттің қызметтіңсіз де қозгалатын жануарлар бар. Біржасушалы амеба суда арналы мүшелерінің көмегімен қозгала алады (152-сурет).


 152-суретте қандай біржасушалы жануарлар көрсетілген? Қозгалыс ағзаларының орналасуы және құрылышының ерекшелігін табындар.



152-сурет. Біржасушалы ағзалардың қозгалыс мүшелері

Тірекіз қозгалыс болмайды. Адамның және жануардың негізгі тірекі – қаңқа (грек. «скелетон» – кепкен, құрғаған).

Қаңқа тірек және қозгалыс қызметтерін қатар атқарады. Сондай-ақ, дененің пішінін сақтап тұруға, ішкі ағзаларды қорғауға көмектеседі (153-сурет).



153-сурет. Адамның тірек-қозгалыс жүйесі



Есте сақтаңдар! Адамның тірек-қозгалыс жүйесін қаңқа сүйектері мен олардың байланысы және бұлшық еттері құрайды.


Жануарлар сыртқы және *ішкі қаңқалы* деп екіге ажыратылады. Сыртқы қаңқа шаянтәрізділерде, өрмекшітәрізділерде және жәндіктерде қалыптасқан (154-сурет). Қаңқалары бұлшық еттермен бекіп жалғасқандығы жануарлардың жылдам қозгалуына мүмкіндік береді.



154-сурет. Сыртқы қаңқаның ерекшелігі

 Сыртқы қаңқаның өзіне тән кемшіліктері болады. Ол қандай кемшілік, ойланып көріндер? Биологиялық сөздіктен *тұлеу* сөзінің мағынасын табыңдар.

Ішкі қаңқа – омыртқалы жануарлар денесінің негізгі тірегі. Қаңқа дененің қозгалысында негізгі рөлді атқарумен бірге, ішкі құрылыш мүшелерін зақымдануынан қорғайды (155-сурет).




155-сурет. Омыртқалы жануарлардың ішкі қаңқасы

 Жануарлардың қаңқа сүйектері, мәтінде берілгеннен басқа қандай қызмет атқарады?

Тасбақалар 220 миллион жылдан бері тіршілік етіп келе жатқан ерекше жануарлардың бірі. Кесіртке, жылан және қолтырауыннан да ерте пайда болған ең ежелгі рептилия болып саналады.

Тасбақа қаңқасының кез келген басқа омыртқалы жануарлардың қаңқасына қарағанда өзіне тән ерекшелігі бар (156-сурет).



156-сурет. Тасбақа қаңқасы

Интернет көздерін және анықтамалық материалдарды пайдаланып, тасбақа қаңқасы құрылышының басқа жануарлар қаңқасы құрылышынан қандай айырмашылығы бар екенін анықтаңдар?

Кез келген қозғалысты *механикалық қозғалыс* дейміз, оған қозғаушы күш қажет. Адам жасаған электрқозғалтқыштың (двигательдің) қозғалу себебі – электромагниттік күш. Мысалы, электровоз электр тогымен жүреді. Ұшақ авиациялық жанармайдың күшімен қозғалысқа түседі (157-сурет). Оның қозғалтқышы жанған газдың поршеньді қозғауымен жүзеге асады.



157-сурет. Әрбір көліктің өз қозғалтқыш көзі бар



Сұрақтар мен тапсырмалар

- Күнделікті таңғы жаттығу не үшін қажет?

Қандай физикалық жүктеме сүйектің сынуына әкеліп соғуы мүмкін?

Омыртқаның қисаймауы үшін партада қалай отыру керек?

2. Жануарлардың тіршілігіндегі қозгалыстың рөлін атап шығындар.
3. Қоршаган ортаның қандай жағдайы жануарлардың қозгалыс тәсіліне әсер етеді?



Әртүрлі топтагы жануарлардың қозгалыс мүшелерін атап шығындар: құстар, балықтар, бауырмен жорғалаушылар, жәндіктер.

§ 44. ТЕПЕ-ТЕҢДІК



Тепе-тендік деген не?

Тепе-тендік қай кезде болады?

Ойын кезіндегі тепе-тендік жағдайын көрсету.

Тепе-тендік пен тыныштықтың бұзылу себебі.

Тартылған арқан үстімен жүретіндердің тепе-тендікті сақтауы.

Велосипед тебуді сендер қалай үйрендідер?

Тепе-тендік
Равновесие
Balance

Тыныштық
Покой
Rest

Арқан тарту ойыны барлығына таныс. Бұл жерде тек қана шыдамдылық пен шапшаңдыққа емес, командалық рухқа тәрбиелейді. Арқанды екі жаққа тартып жатқан қос команданың күші бірдей болса, тепе-тендік орнап, бірін-бірі жеңе алмайды. Егер де бір команданың күші басым болса, *тепе-тендік* күші жойылады. Екі команда мүшелері де бір бағытта, күші көбірек жаққа қарай ауып қозгалады.

Кез келген қозгалмай тұрган денеге белгілі бір мөлшерде сыртқы күш әсер етеді. Бір күш екінші күшке бірдей қарсы тұргандастын *тепе-тендік* сақталып, дененің қозгалмай тұруына әсер етеді. Орталық салмақ күшіне сыртқы күш әсер етпесе ол сол тыныш күйінде тұра береді (158-сурет). Егер де тастан құрастырылған пирамиданың төменгі жағынан бір тасты ғана алыш тастаса тепе-тендік бұзылып, барлығы құлап кеткен болар еді (159-сурет).



158-сурет. Арқан тарту



159-сурет. Тастан тұрғызылған пирамида



Украиналық Виталий Архипкин денесімен велосипедті тепе-тендік қалпында 5 сағат 29 минут 12 секунд үстап тұрып, Гиннестің рекордтар кітабына енді (150-сурет).

160-сурет. Велосипедті тепе-тендік қалпында үстап тұру



Тепе-тендік – заттардың арасындағы тұрақтылық. Тепе-тендік кезінде күш тыныш күйде болады.


Жануарлар денесінің тепе-тендігін сақтауы ми бақылауында болады. Кейбір жануарларда тепе-тендікті сақтауға арналған қосымша мүшелер қызмет атқарады. Адамдардағы тепе-тендікті сақтайтын – құлақ түбі мүшесі. Адам есту мүшесіне зияндық әсері бар механикалық және дыбыстық әсерден аулақ болғаны жөн. Сонымен бірге салқын тигізіп алмау керек. Суга шомылғанда құлақтың ішкі қуысын мақтамен тығындал қойған дұрыс.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Тепе-тендікке бақылау жасауга болатын жағдайды атаңдар.
2. Орталық салмақ күші дегенді қалай түсіндідер?
3. Өсімдіктер дүниесінде тепе-тендік байқала ма? Не себепті қатты жел соққанда ағаш құлайды?

VI БӨЛІМ. ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ



- ★ Экожүйе
- ★ Тірі ағзалардың көптүрлілігі
- ★ Табиғатты қорғай

§ 45. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ

СЕНДЕР ВАЛЕНТИН
БОЛАСЫНДАР:

Экологиялық жүйе дегеніміз не?
Биоценоз және биотоп дегеніміз не?

СЕНДЕР
УЙЕНЕСІДЕР:

Биоценоз және биотопқа сипаттама беру.
Ағзалардың тіршілік ортасын ажыраты білу.

КУСТАРНИКЕР
ТҮСІРІҢДЕР:

Тірі табиғат дегеніміз не?
Табиғаттың компоненттері.

Экологиялық жүйе
Экологическая система
Ecosystem

Биотоп
Биотоп
Biotope

Тіршілік ортасы
Среда обитания
Habitat

Планетамызда тіршілік ететін барлық тірі ағзалар өздеріне қолайлы белгілі бір аумақта (ортада) тіршілік етеді. Осы жерде бір-бірімен байланысқа туседі (туыстық байланыс), басқа түрлермен (бәсекелестік, жыртқыштық) және қоршаған ортамен (ая, топырақ, су, жер бедері) әрекеттеседі. Жануарлары мен өсімдіктері әр алуан және мекен ететін аумағының көлемі әртүрлі болып келетін табиғи кешен – экологиялық жүйе қалыптасады (экожүйе).



Экологиялық жүйе дегеніміз – тірі ағзалар қауымдастырынан және олардың тіршілік ортасынан тұратын біртұтас табиғи жүйе. Бұндай қауымдастықты экологияғының зерттейді. Экожүйе терминін 1935 жылы ағылшын экологы А. Тенсли ұсынды.

Экожүйенің құрамы биоценоз және биотоптан құралады.

БИОЦЕНОЗ + БИОТОП = ЭКОЖҮЙЕ

Биоценоз (биос – тіршілік немесе өмір, ценос – қауымдастық) – жануарлардың, өсімдіктердің, саңырауқұлақтар мен микроағзалардың салыстырмалы түрде біртекті жерде (құрлықтың немесе судың бір белігі) және бір-бірімен байланы-



161-сурет.
Тропиктік
теңіздің
биоценозы

сатын қоршаған ортасы бар тарихи қалыптасқан қауымдастыры (161-сурет). Биоценоз терминін 1877 жылы неміс зоологы К. Мебиус енгізді.

Өзіне тән климаты және жер бедері бар, белгілі биоценоздардан тұратын құрлық немесе су айдыны *биотопты* құрайды (162-сурет). Бұл – жануарлар, өсімдіктер, сандырауқұлақтар мен микроағзалардың тіршілік ортасы.




162-сүрет. Тиін
әuletінің биотобы

Тиін өүлетінің биото-
бын сипаттаңдар. Қан-
дай тіршілік ортасында
өмір сүруде?

Тірі ағзалар үдайы өзінің қоршаған ортасымен тығыз байланыста тіршілік етеді. Үдайы байланысқа түсетін тірі ағзаларды қоршаған табиғи жағдай мен құбылыстардың жиынтығын *тіршілік ортасы* дейді. Тіршілік ортасы жер үстінде, ауада, суда және топырақта болады.

163-сурет.
Ағзалардың
тіршілік ортасы




163-суретті талдай отырып, тіршілік ортасындағы айырмашылықты табыңдар? Адам қандай ортада тіршілік етеді?

Экожүйе барлық жерде: құрлықта, ылғалды және құргақ аймақтарда, суық және ыстық жерлерде бар (164-сурет).



164-сурет. Табиги экожүйе.

Жерусті экожүйесіне табигат аймақтарын жатқызуға болады. Табигат аймақтарының қалыптасуы ауаның орташа температурасына, жауын-шашының мөлшеріне, булануға және ылғалдануға байланысты (165-сурет).



165-сурет. Қазақстанның табигат зоналары



Қазақстанның табигат аймақтарының айырмашылығын табындар. Орманды даладан шөлге қарай өсімдіктер қалай өзгереді? Қазақстанның шөлейт және шөл аймақтарында қандай жануарлар тіршілік етеді?

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Экожүйенің биоценоздан және биотоптан айырмашылығын атаңдар.
2. Орман және дала экожүйелерінің айырмашылығын атаңдар.
3. Табиги экожүйенің жеміс бағынан және бидай алқабынан қандай айырмашылығы бар?

§ 46. ТАБИГИ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ЭКОЖҮЙЕЛЕР



Табиги экожүйе
Природная экосистема
Natural ecosystem

Жасанды экожүйе
Искусственная экосистема
Man-made ecosystem

Қай орманда, далада, жерде болсын жануарлар мен өсімдіктер бір-бірімен байланыста және өзара әрекеттестікте, бір-біріне әсер ету арқылы тіршілік етеді. Яғни, олар – тіршілік иелері тұтас табиги экологиялық (бірлестікті) жүйені құрайды.

Осімдіктер барлық тіршілікке қажет оттегін бөліп шығарады. Бұғы, қоян, дала тышқаны ағаш пен бұтандың өскіндерімен, қабығымен, шөппен; құстар олардың жемістерімен; аралар гүлдің шырынымен; қоңыздың дернәсілдері ағаштың сурегімен қоректенеді.

Осімдіктер көптеген жануарлар үшін негізгі қорғаныш көзі екендігін де үмытпаған жән. Тоқылдақтар ағаш қуысына үя

жасап жұмыртқаласа, кейбір құстар ағаш пен бұталарға үя салады.



166-сурет. Орталық Тянь-Шань – табиғи экожүйесінің нақты көрінісі

166-суреттегі таулы экожүйе қандай компоненттерден құралған? Табиғи компоненттер арасындағы байланысты анықтаңдар. Арасындағы байланысты бір-біріңе түсіндіріп беріңдер.



167-сурет. Ағаштың бұтақтары – құстардың үя салуына ете қолайлыш



168-сурет. Кемірушілердің шептің сабагынан жасалған үясы

167, 168-суреттерге мұқият зер салыңдар. Құстар мен кемірушілер қоршаган ортандың табиғи жағдайына қалай бейімделген?



Табиғи экожүйе – тірі ағзалар тіршілік етіп, бір-бірімен байланысатын өзара әрекеттесетін энергия алмасатын биологиялық жүйе.



169-сурет. Тек қана осындай жасанды бірлестікте ағаштар мен бұталардың әдемі көрінісін көруге болады

Ежелгі заманнан бері адамдар табиғи қауымдастықтарға белсенді араласып өздерінің қажетіне пайдалануда. Ағаштарды кесіп, батпақтарды құрғатып, шөлді жерлерді суландырып, оның орнына бау-бақша, егін алқаптарын салып, *жасанды экожүйені* (қауымдастықты) қалыптастырыды (169-сурет).

Табиғи қауымдастықтағы сияқты, жасанды қауымдастықта да негізгі өндіруші (өсімдіктер), тұтынушы (жануарлар) және ыдыратушы (микроагзалар мен саңырауқұлақтар) ағзалар болады.

Барлық жасанды қауымдастық адам көмегін қажет етеді, онсыз олар тіршілік ете алмайды. Жақсы өнім алу үшін егістік жерлерді жыртады, тыңайтқыш себеді, суарады және арамшөптермен күреседі.

Мысалы, алма бағы қауымдастығында басым түрде алма ағашы өседі. Жақсы өнім алу үшін ағаштарды күту қажет. Қураган бұтақтарын дер кезінде кесіп, түбін қосыптып, бейорганикалық немесе органикалық тыңайтқыш беріп, суарып, зиянкестерден сақтау керек.




Атыз, бау-бақша, саябақ, тоған, суқоймасы – адамның жасаған *жасанды экожүйесі* (қауымдастығы). Табиғи экожүйеден айырмашылығы – адамның күтімінсіз тіршілік ете алмайды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Табиғи қауымдастықтардың түрлеріне мысал келтір.

2. Жасанды және табиғи қауымдастықтардың өзара қандай айырмашылығы бар?
3. Сендер тұратын жерге қандай жасанды және табиғи қауымдастықтар тән?

§ 47. ЭКОЖҮЙЕНІҢ ТІРШІЛІГІНЕ ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАР



Экологиялық фактор

Экологический фактор

Ecological Factor

Кез келген экожүйедегі тіршілігі әр алуан коршаған орта жағдайына байланысты. Бір табиғи ортадағы жағдай қолайлы болса, кейбір жағдайда қолайсыздық тудыруы мүмкін. Мысалы, жаңбыр көп жауған сайын өсімдіктер жылдам, қалып өседі. Егер де ауа күрт сүйнеп кетсе, жылу сүйгіш өсімдіктер үсіп кетуі мүмкін. Қоктем айында бақ өсімдіктерін тозаңданыратын ара болмаса, күзде тәтті және дәмді жемісті күтпесе де болады.

Ағзага әсер ететін барлық сыртқы орта факторын **экологиялық фактор** дейміз. Олар үш топқа бөлінеді (170-сурет).




170-сурет. Экологиялық факторлар

Абиотикалық факторлар – өлі табиғат факторлары: жер бедері, жауын-шашын, температура, қысым, ылғалдылық, судың тұздылығы және т.б. (171-сурет).

Өсімдіктің есуін анықтайдын негізгі антибиотикалық факторлар:

- ✓ Жарық
- ✓ Ауаның температурасы
- ✓ Топырақтың температурасы
- ✓ Ауаның ылғалдылығы
- ✓ Топырақтың ылғалдылығы
- ✓ Топырақтың минералдық құрамы
- ✓ Топырақ құрамы



171-сурет. Абиотикалық экологиялық факторлар

Мысалы, таулы аудандардағы өсімдік түрлері биіктеген саянын температуралың, ылғалдың өзгеруіне байланысты таудың етегінен жоғары қарай өзгереді.



172-сурет.
Таулардағы өсімдік жамылғысының өзгеруі

172 - суретті талдаңдар. Несебепті тау беткейіндегі өсімдік түрлері ауысып отыр. Арапас ормандар, тайга, альпі шалғындары қандай биіктікten бастап, қандай биіктікке дейін өскен? Неге тропиктік ормандар таудың төменгі беткейінде өскен?

Биотикалық факторлар – тірі ағзалардың бір-біріне әсері: жыртқыштық, паразиттік өмір, симбиоз (173-сурет). Бұл туралы келесі сабакта толығырақ танысадын боламыз.

ОРТАНЫҚ БИОТИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ



бәсекелестік



комменсалізм



симбиоз



жыртқыштық



паразиттік тіршілік

173-сурет. Биотикалық экологиялық факторлар

Адамның қоршаган ортага әсері: ағаштарды кесу, жануарларды жою, ауаның ластануы, батпақтарды құргату, топырақты қосыту – антропогендік факторлардың мысалы бола алады. Нәтижесінде, көптеген жануарлардың түрі және саны азайды, ал кейбіреулері жер бетінен мұлдем жойылды.



174-сурет. Антропогендік фактор



174-суретке қарап, өз ойларыңды білдіріңдер. Қорытындыны дәптерге жазыңдар.



Адамның әсері қоршаган ортаны жылдам өзгертеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- Не себепті қоршаган орта факторларын экологиялық дейді?
- Адамға әсер ететін абиотикалық факторларды атаңдар.
- Өздерің тұратын жердің әкожүйесіне адамның кері әсері туралы мысал келтіріңдер.
- Бірнеше топқа бөлініңдер. Адамның жер бедеріне, ауаға, суға, топыраққа, жануарлар және өсімдіктер дүниесіне қолайлы және теріс әсер етуіне мысал келтіріп, хабарлама дайындаңдар. Қорытынды жасаңдар.
- Антропогендік фактордың жағымды немесе зиянды әсерлері тура-лы баяндама жазыңдар.

№ 11 сараландық жұмыс**Тұқымның өсуіне температура мен судың әсері****Жұмыс барысы**

1. Топырақ салынған үш құмыра алышадар және өсімдік тұқымдарын дайындаңдар (асқабақ, жүгері немесе асбұршақ (фасоль)).

2. Бірінші құмырага 3–5 тұқым салып, ылғал шүберекпен бетін жауып жылы жерге қойындар.

Екінші құмырага 3–5 тұқым салып, ылғал шүберекпен бетін жауып салқын жерге қойындар.

Үшінші құмырага құргақ 3–5 тұқым салып, жылы жерге қойындар.

3. Тұқымдардың өніп-өсуіне бақылау жасаңдар және өз бақылауларынды казып жүріндер.

Тәжірибелің нұсқалары	Тәжірибелің жағдайы		Тәжірибе қорытындысы
1-нұсқа	Суланған тұқым	Жылы жерде орналасқан	
2-нұсқа	Суланған тұқым	Салқын жерде орналасқан	
3-нұсқа	Құргақ тұқым	Жылы жерде орналасқан	

Тәжірибе жүргізілген уақыт: басталған күні _____, аяқталған күні _____

Тұқымның аты және саны: _____

Корытынды: Тұқымның өніп-өсуіне ең тиімдісі қай жағдай?

§ 48. ТІРІ ПЛАНЕТА

СЕНДЕР БЫЛДЕТИН ВОЛАСАНДАР:

Тірі ағзалар тобының түрлері.
Флора және фауна дегеніміз не?

СЕНДЕР УИРЕНБІСІЛДЕР:

Тірі ағзалар тобын ажырату және сипаттап үйрену.
Тірі ағзаларды бір-бірімен салыстыру.

ЕСТЕРНЕ ТУСІРІНДЕР:

Өлі денелерден тірі ағзалардың айырмашылығы.
Тірі ағзалардың қасиеті.

Флора Флора Flora	Фауна Фауна Fauna
--	--

Біздің планетамыздағы тірі ағзалардың пішіні, өлшемі, сыртқы түрі, тіршілігі алуан түрлі. Алайда, ол ағзаларды табиғаттың өлі денесінен ажырататын барлығына ортақ негізгі белгілері бар.

Тірі ағзалар 4 патшалықта бөлінген: микроағзалар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер және жануарлар (175-сурет). Жер бетіндегі барлық өсімдіктер *флораны*, ал жануарлар *фаунаны* құрайды.



175-сурет. Тірі ағзалардың төрт патшалығы

Тірі заттардың қайсысы өсімдікке, қайсысы жануарға жаттынын анықтау – соншалықты қын шаруа емес. Өздерімізге таныс үй жануарлары мен жабайы жануарларды, бақшадагы және саябақтағы, даладағы және шалғындағы өсімдіктерді қиналмастан танимыз. Қандай тіршілік иелерін өсімдіктерге және жануарларға жатқызамыз? Барлық тірі ағзалардың құрамында органикалық заттар (ақуыз, көміртегі және май) болады. Органикалық заттарды өсімдіктер түзеді. Жануарлар болса сол органикалық заттарды дайын күйінде қорегіне пайдаланаады. Саңырауқұлақтарда жануардың да, өсімдіктің де белгілері кездеседі (176-сурет). Мысалы, жасыл *эвглена* – қарапайым біржасушалы ағза, жануар сияқты қозгалғанымен, өсімдіктер сияқты қоректенеді. Шыбынқаққыш, *шикшылдақ* сияқты өсімдіктер жәндіктерді қорек етеді.



176-сурет. Тірі агзалардың ерекше қасиеттері

Сұрақтар мен тапсырмалар

- Біздің планетамызда тірі агзалар қашан пайда болды?
- Жер бетіндегі өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің эволюциясы қалай жүрді?



Өздерің тұратын елді мекенинің (қала, ауыл) өсімдіктер мен жануарлар дүниесі жөнінде әңгіме құрастыр.

§ 49. ЖАНУАРЛАРДЫҢ КӨПТҮРЛІЛІГІ

СЕНДЕР БҮЛІНГІН БОЛАСЫНДАР:

Жануарлар қандай топтарға бөлінеді?

Қандай жануарлар омыртқалы және омыртқасызға жатады?

Жануарларды қоректену тәсіліне және тіршілік ортасына қарай ажыраты білу.

СЕНДЕР УЙРЕНДЕЦІР:

Жануарларды жіктеу.

Жануарлар топтарының бір-бірінен айырмашылығы.

ЕСТЕРНЕ ТҮСІРІЦІДЕР:

Жануарлардың санырауқұлақтан және өсімдіктен айырмашылығы.

Жануарлардың тіршілік ортасы.

Біржасушалы
Одноклеточные
Unicellulars

Көпжасушалы
Многоклеточные
Multicellular

Омыртқалылар
Позвоночные
Vertebrates


Омыртқасыздар
Беспозвоночные
Invertebrate

Жануарлар дүниесі алуан түрлі болып келеді. Планетамызда тірі агзалардың қанша түрі бар екендігін ешкім дәл айта алмайды.

Фалымдардың пайымдауы бойынша 5–6 млн, кейбіреулері 25–30 млн деп есептейді. Екі миллионға жуық жануардың сипаттамасы бар. Бұл көрсеткіш жаңа түрлердің табылуына байланысты жыл сайын өзгеріп отырады. Жануарлар құрылышы мен өмір сұру сипатына қарай ажыратылады.

Ең қарапайымы және кішкентайы – біржасушалы жануарлар (амеба, инфузория және т.б. (177-сурет)).

Көптеген жануарлар *көпжасушалы* болып келеді (178-сурет).



177-сурет. Кәдімгі амеба



178-сурет. Мензбир суыры

Жануарлардың арасында құрылышы қарапайымдарын *омыртқасыз жануарлар* дейміз (179-сурет). Олардың омыртқасы жоқ.



Өрмекші



Маса



Көбелек

179-сурет. Омыртқасыз жануарлар

Жануарлардың үлкен тобын *омыртқалылар* құрайды: балықтар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар, құстар және аңдар немесе сұтқоректілер (180-сурет).

Жануарлар да – барлық тірі ағзалар сияқты табиғаттың бір бөлігі. Сондықтан да оларды қорғау керек. Табиғаттағы барлық ағзалар бір-бірімен тығыз байланыста тіршілік етеді. Олардың бір түрінің азауы немесе түбегейлі жойылуы басқа да жануарлардың көбеюіне кері әсерін тигізіп, табиғи тепе-тендіктің бұзылуына алып келеді. Жануарлар әлемін қорғау мақсатында жануарлардың Қызыл кітабы шығарылған. Оған сирек және жойылуға таяп қалған жануарлардың түрлері енгізіледі.



Арқар



Кобра



Қыргауыл

180-сурет. Омыртқалы жануарлар



Сұрақтар мен тапсырмалар

- Жануарлардың тіршілік ортасын атап беріндер.
- Көлжасушалы жануарлар дегенді қалай түсінуге болады?
- Өздерің тұратын ауданда мемлекеттік тұргыдан қорғауга алынған жануарларды атаңдар.

§ 50. ЖАНУАРЛАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС



СЕҢДЕР БЫЛДІН:
БОЛАСЫНДА:

Жануарлар арасындағы қарым-қатынастың түрлері.
Пайдалы және зиянды қарым-қатынастың түрлері.
Паразитизм дегеніміз не?

СЕҢДЕР
ҮЙРЕНЕСДЕР:

Жануарлар арасындағы қарым-қатынасты жіктеу.
Жануарлар арасындағы қарым-қатынасты сипаттау.

ЕСТЕРІНЕ
ТУСІРІНДЕР:

Экологиялық жүйе дегеніміз не?
Жануарлардың тіршілік ортасы.
Жеке гигиенаның ережесі.

Бейтараптық
Нейтралיזם
Neutralism

Бәсекелестік
Конкуренция
Competition

Симбиоз
Симбиоз
Symbiosis

Паразитизм
Паразитизм
Parasitism

Табигаттағы барлық жануарлар қоршаған орта жағдайына байланысты және басқа хайуанаттармен, бір-бірімен өзара қарым-қатынаста тіршілік етуге төуелді. Бұл төуелділік бейбіт өмір сүру жағдайында (181-сурет) немесе бәсекелестік (182-сурет) жағдайында көрініс береді.

Бір жерде тіршілік ететін жануарлар арасында азық, ұя салу үшін бәсекелестік туындаиды. Нәтижесінде, бір түр екіншісін ығыстырып шыгарады. Сондықтан да ағзалар өртүрлі экологиялық орнын тауып тіршілік етуге мәжбүр.



181-сурет. Керік пен зебралар бір-бірімен бейбіт тіршілік етуде



182-сурет. Бәсекелестік – тіршілік үшін күрес

Жыртқыштық – тек қана қоректену түрі емес, жануар түрлерінің арасындағы қарым-қатынас. Бұл жерде **жыртқыш** ағза басқа түрді азық ету арқылы тіршілік жасайды (183-сурет), экожүйедегі үйлесімділікті түзеді.

Табиғатта жыртқыштық және бәсекелестікten басқа да өзара тиімді қарым-қатынас түрлері бар. Өртүрлі жануарлардың бір-бірімен қосарланып, көмек беріп тіршілік етуін *симбиоз* (184-сурет) деп атайды.



183-сурет. Жыртқыштық – жануарлардың азық табуының тәсілі



184-сурет. Симбиоз – жануарлар арасындағы екі жақты пайдалы қарым-қатынас

Жануардың бір түрінің екінші түрін тіршілік ортасы ретінде пайдалануын *паразитизм* дейміз. Паразиттер дене иесінің үстінде (бұрге, кене) немесе оның ішінде (бактерия, ішек құрттар) тіршілік етуі мүмкін. Құстардың арасында басқа құстың ұясына өзінің жұмыртқасын салып кететін паразитизм бар (185-сурет). Грек тілінен тұра мағынасында аударсақ – «арамтамақ» дегенді білдіреді. Көптеген паразиттер зиянкестер, адам денсаулығы үшін де өте қауіпті (186-сурет).



185-сурет. Балық денесіндегі және ұядагы паразитизм



186-сурет. Паразит жәндіктер – ауру тудырушылар

Сұрақтар мен тапсырмалар

- Суреттерге қарарап, бейтараптың, бәсекелестік, симбиоз, жыртқыштың және паразитизм туралы қосымша мысал келтіріңдер.
- «Үйді таза ұстаудың» мәні неде? Жеке гигиенаның ережесін айтып беріңдер.
- «Табигаттағы тіршілік үшін күрес» тақырыбы бойынша эссе жазыңдар.



§ 51. ӨСІМДІКТЕРДІҢ КӨПТҮРЛІЛІГІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ РӨЛІ



Өсімдіктер қандай топтарға бөлінеді?
Өсімдіктердің өмір сүру қалыптары.

Өсімдік топтарын жіктеу (классификациялау).
Өсімдіктердің ерекшелігін анықтау.

Өсімдіктердің басқа тірі денелерден айырмашылығы.
Фотосинтезіндік рөлі.

Өсімдік
Растение
Plant

Ағаш
Дерево
Tree

Бұта
Кустарник
Bushes

Шөп
Трава
Herb

Қазіргі кезде жер бетінде шамамен 500 мың өсімдік түрі бар. Олар бір-бірінен пішінімен, құрылсызымен, өмір сүру үзақтығымен, көбею ерекшелігі, таралу аймағы жағынан ажыратылады (187-сурет). Өсімдіктер құрлықта және суда өседі. Өсімдіктердің жалпы ұқсастығы олардың түсінің жасыл болуында. Ол жасыл түс хлорофилл үлпасына байланысты.



Раффлезия гүлі



Виктория регия өсімдігі

187-сурет. Табиғаттағы ерекше гүлдер

Көптеген өсімдіктердің құлпырған гүлі және жемісі болады. Оларды гүлді өсімдіктер дейміз. Бұлардың шамамен 250 мың түрі бар. Жер шарының барлық жерінде өседі. Кейбір өсімдіктердің гүлі болмайды.

Өсімдіктер тобы екі сатыға бөлінеді (188-сурет). Төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктер.



188-сурет. Өсімдіктер патшалығы

Төменгі сатыдағы өсімдіктер – балдырлар. Балдырларда бізге таныс тамыр, сабақ, жапырақ, гүл болмайды.

Жоғарғы сатыдағы өсімдіктерге мук, папоротник, қылқан жапырақтылар, гүлді өсімдіктер жатады.

Өсімдік адамдардың азығы және денсаулығының қайнар көзі. Өсімдіктер ауаны әртүрлі шаң-тозандардан, улы газдардан тазартады және ылғалдандырады (189-сурет).



189-сурет. Өсімдіктердің адам өміріндегі орыны

Қарагай, пияз, сарымсақ сияқты өсімдіктер ерекше фитонцид деген затты беліп шыгарып, ауру қоздыруыш бактерияларды жояды. Өсімдіктер азық-түлікке, өнерқасіптің шикізатына, дәрі-дәрменекке, құрылым материалдарына және отынға пайдаланылады. Қазақстанда 6 мыңға жуық өсімдік түрлері кездеседі. Арасында дәрілік өсімдіктер де аз емес (190-сурет).

Шырганақ



Итошаган



Шайқурай



Киікоты



Сәлбен

190-сүрет. Дәрілік өсімдіктер

Жер бетіндегі барлық тірі ағзалар сияқты өсімдіктер де қорғауды қажет етеді. Ағаштарды ретсіз кесуге, орман ішінде от жағуға, гүлдерді жұлуға, шөптерді таптауға болмайды. Орман, дала, егістік алқап – көптеген жануарлардың мекені, өмір сүру ортасы.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Өздерің тұратын жердегі кеңінен тараган өсімдік түрлерін атаңдар.
2. Ағаштың бұтадан айырмашылығын атап беріңдер. Шөптесін өсімдіктердің қандай ерекшелігі бар?
3. Қандай өсімдіктерді мәдени өсімдіктер дейміз? Қандай өсімдіктерді адамдар бірінші өсіре бастады?

§ 52. САҢЫРАУҚҰЛАҚТАР МЕН МИКРОАҒЗАЛАРСАНДЫРЫЛЫПТИН
БОЛЫСЫНДА:

Саңырауқұлақ түрлерінің алуан түрлілігі.

Бактериялардың және микроағзалардың түрлері.

СЕНДЕР
ҰЙРЫНЕСІДЕР:
ҰЙРЫННДЕР:

Саңырауқұлақтың түрлерін жіктеу.

Саңырауқұлақтардың өсуінің және құрылышының ерекшелігін сипаттау.

Саңырауқұлақтың басқа тірі денелерден айырмашылығы.

Саңырауқұлақ жинаудың ережесі.

Саңырауқұлақ
Гриб
Fungi

Бактерия
Bактерия
Bacteria

Микроағза
Микроорганизм
Microorganism

Саңырауқұлақтар тірі ағзалардың арасында ерекше топқа жатады. Қөп жылдар бойы саңырауқұлақтарды төменгі сатыдағы өсімдіктер қатарына жатқызып келді. Өсімдікке үксас болғанымен, нағыз жапырағы, сабагы және тамыры жоқ.

Олардың арасындағы ірі топты қалпақшалы саңырауқұлақтар құрайды (191-сурет). Орман ішіндегі аққұлақ, қайыңқұлақ, қарағайқұлақ, майқұлақ, терекқұлақ, жиренқұлақ және т.б. Саңырауқұлақтарды жануарлар да, адамдар да тамаққа пайдаланады.




191-сурет. Саңырауқұлақтың жіктелуі

Ерекше саңырауқұлақ тобына зен және ашытқы саңырауқұлақтары жатады. Бұларды тек қана микроскоппен көруге болады. Шаруашылықта дәрі-дәрмек, дәрумен, қышқыл сүт өнімдерін, сыр және т.б. заттарды алуға пайдаланады. Мысалы, ашытқы саңырауқұлағын тамақ өнеркәсібінде нан пісіруде, сүт үйіткесі түрінде кеңінен пайдаланылады. Кейбір саңырауқұлақтар халықшаруашылығына зиян келтіреді. Азықтүліктердің, құрылымыс материалдардың, жасалған өнімдердің бұзылуына әсер етеді.

Саңырауқұлақтар өсімдіктердің қалдығын ыдыратып, қарашіріктің түзілудің маңызды рөл атқарады. Ормандарда саңырауқұлақтар (өсіреле, топырақ саңырауқұлағы) жерге түскен жапырақтарды шірітіп, өсімдіктерге қажетті минералды заттарды өндіреді. Өсімдіктер оны қайтадан бойына сіциріп, тіршілігін жалғастыра береді. Олар ағаштардың қурап қалуына да себепші болуы мүмкін.

Бактериялар – хлорофилі жоқ, біржасушалы ағзалар.

Бактерияны грек тілінен аударсақ, «таяқша» дегенді білдіреді. Пішіні алуан түрлі болып келеді. Жасушасының



192-сурет. Бактериялардың әртүрлі пішіндері

пішініне қарай, шар тәрізді – кокктар; таяқша немесе цилиндр тәрізділер; иірімді, шыныршықталған бактериялар деп бөлінеді (192-сурет).

Бактериялар адам мен жануарлардың асқорыту жүйесінде белсенді әрекет жасап, олардың тіршілігіне жағымды ықпалын тигізетін қасиеттері бар. Сөйте тұра, бактериялардың арасында адам мен жануарларға жүқпалы ауру таратушылары да жетерлік (оба, сібір жарасы, бруцеллез, сіреспе, іріңді жара, дифтерия, ішек инфекциясы).

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Саңырауқұлақтың өсімдікten қандай айырмашылығы бар?
2. Саңырауқұлақтар қайда өседі? Өздеріңе таныс саңырауқұлақтарды атандар.
3. Саңырауқұлақтың құрылышы қандай?
4. Саңырауқұлақтарды тергенде қандай ережені сақтау керек?
5. Табигаттагы зат айналымында саңырауқұлақтың үлесі.

§ 53. АДАМНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІНЕН ТАБИГИ ЭКОЖҮЙЕНІҢ ӨЗГЕРУИ

ЕСТЕРДЕР ҮЙЛЕШТИРІЛДІК: СИНДЕР ҮЙЛЕШТИРІЛДІК: ВОЛАМАСЫНДАР:	<p>Адамдар табиғаттың бастапқы тәлтумалығын қалай өзгертеді?</p> <p>Қалалардың қоршаған ортаға әсері.</p>
ЕСТЕРДЕР ҮЙЛЕШТИРІЛДІК: СИНДЕР ҮЙЛЕШТИРІЛДІК: УІРЕНІССІНДЕР:	<p>Табиғаттың өзгеруіндегі адамның рөлі.</p> <p>Елді мекендерге экологиялық сипаттама беру.</p>
ЕСТЕРДЕР ҮЙЛЕШТИРІЛДІК: СИНДЕР ҮЙЛЕШТИРІЛДІК: УІРЕНІССІНДЕР:	<p>Табиғат дегеніміз не?</p> <p>Елді мекендердің түрлери</p> <p>Қоршаған ортаға әсер ететін антропогенді факторлар.</p>

**Фактор
Фактор
Factor**

**Қоршаган ортаның ластануы
Загрязнение окружающей среды
Pollution of the environment**

Жердің табиғаты біртіндеп өзгеруде. Бұл өзгерісті судан, аудан, жерден, яғни, барлық жер қабаттарынан байқауға болады. Табиғи ортаның өзгеруі орман өртінен, су тасқынынан, жанартаулардың атқылауынан болуы мүмкін, оның салдары өсімдіктер мен жануарлардың және біртұтас табиғи қауымдастықтардың жойылуына соқтырады.

Улкен қалалардың шоғырлануы табиғи ортаның өзгеруін жылдамдатуда (193-сурет).



193-сурет. Заманауи мегаполистер бұрынғы орман мен егістіктердің орнын алып тұр

Автомобильдер мен өнеркәсіптердің көбеюі ауаны және топырақты ластауда. Қазіргі кездегі қалалар қоршаган ортаны ластаушы және қалдықтарды шығарушы болып тұр (194-сурет).



194-сурет. Қала маңында күл-қоқыс аландары жыл сайын ұлғаюда


Халық санының көбеюі және өнеркәсіп пен ауылшаруашлығының дамуы – болашақта қоршаған ортаның қауырт өзгеруінің басты себебі болмақ. Адам табиғатпен үйлесімін табуға ұмытылмаса, жасампаздық күшін оны қорғауга жұмысамаса – ортанның ластануы артады, табиғи ресурстар азаяды, көптеген табиғи қауымдастықтар жасанды түрге ауыстырылуы өбден мүмкін.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өнеркәсіп қалдықтарының көбеюі, табиғи ресурсқа деген сураныстың және ауылшаруашылығы жерлерінің артуы бізді қоршаған табиғатқа қандай өзгерістер әкелу мүмкін?
2. Планетамыз үшін мәнгі жасыл тропиктік ормандардың қандай маңызы бар? Ойша өзен және орман маңында қала тұргызындар. Қалаларды салу үшін қандай факторларды ескерер едіңдер?



§ 54. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРИ



Экологиялық апат
Экологическая катастрофа
Ecocatastrophe

Сынақ полигоны
Испытательный полигон
Proving Ground

Кез келген адам тіршілік барысында белгілі бір мөлшерде қоршаған ортаға өз әсерін тигізеді. Адамның табиғатқа әсері қоршаған ортанның тіршілік етуге қолайсыз жағына қарай өзгеруіне соқтырып – **экологиялық мәселені туыннатады**.

Қазақстанның кейбір жеке аумақтарында күрделі экологиялық жағдай туындаған, сондықтан да тез шешім қабылдауды күтіп тұр. Оларға:

- Өзен мен көлдердің мәселесі;
- Жаралық жерлердің пайда болуы және топырақтың тозу мәселесі;
- Ауаның ластану мәселесі;
- Жануарларды және өсімдіктерді қорғау мәселесі жатады.

Кейбіреулерімен танысып өтейік.

Қазақстанның көптеген мәселелер арасындағы өзектілері: Арап теңізіндегі құргап бара жатқандығы, Каспий теңізіндегі ластануы, топырақтың тозуы, ірі қалалар мен өнеркәсіп орталықтарындағы ауа қабатының ластануы.

1960 жылға дейін Арап теңізі дүниежүзіндегі тұзды көлдердің арасында аумағы жағынан төртінші орын алғатын. Суармалы егіншіліктің қарқынды дамуынан Сырдария және Амудария өзендерінің теңізге келіп құятын суының мөлшері азайып кетті. Нәтижесінде, Арап теңізіндегі деңгейі біртіндеп төмендей, кейбір жерлерінің тұз басқан табаны көрінді.



195-сурет. Бір кездері теңіз болған Араптың табаны құргап қалды



195-суретке қарай отырып өз ойларынды білдіріңдер.

Каспий теңізіндегі экологиялық мәселесі қайраңдан мұнайдың өндірілуіне және оны тасымалдау нәтижесінде судың ластануына байланысты. Сонымен бірге, Еділ, Жайық және басқа өзендердің жағалауында орналасқан қалалардан шыққан қалдықтардың өзен суларымен келіп қосылуынан да ластануда. Теңіз деңгейінің көтерілуі жағалаудағы мұнай үзғымаларын және елді мекендерді су басып қалуына алып келеді. Заңсыз балық аулаушылар бекіре балықтарының санын азайтуда. Теңіз итбалықтарының, бекіре

түккимдас балықтардың, құстардың және басқа жануарлардың қырылып қалуы көбінесе мұнайды өндіру және мұнайды тасымалдау әсерінен болып отыр (196-сурет).



196-сурет. Каспий теңізіндегі экологиялық апат

 196-суретке қарап, мұнай өндірісі су экожүйесіне қалай әсер ететіндігі туралы өз ойларыңды айттып беріңдер.

Шығыс Қазақстанның даласы – тарихымыздағы ең апарты жағдайлардың қуәгері. Семей ядролық полигоны жақын манда тұратын түрғындар үшін нағыз қасірет болды. 1949 және 1989 жылдар аралығында 450-ден астам сынақ жүргізілді.

1989 жылы ядролық сынақ тоқтатылды. Бірінші жарылыстан кейін 42 жыл өткенде, 1991 жылы 29-тамызда Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев Семей ядролық сынақ полигонының жабу туралы арнайы бүйрыққа қол қойды (197-сурет).



197-сурет. Ядролық сынақтың зардабы



Семей полигонындағы ядролық сынақтардың зардабы туралы хабарлама дайындаңдар.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Қоршаган ортандың ластануы дегенді қалай түсіндіңдер? Адамның рөлі қандай?
2. Сендер тұратын жерге қандай экологиялық мәселелер тән? Ол неге байланысты пайда болған? Кестені толтырыңдар.

Экологиялық мәселелер	Пайда болу себеби	Зардабы	Шешу жолдары. Біз қандай ұсыныс береміз?
-----------------------	-------------------	---------	--



3. «Мениң тұратын жерімнің экологиялық мәселесі» деген тақырыпта фотоколлаж жасаңдар.

§ 55. ТАБИГАТТЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?



СЕНДЕР ЕШІЛДІН
БОЛАСАНДАР
СЕНДЕР ҮЙРЕҢСІНДЕР:
ЕСТЕРНЕ ТУСІРІНДЕР:

Табигатты қорғаудағы іс-шаралар.

Табигатты қорғауға ұсыныс жасай білу.
Экологиялық соқпақ құрастыру.

Тұрғылықты жерлерінде қандай қорғау аумақтары бар?

Табигатты қорғау
Охрана природы
Conservancy


Хайуанаттар бағы
Zoопарк
Zoo

Табигатты қорғау – табигатты тиімді пайдалану, табигатты қалпына келтіру және қорғауга бағытталған іс-шаралар мен заңдардың кешені. Табигатты қорғау дегеніміз – тек қана өсімдік пен жан-жануарларды ғана емес, топырақты, суды, атмосфераны, жалпы табиги кешенді сақтап, қорғап қалу.

Табигатты қорғаудың өзекті мәселесінің бірі – ауызсуды қорғау, ол дүниежүзілік мұхит сүзы қорының 2–3%-ын ғана құрайды (198-сурет).

Қазіргі кезде көптеген өнеркәсіп орындары пайдаланылған суды арнайы сүзгіден өткізіп, тазалап, қайтадан іске қосуда.

Атмосфера құрамындағы оттегі және көмірқышқыл газының мөлшері жер бетіндегі ормандарға байланысты. Сондықтан да



198-сурет. Су – тіршілік көзі

199-сурет. Астана маңындағы
«жасыл белдеу»

көптеген елдер ормандарды қалпына келтіру жұмыстарымен айналысада. Астана қаласының айналасына мындаған гектар ағаш отырғызылып, жасанды орман алқабы пайда болды (199-сурет).

Өсімдіктер мен жануарлар да (биологиялық ресурс) қорғау мен тиімді пайдалануға мүқтаж. Олардың өсетін және мекен ететін жерлерін қорғау мақсатында қорықтар, үлттық саябақтар, хайуанаттар багы, дендросаябақтар, қорықшалар үйимдестірылуда (200, 201-суреттер).




200-сурет. Қазақстандағы ең ірі саябақтың бірі – Шымкент дендросаябағы



201-сурет. Хайуанаттар багында жануарлар қорғалады және зерттеледі

Атмосфера Жер бетіндегі барлық тұрғындарға, мемлекеттерге ортақ, сондықтан да оны бірлесе қорғауымыз керек. Адамзат қауымдастыры атмосфераны қорғау мақсатында көптеген жұмыстар жасап жатыр. Ауаны, суды, топырақтың тазалығын қазіргі деңгейінен төмендетпей сақтап тұру үшін зауыт пен фабрикаларда тұтінді сузіп ұстап қалатын және тазалағыш қондырғыларды орнату қажет.

Топырақтың құнарлылығын сақтап қалу үшін қалпына келтіру жұмыстарын жүргізген дұрыс. Минералды және органикалық тыңайтқыштарды мөлшермен беру керек (202-сурет).

Ауыспалы егін

202-сурет. Ауыспалы егін – топыракты қоргаудың тиімді жолы

 Дүниежүзінде көптеген табиғатты қорғау ұйымдары бар. Олардың жалпы атауы – «ГРИНПИС» (GREEN PEACE) – жасылдар әлемі немесе жасылдар қозғалысы. Дүниежүзінің барлық елдерінде жұмыс істейді. Олардың арасында мықты саяси партиялар да бар. Сонымен қатар кішігірім тышқандар мен жәндіктерді қорғау, секвойя ормандарын сақтау, құрбақа мен көлбақаны қорғау сияқты әртүрлі деңгейдегі қоғамдық ұйымдар да жеткілікті.

**Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Табиғатты тиімді пайдалану дегенді қалай түсінесіндер?
2. Табиғатты қоргаудың қажеттілігіне мысал келтіріндер.
3. Өз өлкелерінің табиғатын қорғау жөнінде ұсыныс жасандар.

§ 56. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚЫЗЫЛ КІТАБЫ

СЕНДЕР БІЛЕГЕТИН
НАУКА И КУЛЬТУРА
СЕНДЕР
СЕНДЕР
ЕСТЕРДЕҢ
ТҮСІРІНДЕР. УЙРЕҢСІНДЕР:

Қызыл кітаптың рөлі.
Қызыл кітапқа енгізілген өсімдіктер мен жануарлар.

Жануарлар мен өсімдік санының азаю себебін анықтау жолдары.

Табиғатты қорғау нысандары.
Өсімдіктер мен жануарлар табиғатта қандай рөл атқарады?

Қызыл кітап
Красная книга
The Red Book

Сирек кездесетін түр
Редкий вид
Rare species

Осымдіктер мен жануарлардың сандық мөлшерінің азаюына байланысты адамдар оларды қалай қорғап, сақтап қалу керектігі туралы ойдана бастады. Бірінші кезекте қандай жануарлар мен өсімдіктер қорғауға мүктаж екендігін анықтауымыз керек. Осы мақсатта сирек және жойылып бара жатқан түрлерді анықтайтын дүниежүзі галымдары жиналған комиссия құрылды. Бұл күрделі жұмыс 1963 жылы аяқталды. Кейіннен олардың анықтауы бойынша жойылып бара жатқан өсімдіктер мен жануарлардың тізімі жарық көріп, ол «Қызыл кітап фактісі» деп аталды («Red Date Book»).



Соңғы 400 жылда планетамыздан аңдардың 110 түрі, құстардың 120 түрі жойылып кетті. Қазақстанның өзінде 100-ден артық өсімдіктер мен жануарларға жойылу қаупі төнуде.

Қазіргі кезде дүниежүзінің барлық елдерінде Қызыл кітап жарық көрген. Қазақстандағы бірінші Қызыл кітап 1978 жылы басылып шықты. Оған жануарлардың 87 түрі енді.



1981 жылы Қызыл кітаптың 307 түрден тұратын екінші бөлімі жарықта шықты. Кітапқа саңырауқұлақтың 10 түрі енгізілді.

Қызыл кітапта әрбір жануардың суреті және таралу ареалының кескін картасы берілген. Түсініктеменің жануарлар сатысында – саны, таралуы, тіршілік ететін ауданы, биологиялық ерекшелігі жазылған. Сонымен бірге, азаю себебі және қорғау үшін қандай жұмыстар атқару қажет екендігі көрсетілген (203, 204-суреттер).



203-сурет.
Қазақстанның
Қызыл кітабы



204-сурет. Кітап бетінің әрбір түсі –
жойылуға қауіп төнгендігін білдіреді

Қызыл кітап – қауіп жайлы дабыл қағу және тірі табиғатты қорғауга бағытталған құрестің символы.

Қазақстанның Қызыл кітапына енгізілген 40 сүтқоректілердің арасында жойылып кеткені – қызыл қасқыр. Соңғы 50 жылдан бері гепард (қабылан) туралы нақты дерек жоқ десек те болады. Гепард қарақүйрық, ақбөкен, муфлон және жабайы қойлармен коректенетін. Қар барысы, түркістан сілеусіні, шагыл мысығы, сабаншы, қарақал да ете сирек кездесетін болып кеткен (205-сурет).

Құстардың 56 түрі (206-сурет), жорғалаушылардың 10 түрі (207-сурет) және қосмекенділердің 3 түрі сирек кездеседі. Балықтардың арасында 16-сы Қызыл кітапқа енді – Сырдария тас бекіресі, Арал және Каспий албырты, бекіре, шортантәрізді ақмарқа, шу сүйірқанаты, іле шармай балығы және т.б. (208-сурет). Өсімдіктердің азауына байланысты кейбір түрлерін ете сирек кездестіреміз. Оларға мамыр меруерттүлі, радиола, ақ түңғызық, пияз түқымдасының 9 түрі, таспашөптің 11 түрі жатады (209, 210-суреттер). Дала және шелейт жерлерді игерудің нәтижесінде астық түқымдастардың түрлері азайып барады. Қызыл кітапқа селеудің (боз) 3 түрі тіркелді.



Түркістан сілеусіні



Сабаншы



Қарақал



Орақтұмсық



Күмай



Түйрык

205-сурет. Қазақстанда Қызыл кітапқа енген мысық түқымдастардың 6 түрі бар



Сарыжолақты жылан



Сүр келес

207-сурет. Бауырмен жорғалайтын жануарлар



Арқан балық



Ақбалық



Бекіре

208-сурет. Балықтарды қорғаудың бір жолы – аулауды шектеу



209-сурет. Леман күшөласы



210-сурет. Регель қызгалдағы

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қызыл кітап қандай мақсатта жарық көрді? Ол неге Қызыл кітап деп аталады?
2. Өздерің тұратын жерлерінде өсімдік пен жануардың қандай түрі Қызыл кітапқа енгізілген?
3. Топқа бөлініп Қазақстанның Қызыл кітабындағы тіркелген жануарлар мен өсімдіктерді бетінің түстеріне қарай ірікten жазыңдар.



§ 57. ТАБИҒАТТА ЖҮРІП-ТҮРУ ҚАҒИДАСЫ



Табиғатта жүріп-түру ережесі.

Табиғатта жүріп-түру ережесін сақтау.
Қорық аумағында жүріп-түру жаднамасын жасау.

Не себепті қорық аумағында шаруашылықпен
айналысуга болмайды?

Жүріп-түру ережесі Правила поведения Rules of conduct

Бізді қоршаган ортаның табиғатын әртүрлі табиги нысандардың жиынтығы деп қарап қоя салмай, олардың әрбір түрін бір-бірімен тығыз байланысқан күрделі жүйе деп түсініміз қажет. Олардың бір түріне қолайсыз әсер етуіміз қалған түрлеріне де ықпалын тигізеді. Сондықтан да табиғат аясында болғанында белгілі бір ережелерді ескеру қажет. Солардың бірнешеуімен танысайық.



Табиги жағдайда гүлдерді жұлуға болмайды. Гүл шоғын тек қана қолдан есірген гүлден жасауга болады.


Дәрілік өсімдіктерді жинағанда олардың бірнешеуін міндettі түрде қалдыру керек.

Орманда өсімдіктерді таптамау үшін мүмкін-дігінше арнағы соқпақ жолдармен жүрү қажет.


Орман арасында құстардың үя салуына кедергі келтіруге немесе үя салған құстарды үркітпеу үшін жүгіруге, айқайлауға болмайды. Көптеген құстар үя сала алмай қалуы немесе үя салғандары үясын тастап кетуі мүмкін.

Көктем мен алғашқы жаз айларында өздеріңмен бірге итті алып журмегендерің дұрыс. Себебі, енді ғана жетіліп келе жатқан балапандарды, андардың балаларын иттер қызықтап ұстап, абайсызда өлтіріп алуы мүмкін.

Үйлеріңде тасбақаны немесе кірпіні алып келмендер. Тәжірибелерің болмаса, оларды баға алмайсыңдар.



Ағаштар мен бұталардағы құс үяларын бұзбак түгілі, оларға жақындау керек. Сендердің іздеріңмен оларға жыртқыш аңдар да келуі мүмкін. Бала-пандарын ұстауға болмайды, қолдарының ісін сезсе, құстар балапандарын тастан кетуі мүмкін. Оларды үйге алып кетуге болмайды, себебі, сендер олардың ата-анасының орнын толтыра алмайсындар. Мысалы, қараторғай балапандарына құніне 300 рет, ал шымшық 400 рет қорек алып келеді.



Орман ішінде от жағуға тыйым салынған. Оның жалынынан көптеген жәндіктер өліп қалуы мүмкін және де өрт шығу қаупі төнеді. Отты тек қана арнайы жерде жағып, кетерде сөндіріп кетулерін керек.




Өзен, көл суларын сол күйінде ішпендер. Табиғи күйінде су ішінде көзге көрінбейтін лас заттармен бірге ауру тарататын микробтар мен құрттар болады.



Саңырауқұлақ тергенде олардың жівшумағына закым тигізбеу үшін өткір пышақпен кесіп алу керек. Жидек терген кезде арасындағы ірілеріне тимеу керек. Олар келесі жылға түкім қалдырады.

Саңырауқұлақ, жидек терген кезде, оларды көп жинауга тырыспау керек. Олар сендерден басқа жануарларға да керек екендігін ұмытпандар.



Күн күркіреп тұрғанда оңаша өсіп тұрған ағаштың астынан пана іздемендер. Найзагай көбінесе саяқ тұрған заттарға көбірек түседі.

Балықтарға бақылау жасағың келсе, дыбысынды шыгармай жақындау қажет. Сонымен бірге, суға көлеңкең түспегені дұрыс. Балықты нан және жәндіктердің дернәсілдерімен коректендіруге болады.



Құмырсқаның, кемірушілер мен аңдардың үяларын бұзбандарап.

Ішіп-жеген тамақтарының қалдықтарын, босаған әртурлі ыдысты өздеріңмен бірге алып кетіндер.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Табиғатта қауіпсіздік ережелерімен жүріп-түрудың қағидаларын білу және оны орындау не үшін қажет?
2. Құстарды, жануарларды мазаламау үшін қандай ережені орындау керек?
3. Экскурсияда және жорықта жүріп-тұру ережелерін атап беріндер.



Саябақта, қорықшада, қорықта жүріп-тұру ережелерінің кестесін құрындар.

VII БӨЛІМ. ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҚТАРДЫҢ АШЫЛУЫ



- ★ Жаратылыстану ғылымдарындағы маңызды ғылыми жаңалықтардың ашылуы
- ★ Әлемді өзгерткен ұлы ашылуулар
- ★ Қазақстан ғалымдарының заманауи зерттеулері
- ★ Болашақтағы ғылым

§ 58. ӘЛЕМДЕГІ ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҚТАР



СЕНДЕР БИЛЕТТИ
БОЛАСЫ ЦАРАР.

Әлемді өзгерткен ғылыми ашыулар.

СЕНДЕР
ҰЙНЕСІСДЕР.

Ғылыми ашыулар және жетістіктерді бағалау
жолдары.

ЕСТЕРІНЕ
ТУСІРІДЕР.

Ғылым, эволюция, прогресс дегеніміз не?

Ғылыми ашыулар
Научное открытие
Scientific discovery

Өнертабыс
Изобретение
Invention

Адамзат ғылым мен ғылыми жаңалықтарсыз дамып-өркендей алмайды.

Медицина, физика, астрономия, химия, география, биология, экология және басқа да ғылымдардың жетістіктерін күнделікті тұрмыс-тіршілігімізде кеңінен қолданудамыз.



Ғылыми ашыулар – қоршаған дүниемізде қалыптасқан заңдылықтардың, қасиеттердің және құбылыстардың белгісіз болып келген тұстарын ашу.

Көптеген ғылыми жаңалықтар мен өнертабыстардың арасынан қазіргі тіршілігіміздің қалыптасуында маңызды рөл атқарғандарын атап шығайық.

Дөңгелек

Адамзаттың көпжылдық тарихындағы дөңгелектің пайда болуы – механика саласындағы үлкен жетістіктердің бірі. Бұл ежелгі қондырығы, қола дәүірінде пайда болған деп есептелінеді. Бастапқыда дөңгелектің қызметін көдімгі бөренелер атқарған. Ауыр салмақты тастарды, кемені, ағаштарды қозгалту үшін олардың астына бөренелер орналастырған. Осылай бөрене үстімен жылжытып заттарды алыс қашықтықтарға жеткізіп отырған (211, 212-суреттер).



211-сурет. Сырғыма бөренелер



*212-сурет.
Дөңгелектің
эволюциясы*



*213-сурет. Бу
қозғалтқышы*

Бу қозғалтқышы


Бу қозғалтқышы көлік дамуының жаңа кезеңін ашып берді. XVIII ғасырда өнертапқыш Джеймс Уатт оны қайнап жатқан шәйиек қақпағының көтеріліп, түсіп тұрганына қарай отырып, ойлап тапқан делінеді (213-сурет).

Бірнеше ғасыр өткеннен кейін нақты бу қозғалтқышы өмірге келді.

Автомобиль

XIX ғасырдың аяғында бу – көліктегердің негізгі қозғалту күші болды. Алайда, өнертапқыштар көлік қозғалтқышының тиімді жолдарын іздестіре берді.

Нәтижесінде өмірге автомобиль келді. Автомобиль негізгі көлік түріне айналды. Алғашқы автомобилдерде бу қозғалтқыш қолданылды. Бірақ қозғалтқыш жанында отырган адамға қолайсызыңың туғызды және баю қозғалды (214-сурет).



214-сурет. Ең алғашқы бу автомобилі




*215-сурет. Алғашқы
телеграф*

Телеграф

150 жыл бұрын ақпарат адамнан адамға тек ауызекі сейлесу арқылы ғана жеткізілетін. Электрді тасымалдаудың төсілдері жан-жақты анықталғанин кейін, галымдар электрді байланыста қолдана бастады. Зерттеу нәтижесінде телеграф өмірге келді. Телеграф арқылы кез келген қашықтықта тез арада сейлесуге мүмкіншілік туды (215-сурет).

Телефон


Алғашқы телефонды ойлап тапқан Александр Белл мен Томас Уотсон саналады. Сонымен қатар



216-сурет. Алғашқы телефон



217-сурет. Алғашқы электр лампасы



218-сурет. Поповтың радиосы

итальяндық Антонио Меуччи де, 1860 жылы дыбыс тербелісін (вибрация) зерттеген (216-сурет).

Электр лампасы

Адамзатты қараңғыдан жарыққа алып шыққан, түнді күндізге айналдырган, тіршілікке жан-жақты өсер еткен, өзекті өнертабыстың бірі – электр лампасы (217-сурет).

Радио

Адамзат тарихына өзіндік үлесін қосқан, әрбір үйге дүниежүзінің әр киырынан, сан алуан ақпарат жеткізіп және көтерінкі көңіл күй сыйлаған ерекше қондырғының бірі – радио.

ХХ г. басында пайда болған радио өз заманының революциясы секілді өсер етті (218-сурет).

Телевидение

Радионың арқасында адамның дауысы жан-жаққа таратылғаннан кейін, галымдар арасында дауыс сияқты бейнені де неге таратпасқа деген ой туындауды. Нәтижесінде, әрбір үйге бейнені қаз-қалпында көрсететін, болып жатқан жайттарды сол мезетте көрсете алатын телевидение өмірге келді (219-сурет).



219-сурет. ХХ ғасырдағы ең маңызды өнертабысы байланыс құралы – телевидение болды

Компьютер

Ең алғашқы компьютерді математикалық формулаларды есептеу маңса-тында 1645 жылы Блез Паскаль ойладап тапты десек, артық болмас.



220-сурет. Алғашқы компьютер



221-сурет. Алғашқы микроскоптар

Қазіргі компьютер – сандық автоматты мәшине. Алғашқы сандық автоматты мәшине ЭНИАК болды (220-сурет).

Микроскоп

Алғашқы микроскопты 1590 жылы көзілдірік жасаушы голландық Ханс Янссен және оның баласы Захария Янссен жасаган делінеді (221-сурет).

1665 жылы ағылшын Роберт Гук микроскопты құрастырып шығып, оны тәжірибеден өткізді. Зерттеу нәтижесінде «жасуша» үгімі ғылымга енді.

Антибиотиктер

1928 жылы Александр Флеминг пенициллинді ойлан тапты. Микроскоп арқылы зеңпің (көгеріп кету) ауру тудыратын микробтарды өлтіретіндігін байқады.

Рентгеннің ашылуы

1895 жылы физика ғылымдарының профессоры Вильгельм Конрад Рентген шыны тұтікте электр зарядымен тәжірибе жасап көрді. Нәтижесінде икс-сөулелерін ашты. Қазіргі кезде бұл сөулелерді Рентген түсірілімі ретінде кеңінен қолдануда.



222-сурет. Астрономиялық бақылаулар

Жердің планета екендігі анықталған түстегі жаңалықтар

Ұлы географиялық ашылулар, астрономияның дамуы және Николай Коперниктің зерттеулері Жердің өлшемі және әлем кеңістігі туралы көзқарастарды өзгертті (222-сурет).

Алғашқы гарышқа үшү

Адам баласы тұңғыш рет гарышқа 1961 жылы 12-сөуірде үшты (223-сурет). «Восток» гарышкемеси 327 км биіктікке көтерілді. Жердің тартылысы күшіне қарамастан, гарыштық кеңістікті бағындыруға батыл қадам жасалды. Тұңғыш гарышкер Юрий Алексеевич Гагарин – Байқоңыр гарыш айлагынан гарышқа үшты (224-сурет).



223-сурет. «Восток»
гарышкемесі



224-сурет. Юрий Гагарин –
дүниежүзіндегі ең алғашқы гарышкөр

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Фалым, экспериментатор, практикант деп кімдерді атайдыз?
2. Сен қандай ғылым саласымен айналысқың келеді? Не үшін?
3. Не себепті маңызды ғылыми өнертабыстарды «Әлемді өзгертукен үлы жаңалықтар» деп атайды?
4. Өз таңдауларың бойынша эссе жазыңдар. «Теледидарсыз дүние», «Ұялы телефонсыз бір күн».

§ 59. БОЛАШАҚТАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН КҮТИЛЕТІН ЖАҢАЛЫҚТАР



СЕНДЕР БІЛЕТІН
БОЛАШАҚТАР:

Болашақта қандай жаңалықтар мен
өнертабыстар ашылуы мүмкін?

СЕНДЕР
СИНЕСІНДЕР:
УИРЕНЕСІНДЕР:

Жаңа ашыулар мен өнертабыстардың маңызын
бағалау, оларды белгілі болған өнертабыстармен
салыстыру.

ЕСТЕРІНЕ
ТҮСІРІДЕР:

Ғылым ежелгі кезеңде қалай дамыды және
қазіргі уақытта қалай дамуда?

Робот
Робот
Robot

Ілгерілеу
Прогресс
Progress

Қазіргі кезде технологиялардың дамыған заманында өмір сүріп жатырымыз. Кешегі мен бүгінгінің арасында ғылым жетістіктері жылдам өзгеріп дамуда. Техника мен технология



225-сурет. Мұхитты зерттеуге арналған гимарат-кеме



226-сурет. Болашақтың роботы

қаншалықты жылдам пайда болса, сондай шапшаңдықпен ескіге айналуда.

Адамзат алға қадам басқан сайын техника да жаңаруда. Бір кездегі фантикалық идеялар шындыққа айналуда.

Мұхитты зерттейтін биік қабатты кеме

Францияда жоғары технологиямен қамтамасыз етілген биік қабатты алып кеме пайда болып, мұхиттардағы тіршілікті зерттеуге мүмкіншілік берді. Кеменің биіктігі 50 метр, сыртқы бейнесі суда тұрған биік гимаратқа ұқсайды. Қажетті энергияны күннің сөүлесінен, теңіз толқындарынан және желден алады (225-сурет).

Андроид-роботтар

Робот жасау техникасы жыл өткен сайын қарқынды дамып, күрделеніп келе жатыр. Олар өте күрделі қызметтерді орындаپ, адамның көсібін және эмоциясын меңгеруде (226-сурет).

Басқа планеталарды игеру. Марсқа билет

Басқа планеталарды игеру – адамдардың көп жылдан бері ойланыруды. 2022 жылы Марс планетасына алғашқы адамдар тобы ұшырылмақшы. Ұшу ұзақтығы – бір жыл (227-сурет).

Интернетке (галамтор) кіре алатын байланыс линзасы

Болашақта интернетке кіре алатын байланыс линзалары пайда болмақшы. Бұл қоңдырығының көмегімен алынған бейне көздің алдында жартылай көмексі светодиод арқылы көрінеді.

Телепатия

Адамзаттың келесі үлкен жетістігі 2030 жылы іске асатын телепатия. Қазіргі таңда зақымданған адамның миына микрочип орналастырылып, электронды хат жазуына, әртурлі бейне ойындарды ойнауына мүмкіншілік жасалуда (228-сурет).



227-сурет. Марстагы адамдардың мекени



228-сурет. Телепатия – ойды жеткізу феномены

Транспорт

Түеу, су және теміржол көлігімен жолаушы тасымалдау жүйесінде инновациялық өнертабыстар пайда болады (229-сурет).

**Суасты қаласы**

Ежелгі адамдар мұхитты тұнып тұрган жұмбақ деп есептеді. Қазіргі кезде мұхит туралы көзқарасымыз біршама кеңейгенімен, әлі де болса жұмбақ жақтары жеткілікті. Осы мақсатта автономды суасты қалалары салынбақшы (230-сурет).

**Үйдегі «бейбіт атом»**

2008 жылы америкалық компания «бақшадағы демалыс орындығынан» кіші ядролық реакторды ойнап шығарды. Бұл реактордың 20 000 үйді энергиямен қамтамасыз етуге шамасы жетеді. Бірақ өзірше күнделікті өмірде қолданысқа ие болған жоқ (231-сурет).



230-сурет. Суасты қаласының жобасы



231-сурет. Атом электрстансысы

Қауіпті климаттық құбылыстыарды ретке келтіру және бақылау

Словениялық ғалым Йозеф Солк дауылға бақылау жасайтын әдісті ойнап шығарды. Дауылдың күшін азайту үшін оның ортасына теңіз суын құю ұсынылды. Бұл зерттеудердің болашагы зор. Себебі дауыл экономикага және адамдарға үлкен зардабын тигізеді (232-сурет).



232-сурет. Дауылды зерттеуге арналған заманауи техника

Кез келген сұйықтықтан ауызсу алу

Фылымда кез келген суды тұщыландыру жобасы пайда болды. Заманауи технология кез келген сұйықтықты, соның ішінде, теңіз суларын таза суга айландаира алады (233-сурет).



233-сурет. Ауадан су жинайтын жүйе

**Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Жаңа өнертабыстар мен технология не үшін қажет?
2. Жаңа технология сендердің өмірлеріне қандай өзгеріс енгізді?
3. «Болашақтың технологиясы» дегенді қалай түсінесіндер?
4. Қоршаған ортаны қорғауда жаңа технологиялардың рөлі қандай?

§ 60. АЛДАҒЫ УАҚЫТТА ДУНИЕНІ ӨЗГЕРТЕТИН, 20 ЖЫЛ ҚӨЛЕМІНДЕ ІСКЕ ҚОСЫЛАТЫН ӨНЕРТАБЫСТАР

СЕНДЕР ВІЛЕТІНІ:
СЕНДЕР ВІЛЕТІНІ:
БОЛАШАҚТАҒЫ:

Адамзаттың қандай жетістіктері болашақтағы дүниені өзгертуі мүмкін?

СЕНДЕР ВІЛЕТІНІ:
СЕНДЕР ВІЛЕТІНІ:
ҮЙРЕНЕСІСТЕР:

Өз ғылыми тұжырымынды қалыптастыр.

ЕСТЕР НЕ
ТҮСІРІНДЕР:

Ғылымсыз қоғам дами алмайды.



**Биоотын
Биотопливо
Biofuel**

**Технология
Технология
Technology**

Дүниежүзінің көптеген ғалымдары техникада, білімде, байланыста, коммуникацияда және т.б. салаларда инновациялық жұмыстармен айналысып, ғылымды жаңа деңгейге көтеруге

тырысуда. Бұл жаңалықтар алдағы онжылдықтарда дүниені жақсы жағына қарай түбекейлі өзгертуі мүмкін. Олармен танысып көрейік.

1. Жердің табиғи серігі Айдағы стансы. Стансыны роботтар құрастырып, болашақтың қызметкерлері де солар болады (234-сурет).



234-сурет. Ай стансысы

2. 17 мемлекеттің аумағы арқылы жоғары жылдамдықпен қозғалатын теміржол желісі. Мақсаты Азия мен Еуропаны жалғастыру.

3. Автопилоты бар үшатын автомобиль.

4. Кез келген адамның гарышқа саяхат жасауы. 2020 жылы жерді гарыштан қарауга жол ашылады.

5. Биоотынды жан-жақты қолдану. Адамдарга мұнайдың қажеті болмайды.

6. Ми арқылы команда берілетін технология. Адамдарга телефонды, компьютердерді немесе түрмистық электрлі қондырғыларды қолмен басқаруга деген қажеттілік болмайды. Жобаны іске қосу үшін адамның миына имплантат (арнайы чип) орнатылады.

7. Багалы идеяларды ойластыратын жасанды интеллект.

8. Аккумуляторлар аяу арқылы зарядталады.

9. Инновациялық жылтыу. Адамдағы, түрмистық техникадагы артық энергияны пайдалану және т.б.

10. Ақылды және қауіпсіз қала.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Болашақ өнертабыстар туралы достарыңмен ой болісіңдер. Шынымен болуы мүмкін ба? Осындай өзгерістер кезеңінде өмір сүріп жағымыз ба? Қорытынды шығарыңдар.

2. Сендердің ойларыңша, адамзатқа қандай өнертабыстар мен ғылымның жетістіктері қажет?

ЖАС ТАБИФАТТАНУШЫНЫң СӨЗДІГІ

A

Абсолюттік биіктік – теңіз деңгейінен есептегендегі биіктік (Балтық теңізінің деңгейімен есептелген).

Абсолютті максимум – ең жоғары метеорологиялық көрсеткіш (температура, ылғалдылық, желдің жылдамдығы, бұлттылық).

Абсолютті минимум – ең төменгі метеорологиялық көрсеткіш.

Агломерация – елді мекендердің қалалық типінің шоғырлануы.

Азимут – берілген нүктенің аралығындағы бұрыш. Сагат тілімен 0°-тан 360°-қа дейін.

Акклиматизация – тірі ағзалардың жаңа табиги ортага бейімделуі.

Акустика – физиканың дыбыс құбылыстарын зерттейтін бөлімі.

Анемометр – желдің жылдамдығын анықтайтын құрал.

Арал – жан-жагын су қоршаган құрлықтың кішігірім бөлігі.

Арасан – түрлі ауруларды емдейтін минералды жылы су.

Ареал – жануарлар мен өсімдіктер түрінің, құрлықта не судагы мекен ортасы.

Арктика – Жер шарының қызыр солтустігіндегі табиги-географиялық аймақ.

Архипелаг – бір-біріне жақын орналасқан аралдар тобы.

Астероид – Күн жүйесіндегі кіші денелер, кішігірім планеталар.

Астрономия – аспан денелерін зерттейтін ғылым. Мысалы, жұлдыз, астероид және планеталар.

Астронавт – (грек тілінде *nautes* – теңізде жүзуші) гарышкермен тең үгым.

Атмосфера – Жер, Күн, жұлдыз сияқты аспан денелерін қоршап тұрған газдың қабық.

Атмосфералық қысым – жер бетіне түсетін атмосфералық ауаның түсіретін қысымы.

Ауа массасы – біртекті қасиеті бар (температура, ылғалдылық, мөлдірлік және т. б.) ауа ағымы.

Аэрозоль – сұйық және қатты заттардың ауадағы кішкене бөлшегі.

B

Барометр – қысымды өлшектін құрал.

Биология – жердегі тіршіліктің пайда болуы мен даму заңдылықтарын зерттейтін ғылым.

Биосфера – Жер планетасының қабығы.

Биоценоз – құрлықтың, судың белгілі бір бөлігін мекендейтін өсімдіктер мен жануарлардың микроагзалар мен саңырауқұлақтардың жиынтығы.

Ботаника – өсімдіктер дүниесін зерттейтін ғылым.

Войлық – Гринвич меридианынан батысқа немесе шығысқа қарай градус-пен есептелетін қашықтық.

Браконьерлік – заңсыз, рұқсатсыз аң, құс, балық аулаушылық.

Буланышылық – температуралың әсерінен сұйықтың газ күйіне айналуы.

Бұлт – атмосферадағы су буының және өте ұсақ мұз кристалының жиынтығы.

B

Вакуум – Бос кеңістік, ауасыз қуыс.

Г

Геоботаника – жер бетіндегі өсімдіктер жамылғысын, оның таралу заңдылығын зерттейтін жаратылыстану және қоғамдық-әлеуметтік ғылым.

География – Жердің географиялық қабығын, табиги, аумақтық-өндірістік және әлеуметтік-аумақтық кешендерін құрайтын заңдылықтарды зерттейтін ғылым.

Географиялық карта – тегіс қағаз бетіне белгілі бір масштабта және шартты белгілерімен түсірілген жер бетінің кішірейтілген кескіні.

Гербицидтер – арамшөптерді жоюға арналған химиялық зат, қоспа.

Гигрометр – ылғалдылықты өлшейтін құрал.

Гидросфера – Жердің су қабығы.

Глобус – Жердің кішірейтілген моделі.

Горизонталь – картадағы бірдей абсолюттік биіктіктердің арасын біріктіріп қысық сыйық.

Гумус – өсімдіктер мен жануарлар қалдықтарының ыдырауының әсерінен пайда болатын қарашірік.

F

Фаламшар – қатты жыныстар мен газдан туратын өз осінен және Күнді айналатын шар тәрізді үлкен дене.

Фарыш кеңістігіндегі денелер – жұлдыз, галамшар, комета, метеор және т.б.

Д

Деградация – табиги ортаның біртіндеп қолайсыз табигат жағдайына қарай өзгеруі.

Дендрарий (дендропарк) – ағаш түрлерін қолдан отыргызып күтетін аумак.
Дене – белгілі бір қолемі бар кез келген физикалық нысан.

Ж

Жануарлар – органикалық заттармен қоректенетін тірі ағзалар.
Жаратылыстар – табигаттану туралы білімдердің жиынтығы.
Жел – аяу массасының жерге қолденең бағытта қозгалуы.
Жылдамдық – белгілі бір нысандың қашшалықты қозгалатынын көрсетін шама.
Жайылма – өзен суларының толысу кезіндегі су басқан аринасы.
Жұлдыз – өзінен жарық беліп шыгаратын гарыштық дене.
Жер сілкінісі – жер қыртысының ішкі күштердің өсерінен тербеліске түсүі.
Жер қыртысы – жердің үстіндегі қатты қабаты.

Е

Ендік – экватордан оңтүстікке және солтүстікке қарай градуспен есептелетін қашықтық.

З

Зоология – жануарлар туралы ғылым.
Зоогеография – жануарлардың таралуын зерттейтін ғылым.

И

Ихтиофауна – су қоймаларындағы балықтардың түрлері.
Ихтиология – балықтарды зерттейтін ғылым.

К

Климат – көпжылдық аяу райының режимі.
Климатология – Жердің климат ерекшелігін зерттейтін ғылым.
Комета – гарыштық кеңістіктегі аспан денесі.
Конденсация – судың газ күйінен сұйық күйге ауысуы.
Көл – жер бетінде табиғи ойыстарға жиналған су.
Күш – денені қозгалысқа түсіретін шама.
Күн жүйесі – Күн және оны айнала қозгалып жүрген гарыштық денелер.

Қ

Қорық – шаруашылық түрлеріне тыйым салынған ерекше қоргалатын аймақ.

Корықша – жануарлар мен өсімдіктердің азайған түрі қоргалатын аймақ.
Куаңшылық – ұзақ уақытқа созылған құрғақ ауа райы.
Қоспа – әртүрлі табиғи элементтердің химиялық жолмен қосылған зат.
Қайнай температурасы – сұйықтың буга айналу температурасы (+1000).
Қату температурасы – сұйықтың қатты денеге айналу температурасы (0°).

Л

Лава – жанартау атқылауынан жер бетіне шығып, еріп-балқып жатқан қоймалжың масса.

Литосфера – Жердің беткі қатты қабығы.

Ластану – қоршаган ортага зиянды газдар мен заттардың жинақталуы.

М

Магма – Жер қойнауында еріп-балқып жатқан тау жынысы.

Масштаб – картадағы жердің белгілі бір нүктелер аралығында қашықтықтың кішірейтілген өлшемі.

Материк – айналасын мұхит және теңіз сулары қоршап жатқан құрлықтың ең үлкен болігі.

Меридиан – бір полюстен екінші полюске қарай шартты түрде жүргізілген сыйық.

Метеорология – атмосфералық құбылыстарды зерттейтін ғылым.

Микроскоп – кішкентай заттарды ұлкейтіп көрсететін құрал.

Мониторинг – белгілі бір нысандар мен құбылыстарды бақылау жүйесі.

Муссон – тұрақты желдің түрі. Жазда мұхиттан материкке, қыста материктен мұхитқа согатын жел.

Малшаруашылығы – ауылшаруашылық немесе бағалы терісі бар жануарлар түрін бағу.

Мұздық – құрлық үстінен жинақталған мұз.

Мұхит – айналасын материктер қоршап жатқан ең үлкен су қоймасы.

О

Оазис – ыстық шөлді аймақтарда суармалы жағдайда ағаш өсіп тұрған және егін егілген жерлер.

Оптика – жарық құбылыстарын зерттейтін ғылым.

Орбита – планеталардың, планета серіктерінің айналып жүретін жолы.

Орнитолог – құстарды зерттейтін галым.

Орман – бір немесе бірнеше тұрден тұратын және бір-біріне жақын өскен табиғи кешен.

Ойнат – абсолюттік биіктігі 200 м-ге дейінгі жазық.

Оңтүстік полюс – Жердің оңтүстік осі.

Оңтүстік поляр сызығы – экватордан $66^{\circ}30'$ оңтүстіктен шартты түрде жүргізілген сызық.

Ө

Өзен алабы – өзен және оған келіп құттын салаларымен қоса есептегендеге алып жатқан аумақтың ауданы.

П

Параллель – Жер бетінің шартты түрде экваторга параллель жүргізілген сызықтар.

Р

Реликті жануар – (лат. *relictus* – қалдық) жануарлардың ежелден сақталып қалған бір түрі. Реликті өсімдіктер де кездеседі.

С

Сарқырама – биіктен төмен қарай құлай аққан су.

Сонар – ультрадыбыс шыгаратын толқындардың жаңғырығы арқылы суастындағы денелерді табуга арналған құрал.

Т

Тау жынысы – бір немесе бірнеше минералдар қоспасынан тұратын табиги зат.

Таулар – жазықпен салыстырғанда биіктеу көтерілген құзды беткейлері бар жер бедері.

Таулы қырат – тау жоталары мен жазық жерлерден тұратын үлкен таулы аймақ.

Табиги ресурс – адамның пайдасына жарайтын табиги құбылыстар мен нысандар.

Телескоп – алыстагы денелерді көруге арналған үлкейткіш линзасы бар дүрбі.

Температура – белгілі бір деңе немесе заттың қаншалықты ыстық немесе сұқыттығының шамасы.

Термометр – температураны өлшейтін құрал.

Топырак – Жердің үстіндегі құнарлы қабаты.

Y

Үйкеліс – қозғалысқа түскен кез келген дененің жылдамдығын тежейтін күш.

Ф

Фаренгейт – судың қату температурасы +32 градус, ал қайнау температурасы +212 градус деп есепке алынған температуралық шкала және оның авторы.

Физика – материя және энергия туралы ғылым.

Фокус – линза немесе қисық айна сәулелерінің бір жерге түйіскен нүктесі.

X

Хайванаттар бағы – сиреп бара жатқан және жойылып бара жатқан жаңуарлар түрін өсіріп-багатын арнайы аймақ.

Химия – заттардың түрлерін зерттейтін ғылым.

Химиялық реакция – әртүрлі заттар атомының бірігуі нәтижесінде жаңа заттың пайда болуына әсер еткен үдеріс.

Хлорофилл – өсімдік жапырақтарына жасыл тұс беретін химиялық қосылыс. Ол фотосинтездің түзілуіне қажет.

Ц

Цельсий – таза судың қату температурасы 0 градус, ал қайнау температурасы 100 градустық есепке алудың температуралық шкаласы және оның авторы.

Цунами – жер сілкінуден пайда болатын сұрапыл толқын.

III

Шөл – өсімдік жамылғысына тапшы, жауын-шашын аз түсетін табигат зонасы.

Шалғын – әртүрлі көпжылдық өсімдіктері қаулап өсетін құрлықтың бір бөлігі.

Шикі мұнай – өндемеген, жер қойнауынан өндірілген мұнай.

Шығанақ – құрлыққа сұғына енген көл, теңіз, мұхит суларының бір бөлігі.

Шұңғыма – мұхиттардың ең терең жері.

Э

Экватор – Жердің дәл ортасынан 0° деп алып шартты турде жүргізілген сызық.

Эрозия – жел, су, мұздықтардың әсерінен Жер бедерінің бұзылып, шайылуы.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Азбука природы. Более 1000 вопросов и ответов о нашей планете, ее растительности и животном мире. – М., 1997 г.
2. Самин Д.К. 100 великих ученых. – М., 2004 г.
3. Веселовский И., Белый Ю. Николай Коперник. – М., 2001 г.
4. Энциклопедия для детей. Космонавтика. – М., 2004 г.
5. Энциклопедия для детей. География. – М., 1999 г.
6. Справочник школьника. 5-7 классы. – М., 2000 г.
7. Ковшарь А.Ф., Ковшарь В.А., Грачев Ю.А., Темирханов С.Р., Дүйсебаева Т.Н. Позвоночные животные Казахстана. Справочник для вузов и школ. – Алматы., 2013 г.
8. Позвоночные животные. По страницам Красной книги Казахстана. – Алматы, 2004 г.
9. Биология. Энциклопедия для детей. В двух томах. М., 1999 г.
10. Естествознание. Энциклопедический словарь. – М., 2002 г.
11. Растительный мир Казахстана. Иллюстрированная энциклопедия. – Алматы, 2003 г.
12. Энциклопедия для детей. Экология. Т. 19. – М., 2005 г.
13. Энциклопедия для детей. Химия. – М., 2004 г.
14. Энциклопедия. Знаешь ли ты? – Алматы, 2013 г.
15. Энциклопедия. Атлас Земли. – М., 2013 г.
16. Биология. 4 томдық. 2 том. Ботаника. – М., 2012 г.
17. Билич Г.Л. Биология. 3 том. Зоология. – М., 2012 г.
18. Ковшарь А.Ф., Ковшарь В.А., Грачев Ю.А., Темирханов С.Р., Дүйсебаева Т.Н. Животный мир Казахстана. Энциклопедия. – Алматы, 2009 г.
19. Перельман Я.И. Занимательная астрономия. – М., 2012 г.
20. Эми Б. Млекопитающие. Энциклопедия. – М., 2013 г.
21. Казенас В.Л. Насекомые. Энциклопедия. – Алматы, 2010 г.
22. Корбей Ж.К. Энциклопедия. Новый визуальный энциклопедический словарь. – М., 2012 г.
23. Энциклопедия. Планета Земля. – М., 2013 г.
24. Аликберова Л.Ю. Полезная химия. – М., 2008 г.
25. Шарф К. Ошибка Коперника: загадка жизни во Вселенной. – М., 2015 г.
26. Николас Б. Энциклопедия. Царство животных. – М., 2014 г.
27. Энциклопедия. Царство животных. Амфибии – М., 2015 г.
28. Энциклопедия. Царство животных. Рептилии – М., 2015 г.
29. Абдиманапов Б. Ш. Словарь-справочник географических понятий и терминов. – Алматы, 2014.

Пайдаланылған интернет-ресурстар

1. <http://www.sciam.ru/>, Ай сайын шығатын ғылыми-ақпараттық журнал «Фылым әлемінде».
2. <http://www.sciam.ru/other/katalog-kosmos/> «Фарыш» каталогы.
3. <http://www.discover-journal.ru/> «Фылыми жаңалықтар әлемінде».
4. <http://www.uapb.com.ua/> Жер және бүкіл әлем. Танымдық ресурс.
5. <http://www.900igr.net/kartinka/okruzhajuschij-mir/ljudi-zemli-i-neba-252064/> Адамдар. Жер. Аспан.
6. <http://www.otherreferats.allbest.ru/chemistry/> Заттар және материалдар.
7. http://www.infourok.ru/chistye_veschestva-i-smesi-sposoby-ochistki-veschestv/ Таза заттар және қоспалар.
8. <http://www.900igr.net/prezentacija/informatika/informatsija-i-informatsionnye-protessy-v-zhivoy-i-nezhivoj-prirode/> Таза және өлі табиғаттардағы ақпаратты үрдістер.
9. <http://www.xn8sbiecm6bhdx8i.xnp1ai/html/> Табиғат нысандары. Типі және өлі табиғат.
10. http://www.go.mail.ru/search_images/ Таза және өлі табиғаттардағы ақпаратты үрдістер.
11. <http://www.go.mail.ru/search/> Энергия және қозғалыс.
12. <http://www.ru.wikipedia.org/wiki/> Энергия.
13. <http://www.ru.wikipedia.org/wiki/> Экология және тұрақты даму.
14. http://www.go.mail.ru/search_images Экология және тұрақты даму.
15. <http://www.marsiada.ru/357/465/728/487/> Әлемді өзгерткен өнертабыстар.
16. http://www.go.mail.ru/search_images/ Әлемді өзгерткен жаңалықтар.

МАЗМУНЫ

Құрметті жас достар..... 3

I бөлім. ФЫЛЫМ ӨЛЕМІ

§ 1. Қоршаған дүниені танып білудегі ғылымның рөлі	5
§ 2. Табиғатты бақылау және өлшем жүргізу.....	9
§ 3. Бақылауды өндөу және сараптау.....	12

II бөлім. ФАЛАМ. ЖЕР. АДАМ

§ 4. Жұлдызды аспан.....	15
§ 5. Күн және Күн жүйесі	18
§ 6. Жер – біздің планетамыз. Пішіні, өлшемі және қозғалысы	22
§ 7. Біздің планетамыз қалай пайда болды?	25
§ 8. Жердің құрылышы және оның қабықтары	29
§ 9. Жердегі тіршіліктің пайда болуы.....	32
§ 10. Картадан – жергілікті жердің планына дейін	35
§ 11. Шартты белгілер	38
§ 12. Үлескінің полярлық (нысаналау) және маршруттық (айналып жүру) түсірілімі.....	40
§ 13. Материктер мен аралдар	42
§ 14. Мұхиттардың зерттелуі.....	46
§ 15. Адамдардың Жер бетіне таралып орналасуы	50
§ 16. Жер бетіндегі нәсілдер.....	53

III бөлім. ЗАТТАР ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДАР

§ 17. Физикалық дене. Зат. Масса	57
§ 18. Заттардың құрылышы және диффузия.....	60
§ 19. Заттардың қасиеті.....	62
§ 20. Таза заттар және қоспалар	68
§ 21. Еритін және ерімейтін заттар	72
§ 22. Табиғи және жасанды заттар	78
§ 23. Біздің өміріміздегі синтетикалық материалдар. Оның қолданылуы мен қауіпсіздік ережелері	80

§ 24. Табиғат құбылыстарының көптүрлілігі.....	83
§ 25. Физикалық және химиялық құбылыстар өлемінде	87
§ 26. Жарық шығару құбылыстары.....	90
§ 27. Жылу құбылыстары	92
§ 28. Дыбыстық құбылыстар	94
§ 29. Электрлік және магниттік құбылыстар	96
§ 30. Табиғаттағы күштер	101

IV бөлім. ТІРІ ЖӘНЕ ӨЛІ ТАБИҒАТТАҒЫ ҮДЕРІСТЕР

§ 31. Табиғаттағы зат айналымы.....	105
§ 32. Таулардың түзілуі (пайда болуы)	108
§ 33. Тау жыныстарының үгілуі	110
§ 34. Аяу райы және климат	114
§ 35. Табиғаттағы қауіпті құбылыстар.....	117
§ 36. Tipi ағзалардың қасиеті	120
§ 37. Tipi ағзалардың үйымдасу деңгейі	123
§ 38. Өсімдік тіршілігіндегі фотосинтездің рөлі.....	128

V бөлім. ЭНЕРГИЯ ЖӘНЕ ҚОЗҒАЛЫС

§ 39. Энергияның түрлері мен пайда болу көздері.....	133
§ 40. Энергияның өзара түрленуі	137
§ 41. Баламалы энергия көздері.....	139
§ 42. Энергияны тиімді пайдалану және қауіпсіздік.....	141
§ 43. Табиғаттағы қозғалыс.....	146
§ 44. Тепе-теңдік	150

VI бөлім. ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТУРАҚТЫ ДАМУ

§ 45. Экологиялық жүйе	153
§ 46. Табиғи және жасанды экожүйелер	156
§ 47. Экожүйенің тіршілігіне өсер етуші факторлар	159
§ 48. Tipi планета	162
§ 49. Жануарлардың көптүрлілігі	164
§ 50. Жануарлар арасындағы қарым-қатынас	166
§ 51. Өсімдіктердің көптүрлілігі және олардың рөлі	169
§ 52. Саңырауқұлақтар мен микроағзалар	171
§ 53. Адамның іс-әрекетінен табиғи экожүйенің өзгеруі	173

§ 54. Қазақстанның экологиялық мәселелері.....	175
§ 55. Табиғатты қалай қорғаймыз?	178
§ 56. Қазақстанның Қызыл кітабы	180
§ 57. Табиғатта жүріп-тұру қағидасы	184

VII бөлім . ФЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҚТАРДЫҢ АШЫЛУЫ

§ 58. Өлемдегі ғылыми жаңалықтар	187
§ 59. Болашақтарғы жаңа технологиялар мен күтілетін жаңалықтар	191
§ 60. Алдағы уақытта дүниені өзгертеретін, 20 жыл көлемінде іске қосылатын өнертabyстар	194
 Жас табиғаттанушының сөздігі	196
Пайдаланылған әдебиеттер.....	202
Пайдаланылған интернет-ресурстар	203

Оқу басылымы

Әбдіманапов Бахадурхан Шарипұлы
Әбілғазиев Андрей Үбайдуллаұлы

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ

Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына ариалған оқулық

Редакторы *Y. Зәуірбекова*
Көркемдеуші редакторы *H. Тлеумбеков*
Техникалық редакторы *Y. Рысалиева*
Фотографтары *O. Белялов, A. Kovshar, A. Устиненко*
Корректоры *L. Тоқалова*
Компьютерде беттеген *Э. Омарова*

ИБ № 038

Теруге 12.02.2017 берілді. Басуға 22.06.2017 қол қойылды. Пішімі 70x100 ^{1/16}.
Офсеттік басылым. Оффсеттік қағаз. Шартты баспа табагы 16,9. Есентік баспа табагы 14,31.
Таралымы 120 000 дана. Тапсырыс № 2495.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС. 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.